

**«Павлодар қаласының Мәшһүр Жүсіп атындағы ЖОББМ» КММ  
Өзін-өзі бағалау нәтижесі бойынша талдауы.**

**Талдау кезеңі: 2022-2024 оқу жылдары**

**Анықтама 2024-2025 оқу жылының 01 қарашасына дейінгі кезеңді қамтиды**

Мектептің өзін-өзі бағалау жөніндегі аттестаттау комиссиясы педагогикалық ұжымның оқу-тәрбие және ғылыми-әдістемелік жұмысының нәтижелілігіне талдау жүргізді. Өзін-өзі бағалау материалдарының қорытынды талдауы 2022-2024 оқу жылдарындағы "Павлодар қаласының Мәшһүр Жүсіп атындағы жалпы орта білім беру мектебі" КММ қызметін көрсететін негізгі бағыттары бойынша жасалды.

**Мазмұны**

**I. «Павлодар қаласының Мәшһүр Жүсіп атындағы ЖОББМ» КММ жалпы сипаттамасы**

**II. Жұмыс оқу жоспары**

**III. Контингент**

**IV. ЖММС орындауға бағытталған оқу қызметінің нәтижелерін талдау**

**V. Инклюзивті оқушыларды, үйде оқыту бойынша ақпарат**

**VI. Кадрлық қамтамасыз етуді талдау. Нәтижелілік**

1. Педагогтердің сандық құрамы

2. Жас бойынша педагог кадрлардың сапалық құрамы

3. Білім беру бойынша педагог кадрлардың сапалық құрамы

4. Еңбек өтілі бойынша педагог кадрлардың сапалық құрамы

5. Ғылыми / академиялық дәрежесі бар педагогтердің үлесі

6. Біліктілік санаттары бойынша педагогтердің сапалық құрамы

7. Жоғары, бірінші санатты педагогтардың, педагог - шеберлердің, зерттеушілер мен сарапшылардың үлесі

8. Жас мамандардың үлесі

9. Әдістемелік тақырып бойынша жұмыс барысында мұғалімдердің біліктілігін арттыру

10. Курстық дайындықты ұйымдастыру арқылы мұғалімнің біліктілігін арттыру

11. Жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық және республикалық пәндік олимпиадалар

**VII. Тәрбие жұмысының іске асырылуын талдау**

**VIII. Білім беру қатынастарына қатысушылардың психологиялық-педагогикалық қолдауын талдау.**

**IX. Материалдардың өзін-өзі бағалауы**

**I. «ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНЫҢ МӘШҺҮР ЖҮСІП АТЫНДАҒЫ ЖОББМ» КММ  
ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ**

<b>Білім беру ұйымының толық атауы:</b>	Павлодар қаласы білім бөлімінің, Павлодар облысы білім басқармасының «Павлодар қаласының Мәшһүр Жүсіп атындағы жалпы орта білім беру мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі
<b>Мектептің мекенжайы</b>	Қазақстан Республикасы, 140002, Павлодар қаласы, Камзин көшесі, 62/1.
<b>Мектеп негізі қаланған жыл</b>	1 қыркүйек 1982 жыл
<b>Мемлекеттік мекеменің түрі:</b>	Павлодар облысы әкімінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы №276/5 қаулысы коммуналдық мемлекеттік мекеме мәртебесін алды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылы 13-қыркүйектегі №685 «Павлодар облысының кейбір білім беру ұйымдарына есімдер беру және атауын өзгерту туралы» қаулысына сәйкес мектепке Мәшһүр Жүсіп есімі берілді.
<b>Бағыты:</b>	Жалпы білім беру мектебі
<b>Мектеп басшысы</b>	Бекбаева Айнур Тлегеновна

<b>Электрондық мекен-жайы:</b>	m.zhusup.pvl@mail.ru Телефон 8(7182) 22 88 23
<b>Білім ұйымының сайты:</b>	<a href="https://goo.edu.kz/index/fromorg/32?lang=ru">https://goo.edu.kz/index/fromorg/32?lang=ru</a>
<b>Мектептің жобалық қуаты</b>	1050 орын
<b>Жалпы көлемі</b>	Ғимарат – 7320,2 , үш қабатты, типтік Жер телімі – 2,8353 га
<b>Бос алаңдар</b>	жоқ
<b>Контингенті</b>	891 оқушы: 1-4 сыныптар – 370; 5-9 сыныптар - 395; 10-11 сыныптар -126.
<b>Тіл бойынша сыныптар</b>	қазақша – 891 оқу
<b>Оқушылардың сабақ режимі</b>	Мектеп 2 ауысымда жұмыс істейді: 1 ауысым – 587 (24сынып:1,4,7-11), 2 ауысым – 304 (13 сынып :2,3,5,6) 1-11 сыныптар - бес күндік оқыту жүргізіледі. Жалпы 37 сынып-жиынтық, барлығы мемлекеттік тілде оқытылады, сыныптағы толықтығы 24,5. Сабақтың ұзақтығы - 45 минут. Сабақтың басталуы 1-ауысымда сағат 8.00-де, 2-ауысымда сағат 14.00-де. 1-11 сынып оқушылары үшін 5 күндік оқу аптасы қарастырылған.
<b>Оқушыларды қабылдау тәртібі</b>	Мектеп автоматтандырылған жүйе арқылы дайындық деңгейіне қарамастан алты жастан бастап балаларды бірінші сыныпқа қабылдауды білім туралы заңнамаға сәйкес E-gov.kz арқылы қамтамасыз етеді. Қабылдау басшының бұйрығымен оқушылардың ата – аналарының (немесе өзге де заңды өкілдерінің) белгіленген үлгідегі медициналық анықтамасы, туу туралы куәлігі немесе жеке куәлігі, көлемі 3x4 см фотосуреті-2 дана қоса берілген жазбаша өтініші негізінде ресімделеді. Әкімшілік оқуға түсушіні, оның ата-анасын (заңды өкілдерін) мекемеге қабылдау ережелерімен, сондай-ақ жарғымен және білім беру процесін ұйымдастыруды реттейтін басқа құжаттармен таныстырады. Екі жақты келісім шартқа отырады
<b>Материалдық базасы</b>	1. Оқу кабинеттері – 38 оның ішінде 2. Лабораториялар -2 3.Компьютерлік кабинеттер – 2 4. Лингофон- мультимедиялық кабинет -1 5. Спорт залы - 286 кв.м. 6. Акт залы -120 орын 7. Асхана - 180 орын 8. Оқу залы бар кітапхана (88 кв.м.) 10 отыратын орын 9. Медициналық кабинет- 1 10. Емшара бөлмесі – 1 11.Психолог кабинеті - 1 12. Әдістемелік кабинеті - 1 13. ДООТЖ кабинеті – 2 14. Металл, ағаш өңдеу шеберханасы – 1 15. Еңбек қызметі кабинеті – 1 16. Робототехника кабинеті – 1 17. Шахмат кабинеті – 1 18. Бизнес кабинеті- 1 19.Домбыра кабинеті -1 20.Этнографиялық мұражай -1 21. Биология кабинеті үшін жабдықтар мен жиһаздар жиынтығы, сатып алынған жылы, саны/жылы – 1/2020ж.

	<p>22. Химия кабинеті үшін жабдықтар мен жиһаздар жиынтығы, сатып алынған жылы, саны/жылы - 1/2012 ж.</p> <p>23. Физика кабинеті үшін жабдықтар мен жиһаздар жиынтығы, сатып алынған жылы, саны/жылы - 1/2010ж.</p> <p>Интербелсенді тақта – 18</p> <p>Интербелсенді панель – 4</p> <p>Компьютер/моноблок – 205/30</p> <p>Ноутбук – 143</p> <p>Планшеттер - 15</p> <p>Принтер - 30</p> <p>Проектор - 4</p> <p>Тачпанель - 4</p> <p>Конференс жүйесі -</p> <p>Жалпы кітап қоры – 51 712 дана.</p> <p>Мемлекеттік тілде – 33 872 дана.</p>
<b>Педагогикалық ұжымның сапалық құрамы</b>	<p>Мұғалімдердің жалпы саны-80</p> <p>Соның ішінде:</p> <p>Мұғалім-шебер- 0 (үлесі - 0%)</p> <p>Мұғалім-зерттеуші – 42 (үлесі – 53%)</p> <p>Мұғалім-сарапшы – 16 (үлесі - 20%)</p> <p>Мұғалім-модератор – 13 (үлесі – 16%)</p> <p>Санатсыз- 5 (үлесі – 7%)</p> <p>Жоғары – 2 (үлесі - 2%)</p> <p>Бірінші – 2 (үлесі - 2%) )</p>
<b>Оқушылардың тамақтануы туралы мағлұмат</b>	<p>Ыстық тамақпен оқушы қамтылған 625 (70%)</p> <p>Тегін тамақпен 390 (44%), оның ішінде:</p> <p>- 370 (100%) оқушы 1- 4 сынып (бюджет);</p> <p>- 1 (100%) жетім балалар, АҚБ балалар, көп балалы және аз қамтамасыз етілген отбасылардың балалары (бюджет).</p>
<b>Мектепті қаржыландыру</b>	<p>2022- 519 446,00 тенге</p> <p>2023- 534 606,0 тенге</p> <p>2024 – 617 843 000 тенге</p>
<b>Негізгі құралдарды сатып алу</b>	<p><b>2022 жыл-</b> Коворкинг (кітапхана жиһазы) -605 920 тенге.</p> <p>Дәл осы жылы, «Заманауи мектеп» жобасы аясында жергілікті бюджеттен бөлінген 334 660 094,50 тенгеге мектептің спорт алаңы мен футбол алаңына, мектептің қоршауы мен мектеп айналасын жарықтандыру жұмысына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.</p> <p><b>2023 жылы—</b> жан басына шаққандағы қаржыландыру қаражаты есебінен 31 460,00 мың теңгеге мектептің материалдық- техникалық базасы нығайтылып, ағымдағы жөндеу жұмыстары жасалды:</p> <p>7 372,00 мың теңгеге мектептің екінші және үшінші қабатының терезелері ауыстырылды;</p> <p>10 336,00 теңгеге мектеп асханасына жаңадан жиһаз алынды;</p> <p>521,0 теңгеге мұғалімдер бөлмесіне орындықтар;</p> <p>ролл шторы - 636,7 теңге;</p> <p>субұрқақтарын орнату - 409,0 теңге;</p> <p>тактильді жолдар - 467,0 теңге;</p> <p>спорттық тауарлар - 638,5 теңге;</p> <p>музыкалық аппаратура 594,4 теңге.</p> <p><b>2024 жылы—</b> жан басына шаққандағы қаржыландыру қаражаты есебінен 63 375,00 мың теңгеге мектептің материалдық- техникалық базасы нығайтылып, ағымдағы жөндеу жұмыстары жасалды:</p> <p>- Ғимаратты күтіп ұстау және қызмет көрсетуге – 8 041,000 мың теңге;</p> <p>-Шатырды ағымдағы жөндеу - 8 176,7 мың теңге (4 177,0 негізгі.+ 3999,9</p>

	<p>қосымша келісім);</p> <p>-Кабинеттерді ағымдағы жөндеу - 3 345,3 мың теңге;</p> <p>-Терезелерді ағымдағы жөндеу – 5 888,0 мың теңге (2888,0 негізгі.+2000,0 қосымша келісім);</p> <p>-1 -қабаттағы сантарлық бөлмелерді ағымдағы жөндеу - 3 708,0 мың теңге;</p> <p>-2-қабаттағы жуынатын бөлмелерді, киім ауыстыратын бөлмелерді, душтарды ағымдағы жөндеу - 7 770,0 мың теңге;</p> <p>-3- қабаттағы санитарлық бөлмелерді ағымдағы жөндеу - 7 888,8 мың теңге;</p> <p>1 қабатты ағымдағы жөндеу - 6 825,0 мың теңге + 6 299,9 мың теңге. Жалпы сомасы - 13 124,9 мың теңге;</p> <p>-ММГ-2 үшін санитарлық бөлмелерді ағымдағы жөндеу 699,9 мың теңге;</p> <p>-Мәжіліс залын ағымдағы жөндеу - 2 678,6 мың теңге;</p> <p>- Роликті перделерді орнату - 1760,0 мың теңге.</p> <p>414 ерекшелігі бойынша- 11 441,0 мың теңгеге;</p> <p>Компьютерлік кабинетке арналған жиһаз - 1 768,3 мың теңге;</p> <p>Гардеробқа арналған жиһаз-4 200,0 мың теңге;</p> <p>Ұлдар мен қыздардың шешінетін бөлмелеріне арналған шкафтар (спортзал) – 739,2 мың теңге;</p> <p>Оқушы жиһазының екі сыныбы - 3372,0 мың теңге алынды.</p>
<b>Ағымдағы жөндеу жұмысы</b>	63 375,0 тенге
<b>Күрделі жөндеу</b>	-

### Әкімшілік – басқару персоналының құрамы туралы мәліметтер

Әкімшілік – басқару персоналының кадрларын іріктеу және орналастыру әкімшілік мүшесінің жеке құзыреттілігін, шығармашылығын, кәсібилігін ескере отырып орындалды, бұл оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға мектепшілік бақылаудың объективтілігі мен сапасына оң әсер етеді. Әкімшілік – басқару персоналының функционалдық міндеттерін бөлудің тиімділігі біртұтас жүйе болып табылады және мектепшілік жоспарлау, басшылық және бақылауда көрінеді. Павлодар қаласының Мәшһүр Жүсіп атындағы жалпы орта білім беру мектебінің басшысы – Бекбаева Айнур Тлегеновна, Павлодар қаласының білім бөлімінің 2017 жылғы 16-қазандағы № 7-02/73 тағайындау туралы бұйрығы. Мектеп әкімшілігінің штаттық кестесіне сәйкес – 0,5 мөлшерлеме басшының бейіндік оқыту, ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары: В.А.Иванова; 2 – оқу жұмысы бойынша: Ш.М.Кульбекова, Ж.Ж.Мирманова; 2 – тәрбие жұмысы бойынша: Д.Т.Серимбаева, Р.Ж.Саденова; 1 әлеуметтік педагог: З.Е.Есебаева, 1 аға тәлімгер – А.Ж.Тунубаева, 2 психолог – С.Ж.Шегір, Г.О.Ахметова. Басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Д.Т.Серимбаева 2021 жылы бірінші санаттағы басшының орынбасары, оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Ш.М.Кульбекова, Ж.Ж.Мирманова 2024 жылы бірінші санаттағы басшының орынбасары ретінде аттестаттаудан өтті. Әкімшілік мүшелері мектепті басқару менеджменті бойынша біліктілікті арттыру курстарынан жүйелі түрде өтеді: мектеп басшысы А.Т.Бекбаева 2023-2024 оқу жылында "Назарбаев Зияткерлік мектептері" АҚ Республикалық Педагогикалық шеберлік орталығының "Мектеп командасы: тиімді басқару және білім сапасы" тақырыбында курстан өтті. Басшының бейіндік оқыту жұмысы жөніндегі орынбасары В.А.Иванова 2023-2024 оқу жылында "Назарбаев Зияткерлік мектептері" АҚ Республикалық Педагогикалық шеберлік орталығының "Мектеп командасы: тиімді басқару және білім сапасы" тақырыбында, басшының оқу-жұмысы жөніндегі орынбасары Ш.М.Кульбекова 2022 жылы "Назарбаев Зияткерлік мектептері" АҚ Республикалық Педагогикалық шеберлік орталығының "Мектепті басқарудағы инновациялық менеджмент" ҚР жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша 9 айлық курсынан, 2023-2024 оқу жылында "Назарбаев Зияткерлік мектептері" АҚ Республикалық Педагогикалық шеберлік орталығының "Мектеп командасы: тиімді басқару және білім сапасы" тақырыбында, басшының оқу-жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Ж.Мирманова 2022 жылы

"Назарбаев Зияткерлік мектептері" АҚ Республикалық Педагогикалық шеберлік орталығының "Мектепті басқарудағы инновациялық менеджмент" ҚР жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша 9 айлық курсынан, 2023 жылы "Өрлеу" Біліктілікті Артыру Ұлттық орталығы АҚ базасында "Білім берудегі Менеджмент" курстарынан өтті. Педагог кадрларды қабылдау бос лауазымдарға орналасуға арналған конкурс негізінде және басшы мен педагог қызметкер арасында жасалған еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады. Еңбек шартының талаптары ҚР Еңбек кодексіне қайшы келмейді. Есепті кезеңде педагог кадрларды іріктеу және орналастыру бойынша үлкен жұмыс жүргізілді. Соңғы 5 жылда өткен жылдармен салыстырғанда кадрлар айналымы қысқарды. Жұмыстан шығарудың себептері негізінен тұрғылықты жерінің өзгеруі, зейнеткерлік жасқа жету болып табылады. Ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуал оң. Зияткерлік, шығармашылық конкурстардың, педмастерлік конкурстардың, пәндік және бейіндік олимпиадалардың, спорттық жарыстардың қорытындылары бойынша қол жеткізген жоғары нәтижелері үшін педагогикалық ұжым мүшелерін көтермелеу және ынталандыру мақсатында мектеп басшысының бұйрығы негізінде мұғалімдерге еңбек кітапшасына енгізіле отырып алғыс жарияланады. Облыс, республика деңгейінде жетістіктері бар мұғалімдер үкіметтік және ведомстволық наградаларға ұсынылады.

### **Медициналық көмек көрсету**

Медициналық кабинет барлық қажетті жабдықтармен, жиһаздармен және медициналық жабдықтармен жабдықталған. Медициналық көмекті №5 емхананың білікті медбикесі көрсетеді.

### **Спорттық жабдықтармен қамтамасыз ету**

Мектепте спортпен шұғылдануға арналған орындар ұйымдастырылған, бағдарламаларға сәйкес волейбол алаңы, футбол алаңы бар. Дене шынықтыру сабақтары мен секциялық сабақтарды өткізуге арналған спорттық жабдықтар саны жеткілікті көлемде: 1 спорт залы бар.

### **Білім беру бағдарламаларын ресурстық қолдау**

Іске асырылып жатқан білім беру бағдарламаларын табысты іске асыру үшін мекемеде ақпараттық ортаның болуын, мектепті оқу және көрнекі құралдармен жабдықтауды, компьютерлік техниканы, бағдарламалық қамтамасыз етуді қамтитын жеткілікті ресурстық база қалыптастырылды. Мектеп, ЖШС-мен 100 Мбит/с жылдамдықпен "Қазақтелеком" провайдер интернетке қосылған. Интернет жеткізу қызметін ұсыну туралы шарт жасалған. Мектепте оқушыларды, қызметкерлерді және Келушілерді қабылдау үшін "кіруді басқару және басқару жүйесі" (турникеттер) орнатылған. Мектепке кіре берісте әкімші және кезекші сыныптың сынып жетекшісі күн сайын кезекшілік етеді. Мектеп ғимараты полицияға жедел қоңырау шалу үшін дабыл түймесімен, сондай-ақ өрт дабылы мен дабылмен жабдықталған. Мектеп ғимаратына кіру бейнебақылау камераларымен бақыланады. Мектепте 89 бейнебақылау бар: сыртқы-47, ішкі-42, орталық бейнебақылауға 16 камера қосылған. Мектептегі бейнебақылау жүйесі келесі аудандарды тиімді визуалды бақылауды қамтамасыз ететіндей етіп салынған: - мектеп аумағының сыртқы периметрі; - ғимаратқа барлық кіреберістер; - залдар, баспалдақтар мен дәліздер; - асхана, спорт залы; - балалар және спорт алаңдары. Магниттік карта оқырмандарымен жабдықталған турникеттер. Бұл рұқсат етілмеген адамдардың мектепке кіруіне жол бермеуге ғана емес, сонымен қатар келу және кету уақытын тіркей отырып, оқушылардың қатысуын жеке тіркеуге мүмкіндік береді. Мектеп ғимаратының өрт дабылы түтін мен жылу детекторларын пайдаланады. Білім беру мекемесі дауыс зорайтқыш байланыспен және "101" пультіне тікелей түсетін сигналмен, сондай-ақ барлық өрт сөндіру құралдарымен автоматтандырылған өрт дабылы жүйесімен жабдықталған. Терроризмге қарсы қорғауды қамтамасыз ету үшін мектеп нормативтік құжаттармен жүйелі түрде жұмыс істейді, білім беру мекемесінің қауіпсіздік паспорты, Мәдени іс-шаралар ұзақтығының қауіпсіздік жоспарлары, авариялық ғимараттардан эвакуациялау жоспарлары әзірленді.

## II. ОҚУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

### 2022-2023 оқу жылы

Оқу жұмыс жоспары 31.08.2022 жылы №1 педагогикалық кеңесте бекітілді. 14.10.2022 жылы №2 педагогикалық кеңесте қайта қаралды. "Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 30.09.22 жылғы №412 бұйрығымен енгізілген толықтырулар мен өзгерістерді ескере отырып, жоспарға өзгерістер енгізілді.

2022-2023 оқу жылында 1-11 сыныптар жаңартылған білім мазмұны, ал гимназиялық сыныптар төмендетілген Үлгілік оқу жоспары бойынша білім алады.

2022-2023 оқу жылына арналған мектеп жұмысының оқу жоспары келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылды:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы);

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);

- «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);

- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

- «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) сәйкес оқу жұмыс жоспары құрастырылған. 31 тамыз 2022 жылғы педагогикалық кеңесте қаралды және бекітілді. Хаттама №1;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) сәйкес оқу жұмыс жоспары құрастырылған. 14 қазан 2022 жылғы педагогикалық кеңесте қаралды және бекітілді. Хаттама №2.

### Негізгі орта білім

Жұмыстық оқу жоспарының тұрақты бөлігінде міндетті түрде оқытылатын пәндер жинақталса, вариативтік оқу бөлігіне жеке тұлғаның өз талап-тілегіне сай білім алу сұранысымен қабілетіне орай қосымша оқу курстарын енгізумен бейімдік пәндерді кеңейте оқуға, дара, бағытты – бағдарлай оқытуға жұмсалатын пәндер, арнайы курстар жинақталған.

«2022-2023 оқу жылында ҚР орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатындағы берілген ұсыныстарды іске асыру мақсатында және оқушылардың жеке қабілеттері мен танымдық әрекеттерінің дамуын қамтамасыз ету мақсатымен оқу жоспарының вариативтік компоненті келесі түрде бөлінді:

Негізгі орта білім буының білім алушылары ғылымдардың базистік негіздерін игеруін, тұлғааралық және этносаралық қарым-қатынастың жоғары рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыруды, жеке тұлғаның өзін-өзі анықтауы мен өзін-өзі жүзеге асыруын, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруды, бейін алды даярлықты іске асыруды қамтамасыз етеді. 5-8 сыныптарда "Жол қозғалысы Ережелері" оқу курсы әр сыныпта сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта 10 сағаттан жүргізіледі. 5-6 сыныптар параллелінің жұмыс оқу жоспарларын әзірлеу үшін мектеп "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8

қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасы Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығын басшылыққа алды, 5-9 сыныптар үшін 6-қосымша, гимназия сыныптары 19-қосымша, 2022 жылғы 17 қазаннан бастап гимназия сыныптары үшін 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрықтың 19-қосымшасына сәйкес.

Барлық 5-8 сыныптарда вариативті компоненттің сағаттары аптасына 0,5 сағаттан, 9-сыныптарда 1 сағаттан «Жаһандық құзыреттілік» курсына оқуға бөлінді.

### **Гимназия сыныптары**

Оқушылардың оқу жетістіктерінің мониторингі негізінде 5А, 6А, 6Ә, 7А, 7Ә, 8А, 8Ә, 9А гимназия сыныптарының жұмысы жалғастырылды. Аталған сыныптарда оқу жұмыс жоспарының вариативтік компоненті төмендегідей үлестірілді:

5А сыныбында: дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат, гимназия компонентінің 5 сағаты «Мәшһүртану», «Абайтану», «Занимательная грамматика», «Мен және мені қоршаған әлем», «Тіл мәдениеті» курстарына бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 32,5 сағат. 2022 жылғы 17 қазаннан бастап 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрық негізінде 5А сыныбында «жаратылыстану» пәніне 1 сағат қосылды. Осы уақыттан бастап оқу жүктемесінің жоғары көлемі 33,5 сағат болды.

6А сыныбында: дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат, гимназия компонентінің 5 сағаты «Мәшһүртану», «Абайтану», «Эссе жазу стратегиясы», «Занимательная грамматика», «Мен және мені қоршаған әлем» курстарына бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 32,5 сағат. 2022 жылғы 17 қазаннан бастап 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрық негізінде 6А сыныбында «жаратылыстану» пәніне 1 сағат қосылды. «Занимательная грамматика» курсы «Сөз өнері» курсына ауыстырылды. Осы уақыттан бастап оқу жүктемесінің жоғары көлемі 33,5 сағат болды.

6Ә сыныбында: дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат, гимназия компонентінің 5 сағаты «Мәшһүртану», «Абайтану», «Жас оқырман», «Қызықты математика», «Мен және мені қоршаған әлем» курстарына бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 32,5 сағат. 2022 жылғы 17 қазаннан бастап 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрық негізінде 6Ә сыныбында «жаратылыстану» пәніне 1 сағат қосылды. Осы уақыттан бастап оқу жүктемесінің жоғары көлемі 33,5 сағат болды.

7А сыныбында: дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат, гимназия компонентінің 4 сағаты «Мәшһүртану», «Эссе жазу стратегиясы», «Inorganic chemistry», «Қызықты математика» курстарына бөлінді. Ерте бейіндік даярлау мақсатында вариативтік компонентінің «таңдау пәндер» есебінен білім алушылар мен ата-аналар сұранысы бойынша «алгебра», «геометрия», «физика», «биология», «химия», «Қазақстан тарихы» пәндеріне 1 сағаттан бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 34,5 сағат. 2022 жылғы 17 қазаннан бастап 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрық негізінде 7А сыныбында «алгебра», «физика», «химия», «биология», «Қазақстан тарихы» пәндеріне 1 сағаттан қосылды. «Таңдау пәндер» есебінен тек «геометрия», «физика», «биология» пәндеріне жалпы 3 сағат бөлінді. Осы уақыттан бастап оқу жүктемесінің жоғары көлемі 36,5 сағат болды.

7Ә сыныбында: дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат, гимназия компонентінің 4 сағаты «Мәшһүртану», «Абайтану», «Mobile Application», «Қызықты математика» курстарына бөлінді. Ерте бейіндік даярлау мақсатында вариативтік компонентінің «таңдау пәндер» есебінен білім алушылар мен ата-аналар сұранысы бойынша «алгебра», «геометрия», «физика», «биология», «химия», «география» пәндеріне 1 сағаттан бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 34,5 сағат. 2022 жылғы 17 қазаннан бастап 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрық негізінде 7Ә сыныбында «алгебра», «физика», «химия», «биология», «Қазақстан тарихы» пәндеріне 1 сағаттан қосылды. «Таңдау пәндер» есебінен тек «геометрия», «физика», «география» пәндеріне жалпы 3 сағат бөлінді. Осы уақыттан бастап оқу жүктемесінің жоғары көлемі 36,5 сағат болды.

8А сыныбында: дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат, гимназия компонентінің 5 сағаты «Мәшһүртану», «Асыл сөз», «Лингвистика», «Адам және оның денсаулығы», «Interesting facts» курстарына бөлінді. Ерте бейіндік даярлау мақсатында вариативтік компонентінің «таңдау пәндер» есебінен білім алушылар мен ата-аналар сұранысы бойынша «алгебра», «геометрия», «физика», «Қазақстан тарихы», «химия», «география» пәндеріне 1 сағаттан бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 35,5 сағат. 2022 жылғы 17 қазаннан бастап 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрық негізінде 8А сыныбында «алгебра», «физика», «химия», «биология», «Қазақстан тарихы» пәндеріне 1 сағаттан қосылды. «Адам және оның денсаулығы» курсы «Абайтану» курсына

ауыстырылды. «Таңдау пәндер» есебінен тек «геометрия», «физика», «география» пәндеріне жалпы 3 сағат бөлінді. Осы уақыттан бастап оқу жүктемесінің жоғары көлемі 37,5 сағат болды.

8Ә сыныбында: дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат, гимназия компонентінің 5 сағаты «Мәшһүртану», «Асыл сөз», «Абайтану», «Адам және оның денсаулығы», «Secrets of the life» курстарына бөлінді. Ерте бейіндік даярлау мақсатында вариативтік компонентінің «таңдау пәндер» есебінен білім алушылар мен ата-аналар сұранысы бойынша «алгебра», «геометрия», «физика», «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «география» пәндеріне 1 сағаттан бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 35,5 сағат. 2022 жылғы 17 қазаннан бастап 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрық негізінде 8Ә сыныбында «алгебра», «физика», «химия», «биология», «Қазақстан тарихы» пәндеріне 1 сағаттан қосылды. «Таңдау пәндер» есебінен тек «геометрия», «Қазақстан тарихы», «география» пәндеріне жалпы 3 сағат бөлінді. Осы уақыттан бастап оқу жүктемесінің жоғары көлемі 37,5 сағат болды.

9А сыныбында: дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат, гимназия компонентінің 5 сағаты «Мәшһүртану», «Асыл сөз», «Абайтану», «Қызықты математика», «Amazing Physics» курстарына бөлінді. Ерте бейіндік даярлау мақсатында вариативтік компонентінің «таңдау пәндер» есебінен білім алушылар мен ата-аналар сұранысы бойынша «алгебра», «геометрия», «физика», «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «география» пәндеріне 1 сағаттан бөлінді. «Элективті курс» есебінен «Тілтаным» курсына 1 сағат берілді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 38 сағат. 2022 жылғы 17 қазаннан бастап 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрық негізінде 9А сыныбында «алгебра», «физика», «химия», «биология», «Қазақстан тарихы» пәндеріне 1 сағаттан қосылды. «Таңдау пәндер» есебінен тек «геометрия», «Қазақстан тарихы», «география» пәндеріне жалпы 3 сағат бөлінді. Осы уақыттан бастап оқу жүктемесінің жоғары көлемі 40 сағат болды. 2023 жылғы 04 қаңтардан бастап оқу-өндірістік қажеттілігіне байланысты «Қызықты математика» курсы «Control and motion» робототехника курсына ауыстырылды.

### **Жалпы орта білім**

Жалпы орта білім буында ата-аналар мен оқушылардың өтініші негізінде бейіндік оқытуды іске асыру мақсатында жаратылыстану – математикалық және қоғамдық – гуманитарлық бағыттары таңдалды. 10-11 сыныптар параллелінің жұмыс оқу жоспарларын әзірлеу үшін мектеп "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасы Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығын басшылыққа алды, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10А сыныбы 85-қосымша, жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10Б, 11Б сыныптары 86-қосымша, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 11А гимназия сыныбы 29-қосымшасына сәйкес, 2022 жылғы 17 қазаннан бастап гимназия сыныптары үшін 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрықтың 29- қосымшасына сәйкес құрастырылды.

10-11 сыныптарда оқу жұмыс жоспарының вариативтік компонентінің сағаттары білім алушылардың сұранысы бойынша төмендегідей үлестірілді:

Барлық 10-11 сыныптарда 1 сағаттан «Жаһандық құзыреттілік» курсын оқуға бөлінді.

Қоғамдық – гуманитарлық бағыттағы 10А сыныбында: элективті курстардың 4 сағаты «Қазақ тілі грамматикасы», «Генетика негіздері», «Лингвистические и коммуникативные особенности текста», «Авто ісі» курстарына бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 33 сағат. 2022 жылғы 17 қазаннан бастап 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрық негізінде 10А сыныбында «физика», «химия», «биология» пәндеріне 1 сағаттан қосылды. Электив курстардың сағат көлемі екі есе азайып, «Қазақ тілі грамматикасы» мен «Авто ісі» курстарын оқытуға берілді. Осы уақыттан бастап оқу жүктемесінің жоғары көлемі 34 сағат болды.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10Б сыныбында: элективті курстардың 1 сағаты «Авто ісі» курстарына бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 34 сағат. 2022 жылғы 17 қазаннан бастап 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрық негізінде 10Б сыныбында «физика», «химия», «биология» пәндеріне 1 сағаттан қосылды. Электив курстарға да 1 сағат қосылып, «Мәтіннің лингвистикалық және коммуникативтік ерекшеліктері» курсы таңдалды. Осы уақыттан бастап оқу жүктемесінің жоғары көлемі 35 сағат болды.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 11Б сыныбында: элективті курстардың 1 сағаты «Авто ісі» курстарына бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 34 сағат. 2022 жылғы 17 қазаннан бастап 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрық негізінде 11Б сыныбында «физика», «химия»,



«биология» пәндеріне 1 сағаттан қосылды. Электив курстарға да 1 сағат қосылып, «Қазақ тілі грамматикасы» курсы таңдалды. Осы уақыттан бастап оқу жүктемесінің жоғары көлемі 35 сағат болды

### **Гимназиялық сынып**

Қоғамдық – гуманитарлық бағыттағы 11А гимназия сыныбында: білім алушылардың таңдауы бойынша тереңдетілген деңгейдің таңдауы бойынша міндетті пәндерден «дүниежүзі тарихы» мен «құқықтану негіздері» пәндеріне әрқайсысына 3 сағаттан, стандарттық деңгейден физика пәніне 2 сағат бөлінді.

Оқу жұмыс жоспарының вариативтік компоненті келесідегідей бөлінді. «Инвариантты компоненттегі пәндерді таңдау» есебінен оқушылар «алгебра», «география», «биология», «химия» пәндерін таңдап алды. Дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат.

Гимназия компонентінің 5 сағаты «Жазба жұмыс арқылы сауаттылықты арттыру», «Мәтінтаным», «Лингвистические и коммуникативные особенности текста», «Авто ісі» курстарына бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 37 сағат. 2022 жылғы 17 қазаннан бастап 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрық негізінде 11А сыныбында «алгебра» пәніне 1 сағат қосылды. Тереңдетілген деңгейдің таңдауы бойынша міндетті пәндерден «дүниежүзі тарихы» мен «құқықтану негіздері» пәндерінің 1 сағаттары қысқартылды, әрқайсысына 2 сағаттан берілді. Стандарттық деңгейден физика пәнінен басқа «химия» пәніне де 2 сағат бөлінді. Осы уақыттан бастап оқу жүктемесінің жоғары көлемі 38 сағат болды.

## **2023-2024 оқу жылы**

Мектептің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспары 2023 жылғы 31 тамызда №1 педагогикалық кеңесте қаралып, бекітілді. Төмендегі нормативтік-құқықтық құжаттардың негізінде құрастырылған:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 406 бұйрығы;
- 1-11 сыныптардың оқу жұмыс жоспары «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БЖҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР БЖҒМ 2023ж 12 тамыздағы № 365 бұйрығы, 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығы, ҚР ОАМ 2023ж 18 тамыздағы № 264 бұйрығымен;
- ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі «Жалпы білім беретін ұйымдарға арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары және факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» № 115 бұйрығы;
- ҚР БҒМ "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2021 жылғы 09 маусымдағы № 282 бұйрығы;
- «Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылын басталу және аяқталу мерзімдерін айқындау, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы" ҚР ОАМ 2023 жылғы 04 қазандағы № 304 бұйрығы;
- ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»;
- «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат.

Мектеп оқушыларды бейіндік даярлау бойынша міндеттерді шешеді: 2-ші сыныптан бастап саралау жүзеге асырылады (параллельдегі бір, екі сынып-гимназиялық); 7-9 гимназия сыныптарында болашақ мамандыққа бағдарланған бейіндік пәндер енгізілді, 10-11 сыныптардағы білім алушылар жаратылыстану - математикалық және қоғамдық – гуманитарлық бағыттар бойынша оқытылды, ЖМБ пәндерді ағылшын тілінде - 129 оқушы (оқушылардың жалпы санының 15%).

Әдістемелік нұсқау хатындағы берілген ұсыныстарды іске асыру мақсатында және оқушылардың жеке қабілеттері мен танымдық әрекеттерінің дамуын қамтамасыз ету мақсатымен оқу жұмыс жоспары төмендегідей құрастырылды.

## Негізгі орта білім

Жұмыстық оқу жоспарының тұрақты бөлігінде міндетті түрде оқытылатын пәндер жинақталса, вариативтік оқу бөлігіне жеке тұлғаның өз талап-тілегіне сай білім алу сұранысымен қабілетіне орай қосымша оқу курстарын енгізумен бейімдік пәндерді кеңейте оқуға, дара, бағытты – бағдарлай оқытуға жұмсалатын пәндер, арнайы курстар жинақталған.

«2022-2023 оқу жылында ҚР орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатындағы берілген ұсыныстарды іске асыру мақсатында және оқушылардың жеке қабілеттері мен танымдық әрекеттерінің дамуын қамтамасыз ету мақсатымен оқу жоспарының вариативтік компоненті келесі түрде бөлінді:

Негізгі орта білім буының білім алушылары ғылымдардың базистік негіздерін игеруін, тұлғааралық және этносаралық қарым-қатынастың жоғары рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыруды, жеке тұлғаның өзін-өзі анықтауы мен өзін-өзі жүзеге асыруын, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруды, бейін алды даярлықты іске асыруды қамтамасыз етеді. 5-9 сыныптар параллелінің жұмыс оқу жоспарларын әзірлеу үшін мектеп "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасы Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығын басшылыққа алды, 5-9 сыныптар үшін 6-қосымша, гимназия сыныптары ҚР ОАМ 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 16-қосымшасына сәйкес.

Барлық 5-8 сыныптарда вариативті компоненттің сағаттары аптасына 0,5 сағаттан, 9-сыныптарда 1 сағаттан «Жаһандық құзыреттілік» курсына оқуға бөлінді.

### Гимназия сыныптары

Оқушылардың оқу жетістіктерінің мониторингі негізінде 5Ә, 6А, 7А, 7Ә, 8А, 9А гимназия сыныптарының жұмысы жалғастырылды. Аталған сыныптарда оқу жұмыс жоспарының вариативтік компоненті төмендегідей үлестірілді:

5Ә сыныбында: дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат, гимназия компонентінің 5 сағаты «Мәшһүртану», «Абайтану», «Тіл дамыту және сөйлеу», «Жазылым дағдысын тіл білімі арқылы жетілдіру», ««Contra and motion through the constructor» курстарына бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 33,5 сағат.

6А сыныбында: дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат, гимназия компонентінің 5 сағаты «Мәшһүртану», «Абайтану», «Қызықты математика», «English around us», «Мен және мені қоршаған әлем» курстарына бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 33,5 сағат.

7А сыныбында: дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат, гимназия компонентінің 4 сағаты «Мәшһүртану», «Абайтану», «Дұрыс тамақтанудың денсаулықты сақтаудағы рөлі», «The law of Physics» курстарына бөлінді. Ерте бейіндік даярлау мақсатында вариативтік компонентінің «таңдау пәндер» есебінен білім алушылар мен ата-аналар сұранысы бойынша «биология», «география», «Қазақстан тарихы» пәндеріне 1 сағаттан бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 36,5 сағат.

7Ә сыныбында: дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат, гимназия компонентінің 4 сағаты «Абайтану», «Secret of biological terms», «Дұрыс тамақтанудың денсаулықты сақтаудағы рөлі», «Көркем мәтінді талдау» курстарына бөлінді. Ерте бейіндік даярлау мақсатында вариативтік компонентінің «таңдау пәндер» есебінен білім алушылар мен ата-аналар сұранысы бойынша «геометрия», «Қазақстан тарихы», «география» пәндеріне 1 сағаттан бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 36,5 сағат.

8А сыныбында: дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат, гимназия компонентінің 5 сағаты «Абайтану», «Тіл дамыту және сөйлеу», «Эссе жазу стратегиясы», «Basic chemical concepts», «Contra and motion through the constructor» курстарына бөлінді. Ерте бейіндік даярлау мақсатында вариативтік компонентінің «таңдау пәндер» есебінен білім алушылар мен ата-аналар сұранысы бойынша «геометрия», «биология», «география» пәндеріне 1 сағаттан бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 37,5 сағат.

9А сыныбында: дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат, гимназия компонентінің 5 сағаты «Мәшһүртану», «Тіл мәдениеті», «Абайтану», «Physics in English», «Көркем мәтінді талдау» курстарына бөлінді. Ерте бейіндік даярлау мақсатында вариативтік компонентінің «таңдау пәндер» есебінен білім алушылар мен ата-аналар сұранысы бойынша «геометрия», «биология», «география»

пәндеріне 1 сағаттан бөлінді. «Элективті курс» есебінен «Оқу сауаттылығына байланысты мәтін талдау» курсына 1 сағат берілді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 40 сағат.

### **Жалпы орта білім**

Жалпы орта білім буында ата-аналар мен оқушылардың өтініші негізінде бейіндік оқытуды іске асыру мақсатында жаратылыстану – математикалық және қоғамдық – гуманитарлық бағыттары таңдалды. 10-11 сыныптар параллелінің жұмыс оқу жоспарларын әзірлеу үшін мектеп "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 басшылыққа алды, жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10Б, 10В, 11Б сыныптары ҚР ОАМ 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрықтың 39-қосымша, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 11А сыныбы ҚР ОАМ 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрықтың 38-қосымшасына, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10А гимназия сыныбы ҚР ОАМ 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрықтың 19-қосымшасына сәйкес. 10-11 сыныптарда оқу жұмыс жоспарының вариативтік компонентінің сағаттары білім алушылардың сұранысы бойынша төмендегідей үлестірілді:

Барлық 10-11 сыныптарда 1 сағаттан «Жаһандық құзыреттілік» курсын оқуға бөлінді.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10Б сыныбында: элективті курстардың 1 сағаты «Авто ісі», 1 сағаты «Сөз мәдениеті мен шешендік өнер» курстарына бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 35 сағат.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10Б сыныбында: элективті курстардың 2 сағаты «Авто ісі» мен «Генетика негіздері» курстарын оқуға берілді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 35 сағат.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 11Б сыныбында: элективті курстардың 2 сағаты «Авто ісі» мен «Python тілінде бағдарламалау» курстарына бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 35 сағат.

### **Гимназиялық сынып**

Қоғамдық – гуманитарлық бағыттағы 10А гимназия сыныбында: білім алушылардың таңдауы бойынша тереңдетілген деңгейдің таңдауы бойынша міндетті пәндерден «дүниежүзі тарихы» мен «география» пәндеріне әрқайсысына 2 сағаттан, стандарттық деңгейден «физика» мен «биология» пәндеріне 2 сағаттан бөлінді.

Оқу жұмыс жоспарының вариативтік компоненті келесідегідей бөлінді. «Инвариантты компоненттегі пәндерді таңдау» есебінен оқушылар «геометрия», «құқықтану негіздері», «қазақ тілі», «химия» пәндерін таңдап алды. Дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат. Гимназия компонентінің 4 сағаты «Көркем мәтінді талдау», «Эссе жазу стратегиясы», «Әлем әдебиеті», «Авто ісі» курстарына бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 38 сағат.

### **2024-2025 оқу жылы**

Мектептің оқу жұмыс жоспары білім беру ұйымының жұмысын реттейтін заңнамалық база негізінде жасалған.

2024-2025 оқу жылында 5-9 сыныптар жаңартылған білім мазмұны, ал гимназиялық сыныптар төмендетілген Үлгілік оқу жоспары бойынша білім алады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасы, ҚР ОАМ 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрықпен бекітілген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына сәйкес тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз етуді қажет етеді.

1-11-сыныптарда білім беру процесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (04.10.2023 № 303 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы (30.09.2022ж. №412, 26.10.2023ж.

№323, 08.02.2024ж №27 бұйрықтарымен енгізілген өзгерістерімен). 28 тамыз 2024 жылғы педагогикалық кеңесте қаралды және бекітілді. Хаттама №1.

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.07.2023 № 199, 31.10.2023 № 328 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

- «Білімді ұлт. Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.10.2021ж. №726 Қаулысы)

- «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы (ҚР ОАМ 30.07.2024ж №194 бұйрығы)

- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы)

### **Негізгі орта білім**

Барлық 5-8 сыныптарда вариативті компоненттің сағаттары аптасына 0,5 сағаттан, 9-сыныптарда 1 сағаттан «Жаһандық құзыреттілік» курсына оқуға бөлінді.

### **Гимназия сыныптары**

Оқушылардың оқу жетістіктерінің мониторингі негізінде 5Ә, 5Б, 6Ә, 7А, 8А, 8Ә, 9А гимназия сыныптарының жұмысы жалғастырылды. Аталған сыныптарда оқу жұмыс жоспарының вариативтік компоненті төмендегідей үлестірілді:

5Ә сыныбында: дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат, гимназия компонентінің 5 сағаты «Мәшһүртану», «Абайтану», «Тіл дамыту және сөйлеу», «Жазылым дағдысын тіл білімі арқылы жетілдіру», «Robot Building and Programming» курстарына бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 33,5 сағат.

5Б сыныбында: дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат, гимназия компонентінің 5 сағаты «Мәшһүртану», «Абайтану», «Тіл дамыту және сөйлеу», «Жазылым дағдысын тіл білімі арқылы жетілдіру», «Көркем мәтінді талдау» курстарына бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 33,5 сағат.

6А сыныбында: дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат, гимназия компонентінің 5 сағаты «Мәшһүртану», «Абайтану», «Тіл дамыту және сөйлеу», «Robot Building and Programming», «English around us» курстарына бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 33,5 сағат.

7А сыныбында: дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат, гимназия компонентінің 4 сағаты «Мәшһүртану», «Абайтану», «Robot Building and Programming», «Interesting Physics» курстарына бөлінді. Ерте бейіндік даярлау мақсатында вариативтік компонентінің «таңдау пәндер» есебінен білім алушылар мен ата-аналар сұранысы бойынша «геометрия», «биология», «химия» пәндеріне 1 сағаттан бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 36,5 сағат.

8А сыныбында: дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат, гимназия компонентінің 5 сағаты «Абайтану», «Мәшһүртану», «Physics in English», «Control and motion through the constructor», «Экологиялық этика» курстарына бөлінді. Ерте бейіндік даярлау мақсатында вариативтік компонентінің «таңдау пәндер» есебінен білім алушылар мен ата-аналар сұранысы бойынша «геометрия», «биология», «география» пәндеріне 1 сағаттан бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 37,5 сағат.

8Ә сыныбында: дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат, гимназия компонентінің 5 сағаты «Абайтану», «Мәшһүртану», «Көркем мәтінді талдау», «Асыл сөз», «Secret of biological terms» курстарына бөлінді. Ерте бейіндік даярлау мақсатында вариативтік компонентінің «таңдау пәндер» есебінен білім алушылар мен ата-аналар сұранысы бойынша «геометрия», «биология», «география» пәндеріне 1 сағаттан бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 37,5 сағат.

9А сыныбында: дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат, гимназия компонентінің 5 сағаты «Мәшһүртану», «Абайтану», «Эссе жазу стратегиясы», «Inorganic chemistry», «Mobile Application» курстарына бөлінді. Ерте бейіндік даярлау мақсатында вариативтік компонентінің «таңдау пәндер» есебінен білім алушылар мен ата-аналар сұранысы бойынша «геометрия», «биология», «география» пәндеріне 1 сағаттан бөлінді. «Элективті курс» есебінен «Fun English» курсына 1 сағат берілді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 40 сағат.

## Жалпы орта білім

Жалпы орта білім буында ата-аналар мен оқушылардың өтініші негізінде бейіндік оқытуды іске асыру мақсатында жаратылыстану – математикалық және қоғамдық – гуманитарлық бағыттары таңдалды. 10-11 сыныптар параллелінің жұмыс оқу жоспарларын әзірлеу үшін мектеп "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасы Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасы Оқу Ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығын басшылыққа алды, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10А, 11А гимназия сыныптары 29-қосымша, жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10Ә, 10Б, 11Б, 11В сыныптары Қазақстан Республикасы Оқу Ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығының 86-қосымшасына сәйкес құрастырылды.

10-11 сыныптарда оқу жұмыс жоспарының вариативтік компонентінің сағаттары білім алушылардың сұранысы бойынша төмендегідей үлестірілді:

Барлық 10-11 сыныптарда 1 сағаттан «Жаһандық құзыреттілік» курсын оқуға бөлінді.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10Ә сыныбында: элективті курстардың 1 сағаты «Авто ісі», 1 сағаты «Эссе жазу стратегиясы» курстарына бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 35 сағат.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10Б сыныбында: элективті курстардың 2 сағаты «Авто ісі» мен «Генетикалық есептерді шығару» курстарын оқуға берілді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 35 сағат.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 11Б сыныбында: элективті курстардың 1 сағаты «Авто ісі», 1 сағаты «Эссе жазу стратегиясы» курстарына бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 35 сағат.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 11В сыныбында: элективті курстардың 1 сағаты «Авто ісі», 1 сағаты «Эссе жазу стратегиясы» курстарына бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 35 сағат.

## Гимназиялық сынып

Қоғамдық – гуманитарлық бағыттағы 10А гимназия сыныбында: білім алушылардың таңдауы бойынша тереңдетілген деңгейдің таңдауы бойынша міндетті пәндерден «дүниежүзі тарихы» мен «география» пәндеріне әрқайсысына 2 сағаттан, стандарттық деңгейден «химия» мен «биология» пәндеріне 2 сағаттан бөлінді.

Оқу жұмыс жоспарының вариативтік компоненті келесідегідей бөлінді. «Инвариантты компоненттегі пәндерді таңдау» есебінен оқушылар «геометрия», «құқықтану негіздері», «қазақ тілі», «физика» пәндерін таңдап алды. Дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат.

Гимназия компонентінің 4 сағаты «Көркем мәтінді талдау», «Эссе жазу стратегиясы», «Жазылым дағдысын тіл арқылы жетілдіру», «Авто ісі» курстарына бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 38 сағат.

Қоғамдық – гуманитарлық бағыттағы 11А гимназия сыныбында: білім алушылардың таңдауы бойынша тереңдетілген деңгейдің таңдауы бойынша міндетті пәндерден «дүниежүзі тарихы» мен «география» пәндеріне әрқайсысына 2 сағаттан, стандарттық деңгейден «физика» мен «биология» пәндеріне 2 сағаттан бөлінді.

Оқу жұмыс жоспарының вариативтік компоненті келесідегідей бөлінді. «Инвариантты компоненттегі пәндерді таңдау» есебінен оқушылар «геометрия», «құқықтану негіздері», «қазақ тілі», «химия» пәндерін таңдап алды. Дене шынықтыру: спорттық ойындарға 1 сағат.

Гимназия компонентінің 4 сағаты «Көркем мәтінді талдау», «Эссе жазу стратегиясы», «Тіл дамыту және сөйлеу мәдениеті», «Авто ісі» курстарына бөлінді. Оқу жүктемесінің жоғары көлемі 38 сағат.

**Қорытынды:** Жаратылыстану – математикалық бағытындағы пәндерді ағылшын тілінде оқыту және бейіндік сыныптар (физика-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық бағыттар) тұрақты болып қала береді.

Пәндер бойынша оқу жоспары мен бағдарламалар мемлекеттік стандарт талаптарын, озық педагогикалық тәжірибені ескереді; жоспардың вариативтік компоненті негізделген, оқу сабақтарының тәрбиелік мүмкіндіктерін сипаттайды; балаларға қызығушылықтары бойынша

сабақтарды таңдауға мүмкіндік беріледі. Оқу жоспары ата-аналардың сұраныстарын ескереді және балалардың коммуникативті, жеке қасиеттерін дамытуға бағытталған.

### III. КОНТИНГЕНТ

#### Білім беру ортасының шарттарын талдау

##### Оқушылардың сабақ режимі:

Мектеп 2 ауысымда жұмыс істейді: 1-11 сыныптар - бес күндік оқыту жүргізіледі. Сабақтың ұзақтығы - 45 минут. Сабақтың басталуы 1-ауысымда сағат 8.00-де 2-ауысымда сағат 14.00-де. Жалпы - 37 сынып - жиынтық, барлығы мемлекеттік тілде. 24-сынып- жиынтық 1-ші ауысымдағы, 13-сынып- жиынтық - 2-ші ауысымда оқиды, сыныптардағы толықтығы – 24,5. Оқытудың бастапқы сатысы 1-4 сынып - 370 білім алушы (15 сынып-жиынтық), негізгі сатысы 5-9 сыныптар – 395 оқушы (16 сынып-жиынтық), жоғары сатысы 10-11 сыныптар – 126 (6 сынып-жиынтық).

#### Үш жыл бойынша сынып жиынтық саны

Оқу жылы	Бастауыш мектеп	Негізгі орта	Жалпы орта
2023-2024 оқу жылының әдістемелік жұмысының тақырыбы (соңғы жылы):

Мектеп мұғалімдерінің үздіксіз кәсіби дамуына жетекшілік ету арқылы оқыту мен оқу үдерісін дамыту.

2023-2024 оқу жылы стал завершающим годом по реализации Программы развития школы. В феврале 2024 года был проведен экспертный совет, на котором были продемонстрированы достижения педагогического коллектива за последние годы. В том числе уроки с элементами этнопедагогики: Арыстанбекова Ж.К. 3 сын, қазақ тілі сабағы «Сын есім», Сейтханова А.К., 1 сын. Математика «Әріпті өрнектер: ауылдағы наурыз мерекесі», Отарова А.Ж. 9 сын. биология, «Адам қан топтарының тұқымқуалау заңдылықтары», Токенова М.Ж. 8 сын, ағылшын тілі «Travel and Transport», Жакупова А.Е.4 сын. жаратылыстану, «Металдар қандай болады?», Қуланбаева А.Б. 4 сын, орыс тілі, «Давайте землю сохранять!», Каппаева Ш.А., 8 сын, Қазақстан тарихы, «Академик Қаныш Сәтбаев – көрнекті ғалым, қоғам қайраткері», Ульжағалиева К.Ж., 10сын, алгебра, «Туынды табу ережелері», Садвакасов Е.К. 6 сын, дене шынықтыру «Қазақтың ұлттық ойындары», Сулеева Г.С.8 сын, қазақ тілі, «Бауыржан Момышұлы. Жазушының қанатты сөздері».

Озық педагогикалық тәжірибемен алмасу ретінде әртүрлі әдістемелік бағыттағы шеберлік сыныптары өткізілді: еріктілер отрядының жұмысы (Серимбаева Д.Т.), Мәшһүр Жүсіп атындағы

ғылыми-этнографиялық мұражайының жұмысы (Турсунова Б.А.), «Этномәдени білім және тәрбие беру» ұғымын түсіндіру және оны оқу үдерісінде қолдану жолдарын көрсету (Сунгатов К.Н., Бекмагамбетова Н.С.Дигай А.), Оқушылардың ақпаратты жинау және жинақтау әдістерін, өңдеу технологияларын және практикалық қолдану тәсілдерін меңгеруіне жағдай жасау (Серикбаев А.С.), Өжелер клубының жұмысы. Мектептің шығармашылық үйірмелерінің жұмысы, қолданбалы өнер көрмесі, киізбен жұмыс (Займолда К.)

### **Жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық және республикалық пәндік олимпиадалар**

**Дарындылықты анықтау бойынша жұмыс.** Дарынды балалармен тиімді жұмыс істеу, жағымды атмосфера құру және ынталандыру үшін жыл сайын мектептің психологиялық қызметі жұмыс істейді. Бұл дарындылықты диагностикалау және психологиялық тренингтерді өткізу. Жүргізілген психодиагностика оқушылардың дарындылық қабілеттерінің деңгейлерін анықтауға арналған.

Мысалы, 2023-2024 жылды 5-8 сынып оқушыларынан «Оқушылардың қабілеті» тесті алынды. Бұл тестке 143 оқушы қатысты. Алынған нәтижелерді өңдеу кезінде мыналар анықталды. Бақылау парағының әрбір бағанында оқушының тұлғалық қабілеттерінің даму бағыттарының бірі сипатталады. Деректерді өңдеу кезінде әрбір бағандағы оң жауаптардың қосындысы есептеледі. I – физикалық (спорттық) – 74 оқушы (52%); II – ұйымдастырушылық – 34 оқушы(24%); III - математикалық – 15 оқушы (10%); IV - конструкторлық-техникалық – 9 оқушы(6%); V – эмоционалды-бейнелеу (көркемдік)- 19 оқушы (13%); VI – коммуникативтік -16 оқушы (11%); VII- музыкалық – 40 оқушы (28%); VIII-көркемдік және бейнелік- 29 оқушы (20%); IX -филологиялық – 24 оқушы (18%).

Психологиялық зерттеудің нәтижелері дарынды балалармен пропедевтикалық жұмыс жасауға және мектептің зияткерлік тобын құруға негіз болып табылады.

Дарынды балаларды анықтаудың бір жолы - мектеп пәндік олимпиадасын өткізу. Дәстүр бойынша бірінші тоқсанның соңында жалпы білім беретін пәндер бойынша оқушылардың республикалық олимпиадасының мектеп кезеңі өткізілді. Олимпиадаға қатысу үшін оқушылардың 100%-ы мәлімделді. Олимпиадаға орта және жоғары буын (5-11 сыныптар) 429 оқушы қатысты, бұл балалардың жалпы санының 78%-. (549) құрайды. Пәндер бойынша талдау келесілерді көрсетті

<b>Пән</b>	<b>Өтініштің саны</b>	<b>Қатысушылардың саны</b>	<b>қатысу %</b>
Қазақ тілі	65	43	10
Орыс тілі	102	78	18
Ағылшын тілі	58	51	13
Қазақстан тарихы	62	55	13
Құқық	5	6	1
Математика	63	33	8
Физика	65	30	7
Информатика	26	23	0,4
Химия	19	18	4
География	19	14	3
Биология	43	42	10
Жаратылыстану	5	6	0,1
Көркем еңбек	52		12
Дене шынықтыру	82		19

2022-2023 және 2023-2024 о.ж. мектепшілік олимпиаданың сандық талдауы көрсеткендей, қатысушылардың ең көп саны орыс тілінен (18%), ағылшын тілінен және Қазақстан тарихы (13%), Қазақ тілі мен физикасы 10%. Қазақ тілі, физика және тарих пәндеріне қатысудың жоғары пайызын оның емтихан пәндері (9 және 11 сыныптар) екендігімен түсіндіруге болады, ағылшын тілі олимпиадасына әдетте мектептен тыс уақытта қосымша айналысатындар қатысады, орыс тіліне

қатысудың өте жоғары пайызы оқушылардың орыс тілінде ойлауына байланысты. Пәндер ең аз қызығушылық тудырды: химия (4%), география (3%), Құқық (1%), информатика (0.1%).

Психологиялық тест нәтижелерін және мектіпішілік пәндер олимпиада бойынша қатысушылар санын салыстырған кезде тікелей байланыс орнатуға болады: жаратылыстану-математикалық бағыт сұралған оқушылардың 16%-на сәйкес келеді, жаратылыстану-математикалық цикл бойынша олимпиадаға қатысатындар - оқушылардың 21%; қоғамдық-гуманитарлық бағыт оқушылардың 49%-на сәйкес келеді, қоғамдық-гуманитарлық цикл бойынша олимпиадаға қатысатындар - 54% оқушылар.

2020-2021 оқу жылынан бастап педагогикалық ұжым мектептің даму бағдарламасының "Жарқын болашақ" (дарынды балалармен жұмыс) бағытындағы іс-шараларды іске асыру бойынша жұмысын жалғастырды.

Педагогикалық ұжым жұмысының тиімділігінің басты көрсеткіштерінің бірі-оқушылардың пәндік олимпиадаларға, түрлі конкурстарға нәтижелі қатысуы. 3 жылдық салыстырмалы талдаудан 2023-2024 оқу жылында оқушылардың сан жағынан қатысуы көрсеткішінің төмендегі нәтижесін көруге болады.

<b>Облыстық, республикалық, халықаралық олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың жеңімпаздары (жүлдегерлері) атанған оқушылардың саны</b>	<b>2021-2022</b>	<b>2022-2023</b>	<b>2023-2024</b>
<b>Барлығы</b>	<b>69</b>	<b>98</b>	<b>97</b>
Халықаралық деңгей	1	3	0
Республикалық деңгей	1	1	2
Облыстық деңгей	17	25	8
Қалалық деңгей	50	60	87

2022-2023 және 2023-2024 жылдардағы зияткерлік жарыстар мен олимпиадалардың нәтижелерін салыстырмалы талдау мынаны көрсетті : қатысушылардың жалпы саны сақталған жағдайда - 97 – қалалық кезеңге қатысушылар саны-60-тан 87-ге дейін өсті, бұл ретте облыстық кезеңге (25-тен 8-ге дейін), республикалық кезеңге (10-дан 8-ге дейін) қатысушылар мен жүлдегерлер саны азайды 2), халықаралық жарыстарға қатысушылар мүлдем болған жоқ. Атаулы талдау көрсеткендей, 88 қатысушының екі жыл ішінде сабақтастық тек 13 оқушыда сақталады: Орал Г., тарих, мұғ Күзембаев А. С., Қуанышбай Д., құқық негіздері, мұғ Күзембаев А. С., Серікбаева Д. Орыс тілі, мұғалім Мейрханова А.О., Исаханова А. Көптілдік, мұғ. Турсунова Б. А., Мейрханова А. О. Сәдуақасова Б. Көптілік, мұғ. Турсунова Б. А., Кокишева Д. К. Қайыргелді Е. қазақ әдебиеті, мұғ Тұрсынова Б. А. / 10сын/, Оразбаева Б. к. /11 ұл/, Сайдаш Е. биология мұғ. Отарова А. Ж., Болат Ж. қазақ әдебиеті, Сүлеева Г. С., Зайкен А., қазақ тілі, мұғ Оразбаева Б.К.

**2 жыл бөлінісінде қалалық/облыстық/республикалық пәндер олимпиаданың жүлдегерлері мен жеңімпаздарының саны**

<b>Пән</b>	<b>2022-2023</b>			<b>2023-2024</b>		
	<b>Қала/обл/республика</b>			<b>Қала/обл/республика</b>		
	<b>5-6 сыныптар</b>	<b>7-8 сыныптар</b>	<b>9-11 сыныптар</b>	<b>5-6 сыныптар</b>	<b>7-8 сыныптар</b>	<b>9-11 сыныптар</b>
<b>Қазақ тілі</b>	2/1/0	1/0/0		1/0/0	1/0/0	2/0/0
<b>Орыс тілі</b>	1/0/0		2/0/0	1/0/0	2/0/0	2/0/0
<b>Ағылшын тілі</b>	2/0/0	1/0/0		1/0/0	2/0/0	2/0/0
<b>Қазақстан тарихы</b>	2/0/0		2/0/0			1/0/0
<b>Құқық негіздері</b>			1/0/0			1/0/0
<b>Математика</b>	1/0/0				2/0/0	
<b>Информатика</b>						
<b>Физика</b>					1/0/0	
<b>Химия</b>					2/0/0	

<b>Биология</b>					1/1/0	
<b>География</b>					2/0/0	
<b>Жаратылыстану</b>	1/0/0			1/0/0		

2022-2023 және 2023-2024 оқу жылдары кезеңінде жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6, 7-8, 9-11 сыныптардағы олимпиада нәтижелерін оқу пәндері бойынша талдау мыналарды көрсетті: қала деңгейінде тұрақты жоғары нәтижелер қоғамдық-гуманитарлық циклдің барлық пәндерін – қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, Қазақстан тарихы, құқық негіздері - көрсетеді; 2023-2024 нәтижелері оқу жылында қоғамдық-гуманитарлық циклдің барлық пәндері бойынша өсім көрсетіліп, 2023-2024 оқу жылында мектеп гуманитарлық циклдің «Үздік олимпиадалық командасы" номинациясы бойынша 3 дәрежелі дипломмен марапатталды. Жаратылыстану-математикалық цикл пәндері бойынша 7-8 сынып оқушыларында математика, физика, химия, биология, информатика пәндерінен өсім байқалады. Жаратылыстану бойынша нәтижелер өзгеріссіз. Информатика бойынша әлі де нәтиже жоқ.

Қорытынды: қалалық, облыстық кезеңдегі олимпиадаларға қатысудың оң динамикасы мен нәтижелілігі байқалады, бұл оқушыларды даярлау бойынша жүйелі, тұрақты жұмысты көрсетеді. Сонымен қатар, республикалық, халықаралық олимпиадаларға қатысушылар саны төмен болып қалуда. Дарынды балалармен жұмысты талдай отырып, мектепте оқушылар мен педагогтардың ғылыми-зерттеу қызметі жүргізіліп жатқанын, халықаралық, республикалық және облыстық деңгейдегі олимпиадаларда, ғылыми конкурстар мен жарыстарда елеулі жетістіктер бар екенін атап өткім келеді. Қабілетті және дарынды балаларды зерттеу және дамыту үшін функционалдық, педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудің стратегиясы мен тактикасы жетілдірілуде.

#### Ғылыми жобалар сайыстары мен оқулар

Жыл/байқау	Зерде Қала/обл/республика	Жоғары сынып оқушыларының ғылыми жобалар байқауы Қала/обл/республика	Аймақтық конференциялар, оқулар Қала/обл/республика
2022-2023	6/1/0	8/0/0	19/3/1
2023-2024	7/2/0	4/1/0	25/3/2

Ғылыми жобалар жарыстары мен оқулар бойынша нәтижелерді талдау мынаны көрсетті: сандық тұрғыдан қатысушылар санының шамалы өсуі байқалады. Бұл ретте сапалы өсім байқалады: облыстық және республикалық турға қатысушылар саны артты. Мазмұнды аспектіде қоғамдық-гуманитарлық цикл бойынша жұмыстар басым деп айтуға болады.

2024-2025 оқу жылының 1-тоқсанында мектеп оқушылары түрлі деңгейдегі зияткерлік сайыстарда төмендегідей нәтиже көрсетті:

	Олимпиада/байқау/оқулар	Қатысқан оқушының саны	Нәтиже Қала/обл/респ
1	ЗЕРДЕ	11	6/1
2	Қалалық отбасылық олимпиадасы	1 отбасы	1
3	Махамбет оқулары	5	1/1
4	Ақберен	4	3/0
5	5 сыныптарға арналған қалалық математикалық олимпиада	6	0
6	Президент олимпиадасы	1	0
7	Алтын сақа 3-4	6	Іріктеуден өтті
8	Алтын сақа 5-6	6	Іріктеуден өтті
9	Облыстық көптілдік олимпиада	3	2/ 1 облысқа өтті
10	Менің кіші Отаным	4	2
11	Республикалық зерттеу жобалар конкурсының қалалық кезеңі	12	6/2 облыстық кезеңіне іріктеуден өтті

12	Шәкәрім оқулары	5	2/1
13	Президент олимпиадасы	1	0
14	Жасөспірім олимпиадасы	9	1
15	Лидер ХХІ века	2	2
16	Математикалық АВАСА олимпиадасы	5	іріктеуден өтті/ 1 номинация
17	Тәуелсіздік ұланы	4	1 номинант

За период сентябрь – октябрь текущего года в интеллектуальных соревнованиях разного уровня приняли участие 77 учащихся и принесли в копилку школы 26 призовых мест в городе и 4 места в области. По результатам рейтинга общеобразовательных школ г.Павлодара, составленным «Павлодар Дарыны», наша школа находится на 7 месте.

### **Жалпы шешім:**

Оң нәтижелерге мыналар жатады:

1. Мектепте дарынды балалармен жұмыс ұйымдастырылып, жүргізілуде.
2. Зерттеу жұмыстарына қатысатын оқушылар мен мұғалімдердің саны өсті.
3. Балалармен жеке жұмыс ұйымдастырылған.
4. Жұмысты ұйымдастырудың белсенді формалары қолданылады.
5. Іс-шараларға, конкурстарға, олимпиадаларға қатысушылар саны артты.

Не істемеді:

1. Дарынды балалармен жеке пәндер бойынша зерттеу жұмыстары жеткіліксіз жүргізілуде
2. Әр түрлі себептермен барлық балалар мәлімделген зияткерлік шараларға қатыса алмады.

Келесі жылға арналған мақсаттар мен міндеттер: 2024 – 2025 оқу жылына арналған мақсат-дарынды және қабілетті балалардың оңтайлы дамуы үшін жағдай жасау жөніндегі жұмысты жалғастыру.

## **VII Тәрбие жұмысының іске асырылуын талдау**

### **2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ АТҚАРЫЛҒАН ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТАЛДАУЫ.**

#### **Мектептің тақырыбы: «Этномәдени білім беру»**

#### **Мектептің мақсаты :**

Этномәдени білім беру бойынша жобалық қызметті іске асыру арқылы кең спектрлі дағдыларды меңгеруді көрсету шеңберінде оқушылардың әлеуметтік ұтқырлықты көрсету үшін барынша қолайлы жағдай жасау бағытында мектептің ресурстық әлеуетін дамыту негізінде білім беру үдерісін ұйымдастыру шарттарын жетілдіру.

#### **1. КІРІСПЕ.**

*Талдау мақсаты* – мектептің білім беру жүйесі жағдайының талдауын жасау, оның дамуының ерекшеліктері мен проблемаларын анықтау, білім беру жүйесінің әлеуметтік-экономикалық саясатты жүзеге асырудағы үлесін бағалау үшін негізгі сипаттамасын көрсету. Бұл міндеттерді орындау үшін білім беру жүйесінің дамуының жағдайы мен дамуына әсер етуші факторлар туралы аналитикалық талдауға тоқталу қажет.

#### **II. Білім беру туралы мемлекеттік нормативті құжаттарды орындауға бағытталған қызметті ұйымдастыру**

2022-2023 оқу жылында мектеп бойынша Жалпы оқу Заңын орындау өз жоспарына сәйкес орындалды.

Мектепте жалпы 891 оқушы білім алуда 1-4 сыныпта 370 бала, 5-9 сыныпта 395 бала, 10-11 сыныпта 126 бала оқыды. I ауысымда 23 сынып, II ауысымда 14 сынып оқыды.

**Мақсаты:** Мектепте «Жалпы оқу» ұйымдастырылуын, мектеп жасындағы балаларының оқумен қамтылуын бақылау.

«Білім туралы» Заңының (8 бап, 2 тармақ) «6 жастан бастап 17 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдердің мектепке толық қатысуын қамтамасыз етуі» бөлігінде ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 22 ақпанындағы №255 және №738 қаулысын жүзеге асыру мақсатында республика көлемінде 2015

жылдың 9 қаңтарына дейін Жаппай оқумен қамту бойынша айлық өткізілді. Соңғы айлық барысында жүргізілген жұмыстар қорытындыланып, мектептің әлеуметтік картасы анықталды:

1.1. Мектептің әлеуметтік жағдайы:

Аз қамтамасыз етілген отбасы саны – 17;

Көп балалы отбасы – 425;

Толық емес отбасы – 464;

Жетім бала - 1.

2022-2023 оқу жылына жалпы оқу қорынан:

Жалпы сомасы	Ыстық тамаққа бөлінген қаражат	Жазғы демалысқа бөлінген қаражат
8609000т	5581800т	202500т

Аз қамтамасыз етілген отбасының балаларын киіммен қамтамасыз ету бойынша ақпарат

Атауы	саны	Бағасы	сомасы
Спорт киімі	50	13610т	680500т

Жалпы оқу қорынан мектептің аз қамтамасыз етілген оқушылар саны, жартылай жетім, көп балалы отбасы баларынан 425 бала тегін ыстық тамақпен қамтылып, қамқорлық көмекпен 2 бала, 1 бала арендатор көмегімен тамақтанды. Былтырғы оқу жылымен салыстарғанда ыстық тамақпен қамтуда 20 балаға өсіп отыр. Үйден оқытуға жататын балалар саны – 2 Сарсембаев Рамиль және Амаргала Айсана.

Тубвиражды 1 оқушыға мектеп медбикесі А.У. Кусаинова емдеу-терапиясын өз бақылауын алып, олардың күнделікті дәрісі мен дәруменін беруді өз бақылауына алып келді. Тегін тамақтануды ұйымдастыруда ас мәзірі аудандық санитарлы- эпидемиялогиялық орталықпен бекітілген. Тамақтың каллориялық мөлшері нормаға сай. Асхана барлық қажетті құрал- жабдықтармен толық жабдықталған.

2022 жылдың «Қамқоршы» күніне орай оқушыларды киіммен және кеңсе тауарларымен қамту бойынша пайдалану актісі негізінде «ЖК Журағат Өнер – Білім Орталығы» «An-nur» арқылы аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан 10 балаға 300000т және оқушыларды кеңсе тауарларымен қамту бойынша пайдалану актісі негізінде “Adal business club” 54176 т көлемінде спонсорлық көмек көрсетілді. Әлеуметтік қорғауды қажет ететін оқушылар тізімі сынып жетекшілер арқылы қайта тексерілді. Бұл жұмыс барысында сынып жетекшілер аз қамтамасыз етілген оқушылардың кеткен – келгенін анықтап, жағдайларын анықтау мақсатында оқушылардың өмір сүру жағдайларын зерттеу актілерін толтырды. Байқалған жағдайларына байланысты ата – аналарының өтініштерін жинады, ата – аналар комитетімен бірігіп, бір мезгіл тамақтануға және кеңсе тауарларға сұраныс жасады. Бұл жұмыс барысында сынып жетекшілер бөлмесінде ілінген оқушының жағдайын зерттеуде керекті құжаттар тізімінің үлгісін басшылыққа алды және баланың денсаулығына, тән саулығына әсерін тигізетін әлеуметтік жағдайлар: ол отбасының толық немесе толық болмауы, жанұядағы адам санына бөлінетін ата – анасының алатын еңбек көлемі, ата-ананың жұмыс істеу, не болмаса жұмыссыз болуы, отбасының берекелі не болмаса берекесіз болуы, тұратын баспана жағдайы, баланың жеке өз басының денсаулық ерекшелігі, егер ол мүгедек бала болса, соған байланысты қаражаттың жұмсалуды бақыланды. Осы айтып кеткен жұмыс көлемінің бәрі бүгінгі күні мектептің сынып жетекшілерінің атқарған жұмыстары болып отыр.

Жасөспірімдердің колледж және кәсіптік мектептердегі, лицейлердегі контингентінің сақталуы тексеріліп, қамтылмай қалған жасөспірімдердің жоқ екені анықталды.

Ондағы барлық оқушылардың анықтамалары алынды.

Айлық барысында 28 рейд оқушылардың түнгі жүрістерін шектеу мақсатында жүргізілсе, жасөспірімдердің зиянды заттарды қолданудың алдын алу мақсатында қоғамдық орындарға күндізгі 26 рейд жасалды.

Құқық бұзушылықтың алдын алу және оқушылардың құқықтық білімін арттыру мақсатында мектебіміздің әлеуметтік педагогымен бірлесе жоспар бойынша жұмыстар атқарылды.

«Құқықтық тәрбие» атты - 21 кездесу өтті.

Учаскелік инспектормен – 9 кездесу

Кезекті ҚДН отырысы – 0

Қауіпті топ тізімінде тұрған оқушылардың ата – аналарымен кездесу - 4

Қыркүйек айында жалпы мектепшілік ата-аналар конференциясы өткізілді, ата-аналар комитеті жыл бойы мектебімізде түрлі өтіп жатқан іс – шараларға белсене ат салысты. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ұйымдастырылған түнгі кезекшілікке үнемі қатысып отырды.

Жалпы оқу айлығы барысында:

1. Негізгі мектепті бітіруші оқушылардың оқумен қамтылғаны толық анықталды.
2. «Қамқорлық» акциясы аясында 10 балаға материалдық көмек көрсетілді.
3. Оқушылардың тасымалын ұйымдастыру уақытында жүргізіліп тұрды.
4. Оқушыларды ыстық тамақпен қамтуды ұйымдастыру жалпы оқу қорынан 425 бала тегін ыстық тамақпен қамтылған.
5. Оқушылардың күнделікті сабаққа қатысуы үнемі бақылауда.

### **Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысы**

Мектепте жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу мақсатында оқушылардың түнгі уақытын қадағалауы үшін мұғалімдер ұжымынан және ата-аналар комитетінен құралған кезекшіліктер өткізілді. Кезекшіліктің мақсаты, оқушылардың түнгі бос уақыттарын қадағалау, құқық бұзушылықтың алдын алу.

Оңтүстік Ішкі Істер бөлімі тізімінде тұрған оқушы - Жусупов Шерханали. Бұл бала – «Павлодар қаласының Отбасылық үлгідегі балалар ауылы» КММ тәрбиеленушісі және 14-мектептің оқушысы біздің мектепке 2022-жылы мамыр айында ауыстырылған. ОПБ есепте және мектепшілік бақылауда тұрды, яғни оқушының сабаққа қатысуы бақыланды, бос уақыты ұйымдастырылды. Оқушыға жеке картотека ашылып, сол бойынша мектептің әлеуметтік педагогы және сынып жетекшілері жұмыс атқарды. Жыл көлемінде оқушыға қоғамдық тәрбиеші тіркелген. Аталған оқушы бос уақытында мектептегі спорт секцияларына, волейбол үйірмесіне, сонымен қатар, оқу центріне қатысады. 2022-2023 жылды сәтті аяқтап, Павлодар қаласының Ақпараттық технологиялар колледжіне оқуға түсті.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында мектебімізде 9-11 сыныптар арасында қыркүйек айында «Құқықты біз қалай түсінеміз?», қазан айында «Құқық бұзушылықтың алдын алу-басты міндет», қараша айында «Діни экстремизм», желтоқсан айында «Өмірдің мәні», қаңтар айында «Ата Заң», ақпан айында «Қоғамдық нәлдік төзімділік», наурыз айында «Жасөспірімдерді қылмысқа итермелейтін не?», сәуір айында «Бопсалаушылық», мамыр айында «Дөңгелек үстел» -атты кездесулер өтті. Кездесулерді тәрбие ісінің менгерушілері, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер, психолог, жасөспірімдер ісінің инспекторы бірлесіп өткізді.

2022 жылдың 15-қыркүйек күні мектепшілік құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің комиссиясының отырысы өтті, күн тәртібінде құқық бұзушылықтың алдын-алу кеңесінің 2022-2023 оқу жылының құрамын анықтап бекіту.

2022 жылдың 27-қазан күні мектепшілік құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің комиссиясының отырысы өтті, күн тәртібінде бірінші тоқсан қорытындысы бойынша қауіпті топ тізіміндегі оқушылар мен ата-аналармен онлайн кездесу.

2022 жылдың 9-қараша күні мектепшілік құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің комиссиясының отырысы өтті, күн тәртібінде мектеп ережесі, ұялы телефондарды қолданбау.

2022 жылдың 22-желтоқсан күні мектепшілік құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің комиссиясының отырысы өтті, күн тәртібінде екінші тоқсан бойынша қауіпті топ тізімінде тұрған оқушылар мен ата-аналармен кездесу, оқушылар арасында демалыс күндері құқық бұзушылық болдырмау.

## **2022-2023 оқу жылында оқушылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру бағдарламасын жүзеге асыру жұмысының талдауы.**

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 982 Қаулысы негізінде салауатты өмір салтын қалыптастыру бағдарламасы бойынша 9 ай бойы мектебімізде салауатты өмір салтын жаппай насихаттау, үгіттеу, қалыптастыру мақсатында әр түрлі шаралар ұйымдастырылып өз мезетінде өткізілді.

2022-2023 оқу жылының қазан айында өткізілген «Дұрыс тамақтану, күн тәртібін дұрыс жоспарлау» іс-шаралары бойынша онкүндік өтті. Айлық барысында оқушыларға СӨС-на байланысты іс-шаралар өткізілді. Атап айтсақ «Дені сау ұрпақ - жарқын болашақ», «Өзгенің қатесі – өзіңе сабақ» атты ай бойы 5-6 сынып оқушыларына сауалнама жүргізілді. «Жыныстық тәрбие берудің кейбір тиімді жолдары» атты қыздар кент дәрігерімен жиналысы өткізілді. Оқушылар ай бойы туберкулез туралы ақпарат жинады.

2022-2023 оқу жылының қараша айында «Дұрыс тамақтану» және «Таза қолдар» айлығы өтті. Айлық барысында темекі шегу, алкоголь, нашақорлық айлығының профилактикасын медбике, сынып жетекшілердің қатысуымен өткізілді. Оқушылармен «Дәрумендер», «Зиянды заттардың адам ағзасына әсері» атты тақырыпта дәрігерлермен кездесу өтті. Ай бойы мектебімізде «Туберкулездың алдын алу» атты тақырыпта сынып жетекшілер тәрбие сағаттарын өткізді. Мұнда өкпе туберкулезі туралы және одан сақтанудың жолдары туралы кеңестер берілді. Мектеп медбикесінің ұйымдастыруымен лекция сабағы ұйымдастырылды. Ата-аналар арасында құрт ауруының алдын алу шараларын ұйымдастыру мақсатында «Сақтан, құрт ауруынан!» атты лекция оқылды.

2022-2023 оқу жылының желтоқсан айында өткізілген ЖҚТБ-ға қарсы күрес айлығы өтті. Айлық барысында оқушыларға СӨС-на байланысты іс-шаралар өткізілді. Атап айтсақ «Біз СПИД-ке қарсымыз» атты (5-11 сынып) zoom платформасы арқылы дебат әңгіме жүргізілді.

2022-2023 оқу жылының қаңтар айында өткізілген «Кароновирустан қалай сақтану» айлығы өтті. Айлық барысында өзім «Тұмау дертінен айығудың бір жолы» атты баяндама оқыдым. Онда 250 оқушы қатысты. Ай бойы «Дені сау ұрпақ - жарқын болашақ» атты тақырыпта сынып жетекшілер тәрбие сағатын өткізді. 9 «А» Сынып жетекшісі Б.А.Турсунова «Салауатты өмір – көтеріңкі көңіл» атты тәрбие сағатын өткізді. Салауатты өмір салтының бағыттаушысы З.К.Жумажанова 5-сынып оқушыларына «Тұмаудан қалай қорғануға болады» атты тақырыпта түсіндірмелі жұмыс жүргізді.

2022-2023 оқу жылының ақпан айында өткізілген «Салауатты өмір салтын қалыптастыруды насихаттау» іс-шаралар өткізілді. Мектебіміздің медбикесі А.У. Кусаинова, мектебіміздің психологтары С.Ж.Шегір, Г.О.Ахметова, ДТЖО Р.Ж.Саденова қатысқан ауқымды кездесу өтті. Бұл іс-шараның мақсаты – қыз баланың ерте жастан жыныстық қатынасқа түсуінің зияны мен қасіреттері туралы, ерте жүктіліктің алдын алу туралы кеңес береді. А.У. Кусаинова кездесетін жұқпалы жыныстық аурулардың түрлеріне, оның жұғу жолдары туралы тоқталды. Оқушылар қойылған сұрақтарға түсінікті түрде жауап берді. Жалпы жұқпалы аурулармен ауырмау үшін жеке бас гигиенасын қатаң түрде сақтау керек деп кеңес берді. Мектеп психологы С.Ж.Шегір қыздар арасындағы дөрекілік, жеңілтектік мінездерді ұл балаларға көрсетпеу керек, себебі ұлдар арасында өзінді сыйлаудан қалдырасың. Қыздар бір-бірімен әдепті, инабатты қарым – қатынаста болуы тиіс. Жалпы қазақ қыздарына тән мінезді болуға шақырды.

Салауатты өмір салтына денешынықтыру, спорт, дене тәрбиесі, туризм, халықаралық туризм, табиғатқа серуен, таза ауада жүру жатады. Кешкі тамақтан соң, таза ауада бір-екі сағат серуен құрып, ұйықтаудың пайдасы зор. Ұйқы 7-8 сағаттан кем болмауы тиіс. Әр адам жыл сайын бір рет еңбек демалысын тиімді пайдаланғаны жөн. Барлық кезде тамақты жаңадан дайындап ішкен дұрыс. Алланың табиғатты адам үшін жаратқанын және парыз еткенін, тіршілігінде қажетіне дұрыс пайдалануды, денсаулығына зиян келмейтіндей жағдайда болуын қадағалауды салауатты өмір салты деп ұғамыз.

Адам денсаулығына зиянын тигізетін жат әдеттерден аулақ болғаны жөн. Енді оларға не жататынына тоқтала кетейік: Олар – темекі тарту, спирттік ішімдіктерге, есірткілік заттарға салыну. Арақтың орнына қымыз бен қымыран іш, темекі тартудың орнына таза ауада көбірек жүр. Жастарға есірткіні пайдаланба, көңіл



көтеретін мәдени көпшілік орындарына баруды әдетке айналдыр дер едім. Еңбек адамды тәрбиелейді. Сондықтан жұмыс істеуден қашпаған жөн.

Қорыта келе медицина қызметкерлерінің кәсіби тірлігі ғана емес, бүкіл қоғамның тұтас денсаулық сақтауға және нығайтуға арналған үйлескен іс-қимыл әрекеттерінің жемісі екенін баршамыз да ұғынуға тиіспіз. Сонда ғана қоршаған ортаны сақтай отырып, таза су ішіп, дұрыс тамақтанып, салауатты өмір салттарын тұрақты қалыптастырсақ болашақтың жарқын кепілі. Жалпы осы тақырып толығымен оқушыларға түсіндірілді.

Тәрбие жоспары 2022-2023 жылға дейінгі арналған кешенді бағдарламасы негізінде жасалған. Мектептің тәрбие жұмысының негізгі бағыты болып құқықтық тәрбие, адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға, патриоттық тәрбиеге, эстетикалық тәрбиеге көп көңіл бөлінеді. ҚР рәміздерін насихаттау, оқушыларды ұлтжандылыққа тәрбиелеу сынып сағаттары, әр түрлі мектепшілік іс шаралар арқылы жүргізіледі.

Мектептің жылдық жоспарына сай айлық, апталық жоспарлар жасалынды. Қыркүйек айынан бастап мамыр айына дейін жылдық жоспар бойынша жоспарланған іс шаралар атқарылды.

Тәрбие жүйесі негізгі 8 бағытты қамтиды:

### **1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие**

Мақсаты: Отанға деген тиімді және эмоционалдық қарым-қатынас, саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын мемлекет пен қоғамның заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын патриот пен азаматты қалыптастыру.

### **2. Рухани-адамгершілік тәрбие**

Мақсаты: жалпы адамзаттық құндылықтар, өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен қазақстандық қоғаммен келісіліп отырып, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын жаңғырту туралы терең түсінігін қалыптастыру.

### **3. Ұлттық тәрбие**

Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, ана мен мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этникалық топтарына құрмет көрсету.

### **4. Отбасылық тәрбие**

Мақсаты: ата - аналарды ағарту, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

### **5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие**

Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қарым-қатынасты қалыптастыру, тұлғаның экономикалық ойлау және экологиялық мәдениетін дамыту.

### **6. Полимәдени және көркем-эстетикалық тәрбие**

Мақсаты: мінез-құлықтың жалпы мәдени дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық объектілерді қабылдауға, игеруге, бағалауға дайындығын дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

### **7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі**

Мақсаты: әр тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

### **8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**

Мақсаты: салауатты өмір салтын қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау үшін кеңістік құру.

### ***Мектептің оқушылармен және ата-аналармен жасалатын тәрбие жұмысы.***

**Мектептегі тәрбие жұмысының мақсаты:** Білімді де білікті, жан-жақты дамыған ұлттық сана-сезімі оянған, ұлттық мәдениетті бойына сіңірген, парасатты, өз құқығын білетін жеке тұлға тәрбиелеу.

#### **Міндеттері:**

1. Жеке тұлғаның ақыл-ой мәдениетін дамыту.

2. Жеке тұлғаның адамгершілік, имандылық құндылықтарын қалыптастыру.

3. Оқушының құқықтық мәдениетін, эстетикалық мәдениетін дамыту, жерін, тілін сүйе, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Мектептің жылдық тәрбие жоспары «Барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарын» (2017) басшылыққа алып жасалған.

Мектептің тәрбие жұмысының негізгі бағыты ретінде құқықтық тәрбиеге, адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға, патриоттық тәрбиеге, салауатты өмір салтын қалыптастыру тәрбиесіне көп көңіл бөлінеді. ҚР рәміздерін насихаттау, оқушыларды ұлтжандылыққа тәрбиелеу сынып сағаттары, әртүрлі мектепішілік іс-шаралар арқылы жүргізіледі.

**Рухани-адамгершілік тәрбие бойынша**, «Имандылық-қастерлі қасиет» атты сыныптарда тәрбие сағаты, «Қарттарын қадірлеген ел» мектепішілік концерттік бағдарлама, Ұстаздар күніне орай «Ұстазым менің ұстазым» атты әдеби кеш, «Достықты қадірлей білеміз бе?» тәрбие сағаты, «Қызға қырық үйден тыйым» қыздар жиналысы, «Махаббат пен шығармашылық педагогикасы» атты дәстүрлі онкүндік, Ш.Қалдаяқовқа арнап, «Қазақ вальсінің королі» атты әдеби сазды танымдық кеш атты тәрбиелік-іс шаралар өткізілді.

**Ұлттық тәрбие негізінде**, «Қазақ баласы деген атқа сай болып, ұлттық әдет, салт дәстүрден аттама» тақырыбында салт-дәстүрлер бойынша қойылымдар сайысы, «Ұлттық ойын-ұлтымыздың айнасы» ұлттық ойындар жарысы, «Нұр себеле, Ұлыстың Ұлы күні» тақырыбында наурыз мейрамы тойланып, мамыр айында «Жігіт сұлтаны» сайысы өткізілмек.

**Отбасы тәрбиесіне** байланысты әр тоқсан сайын «Ата-аналар жиналысы», «Жұлдызды отбасы» әндер сайысы, «Әкем, анам және мен» спорттық-эстафеталық жарыс, «Жүректен-жүрекке» атты қамқоршысыз қалған балалардың қамқоршыларымен кездесу, «Отбасы-өмір аясы», «Өнеге отбасынан» тәрбие сағаттары, «Толағай» отбасылық спорттық-музыкалық сайыс, «Ардақтайық ананы» атты мерекелік концерт өткізілді.

**Еңбек, экономикалық, және экологиялық тәрбие бойынша** «Qazaq-fest-2022» оқушылар жәрмеңкесі, «Алтын күз» мерекесі, «Табиғаттың айнасы-құс» сынып сағаты, «Атадан мал қалғанша тал қалсын» сәуір айында көгалдандыру айлығы атты тәрбие сағаттары өткізілді.

Рухани зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі беру мақсатында «Тілдің үштұғырлығы» атты полиглот сайысы, «Жарқыра жалындай түс көгілдір от - 2022» тақырыбында әдеби-музыкалық кеш өткізілді. Республикалық «Алғыс айту» күніне байланысты онкүндік шара ұйымдастырылды.

**Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетке тәрбиелеу мақсатында** орта буын оқушылары арасында «21-ғасыр көшбасшысы» интеллектуалдық ойыны, бастауыш сыныптар арасында «Компьютердің пайдасы мен зияны», «Қауіпті ойындар туралы ақпараттық кештер ұйымдастырылды».

**Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын ұйымдастыру** негізінде «Денсаулық фестивалі», «Денсаулық-терең байлық» атты ай сайын медбикемен кеңес, «Біз өмірді таңдаймыз», «Біз таңдаған өмір», «Біз өмірге құштармыз!» атты психолог, әлеуметтік педагог, тәрбие ісінің меңгерушілерімен бірлескен психологиялық тренинг, тәрбиелік іс-шаралар өткізілді, «Жыныстық тиіспеушіліктің көрінісін байқаған кезде жасалатын іс-әрекеттер», «Жыныстық қарым-қатынаспен таралатын ауру түрлері» атты мектеп медбикесі мен кент дәрігер гинекологымен ашық әңгіме өткізілді. «Зорлық-зомбылықсыз және қатыгездіксіз балалық шақ» айлығы ұйымдастырылып, мектептің әлеуметтік педагогы, тәрбие ісінің меңгерушілері, психолог, сөс координаторлары бірігіп сыныптармен кездесулер, әңгіме, дөңгелек үстел өткізді.

«Қызым-үйде, қылығы-түзде»... ерте жүктіліктің салдары қандай? тақырыбында қыздар жиналысы өткізілді. «Ата-ананың жауапкершілігі және отбасындағы жыныстық тәрбиенің жүргізілуі, ата-ананың мәдениеттілігі, Мен қандай ата-анамын?» тақырыбында ата-аналар конференциясы өткізілді. П.К.Ивановтың «Детка» бағдарламасы бойынша танымдық сағат, «Туберкулез әлемдік проблема» тақырыбында сыныптар арасында тәрбие сағаттары өткізілді.

ҚР Тәуелсіздінің 31-жылдығына арнап, «Кәсіби және тиімді мемлекет» тақырыбында «Мәңгілік ел», «Тәуелсіз Қазақ елі», «Қазақстан туы-алғаш ғарышта», «Болашақ бүгіннен

басталады» атты тәрбие сағаттары, «Дені сау ұрпақ-бүгіннен басталады тақырыбын» негізге ала отырып, «Спорт-денсаулық кепілі», Қысқы спорттық ойындардан түрлі жарыстар өткізілді. Наурыз айында «Наурыз-жарқын болашақтың ұлты, ұлы дала дәстүрлері» атты айлық ұйымдастырылып, «Қыз сыны, салт-дәстүрлер, Наурыз» мерекесі тойланды.

Сәуір айында денешынықтыру мұғалімі С.К.Жумаханованың ұйымдастыруымен «Ұлттық ойын- ұлтымыздың айнасы» атты ұлттық ойындар сайысы, оның ішінде «асық ату» ойынынан мектепшілік жарыс өткізілді. «Әке көрген оқ жонар...» атты 5-6-сыныптар және 2-3 сыныптар арасында сайыс өтті. Павлодар облысы бойынша Павлодар қаласының «Сенімен болашақ» ұйымының басшысы Хызыр Жанарыс әкелер мектебінің ұйымдастыруымен кеш өткізілді. Әр сыныптан әкелер келіп, ұлдармен өзара пікір, кеңес болды. «Табиғаттың айнасы-күс» атты 6-сынып оқушылары арасында сынып сағаттары өткізілді. Сонымен бірге сәуір айында «Тілдің үштұғырлығы» атты тәлімгер және тіл мамандарының ұйымдастыруымен полиглот ұйымдастырылды. 9-10 сынып жетекшісі В.А.Иванова ұйымдастыруымен «21 ғасыр көшбасшысы» интеллектуалды ойыны өтті. Мамыр айында «Бірлігі жарасқан тәуелсіз елім бар» 2-11-сынып оқушылары арасында 1 мамыр мерекесіне арналған ұлттар достығы фестивалі, 9-мамыр Женіс мерекесіне арналып, «Қалқан әскери патриоттық ойынынан» алқаптық сайыс, 7 мамыр ҚР Отан Қорғаушылар күні қарсаңында «Жігіт сұлтаны» сайысы өткізілді. «Чернобыль апаттарын еске алу» кинофильмдері көрсетіліп, 10-сынып оқушыларына арналған танымдық тәрбие сағаты өткізілді.

Әр ай сайын «Құқық бұзушылықтың алдын алуға» байланысты жасөспірімдер инспекторымен кеңес және мектеп медбикесі ай сайын «Тазалық-денсаулық кепілі» атты дәрігерлік кеңес өткізіліп отырылды. Сонымен қатар, 2016 жылы құрылған мектебідің «Ашық жүрек» еріктілер тобы 3-мөлтекаудан ардагерлерінің ауласын, мектеп ауласында сенбілік жасалып, сонымен қатар, өңіріміздің қасиетті жерлерлерге Баянауыл ауданындағы Жанажол аулындағы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының кесенесін, Хазірет Тленшіұлының кесенесіне барып, сенбіліктер жасалды.

25-мамыр «Соңғы қоңырау» мерекесі, 15 маусым «Түлектер кеші» өткізіліп, 2022-2023 оқу жылы табысты аяқталды.

## **2022-2023 оқу жылында облыстық жобаларды іске асыру мақсатында өткізген іс-шаралар**

### **Тақырыбы: «Адал friends» жобасы**

«Адал friends» мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған облыстық жобасының ережелері ұйымдастыру және жүзеге асу тәртібін бекітеді.

**Жобаның мақсаты:** Жүйелі түрде көмек қолын созу, үйінде білім алатын балаларға жұртшылықтың назарын аударып оларға деген ілтипат ұялату, БАҚ құралдарымен әлеуметтік желілерді қалыптастыру және фото мен бейне есептерді жариялап отыруды қалыптастыру. «Адал friends» жобасы облыстық білім беру ұйымдарында білім алушылардың бойында жанашырлық, құрмет және мүмкіндігі шектеулі жандардың мүмкіндіктерін түсінуге жол ашады.

### **Жоба міндеттері:**

1. Білім алушылардың бойында сыныптастарына деген қарым-қатынасты өзгеру;
2. Көмек қолына мұқтаж жандарға жәрдемдесуге дайын болуды үйрену;
3. Мүмкіндігі шектеулі жандарға жасаған істері үшін жауапкершілікті тәрбиелейді.

**Жоба қатысушылары:** 1-11 сынып оқушылары, ата-аналары

**Жоба мерзімі:** қыркүйек – мамыр

Тақырыбы: «Менің Туым» облыстық жобасы

Жобаның мақсаты:

Аталмыш жоба азаматтардың патриоттық құндылықтарын қалыптастыру, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне құрметпен қарау, халқымыздың дәстүрлері мен еліміздің өткен тарих мұраларымызды құрметтеу, жас ұрпақтың белсенді азаматтық ұстанымдарын қалыптастырып, патриоттық рухты күшейту мақсатында өткізіледі.

### **Міндеттері:**

Балалар мен жастарды азаматтық-патриоттық бағыттағы әлеуметтік маңызды іс-шараларға тарту. Облыс тұрғындары арасында моральдық-рухани қағидаларды сақтау және дамыту. Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, мемлекеттік рәміздерге аса құрметпен намыспен қарау.

**Жобаға қатысушылар:** Оқушылар, ұстаздар, ата-аналар

### **Жоба кезеңдері: 3**

**Дайындық кезең:** 1 қыркүйекке дейін

**Негізгі кезең:** 1-ші қыркүйектен 25-ші мамырға дейін

**Қорытынды кезең:** 4 маусым ҚР рәміздер күні

**Тақырыбы:** «Family day» отбасылық шарасы

### **Жобаның мақсаты мен міндеттері:**

Отбасылық дәстүрді отбасындағы тәрбиемен әлеуметтік-мәдени құндылықтарды қалыптасытру арқылы жүзеге асады.

- Жалпы адамзаттық мүдделерді дамыту арқылы отбасылық бірлестікті қалыптасытру;
- Ұлттық салт-дәстүрді ұлттық тағадар арқылы баланың бойына сіңіру;
- Жеке шығармашылығын дамыту үшін жағдай жасау.

### **Жобаның қатысушылары: мектеп оқушылары, ата-аналар.**

### **«Family day» жобасы дегеніміз:**

1. Отбасылық тағам жасау мәзірі бойынша ата-аналар мен оқушылардың бірігіп бәліш пісіруі. (ұрпақтан ұрпаққа мирас болып қалған отбасылық ас мәзірі құпталады);
2. Өз жасаған тағамын таныстыру, бәліштің түрі бағаланып, тарихы баяндалуы тиіс.
3. Бұл жобадан соң танымал адамдарды шақырып аналар мектебі, дөңгелек үстелдер, отбасылық қонақжайлар өткізіп, ең үздік тағам рецептерін жинақтау.

### **Жобаның өткізілу күндері:**

#### **Іс-шараны өткізу:**

1-4 сыныптар - 13 қыркүйек 2022 ж. – Қазақстан Республикасының Отбасы күні шеңберінде «Family day» мерекесін өткізу;

5-8 сыныптар - 6 наурыз 2023 ж. - 8-наурыз Халықаралық әйелдер күні қарсаңында «Family day» мерекесін өткізу;

9-11 сыныптар - 20 наурыз 2023 ж. – Ұлыстың Ұлы күні наурыз мерекесі аясында «Family day» мерекесін өткізу;

### **Жоба атауы: Облыстық «Шаңырақ» жобасы**

#### **Жоба қатысушылары:**

Мектеп оқушылары, ата-аналар, ұстаздар

#### **Жобаның мақсаты:**

- Мектептің оқушылар және педагогикалық ұжымдарының қазақтың ұлттық киіз үйін жасауы;
- Ұлттық шығармашылықты жандандыру және дамыту, қазақ мәдениетінің дәстүрлерін көбейту;
- Өскелең ұрпақтың эстетикалық, еңбек, отбасылық, ұлттық және патриоттық тәрбиесі.

#### **Жобаның міндеттері:**

- Оқушылардың алдағы өмірге қажетті білім, еңбек біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру
- Оқушылардың танымдық қызығушылығын одан әрі дамыту үшін қалыптастыру.
- балалардың оң мотивациясын қолдау және нығайту.

### **Жобаны іске асырудың мерзімі: қыркүйек – наурыз**

#### **Тақырыбы: «Жақсылық жаса» пластикалық қалпақшаларды жинау акциясы**

**Өткізу мерзімі:** Қыркүйектен сәуір айына дейін. Тіркеу пунктiне тапсыру - 2022 жылғы 7 желтоқсан және 2022 жылғы 19 сәуір.

**Акцияның мақсаты:** Экологиялық мәдениет деңгейін көтеру, өсіп келе жатқан ұрпақтың ортасында өзінің әлеуметтік маңыздылығын, қайырымдылық сезімін қалыптастыру.

#### **Акция барысы:**

- Қажет: қақпақшаларды жинау, қабылдау пунктiне тапсыру, түскен қаражатты ауыр науқас балалар мен көмекке мұқтаж басқа адамдарға бағыттау. Әр адам көмектесе алады, сонымен бірге қаржылық шығындар жоқ.

- Түскен ақша қайырымдылыққа кетеді. Неліктен мұндай қалдықтар түрі? Себебі, қақпақшалар өте шағын болғандықтан, оларды, мысалы, бес литрлік пластмасса бөтелкелерде, қапшықтарда сақталуы мүмкін, олар толтырылған кезде мектепке тапсыру сондай-ақ мектептерде әр сыныпта қақпақтарды жинау үшін контейнер немесе бес литрлік пластикалық бөтелке орнату қажет. Мектеп әкімшілігі жинақталған қақпақтар үшін сақтау бөлмесін ұйымдастырады.

## **«Жас Ұлан ұйымының» 2022-2023 оқу жылында атқарған жұмысы туралы**

**Мақсаты:** 2022-2023 оқу жылы тәрбие ісінің меңгерушісімен келісілген, мектеп басшысымен бекітілген жоспарға сай аға тәлімгердің және бірыңғай балалар мен жасөспірімдер Жас Ұлан ұйымының жұмыс жоспары қыркүйек айында жұмысын жалғастырды.

**Қыркүйек.** Мектептің «Жас Ұлан» ұйымының топ белсенділерін қайта қарастыру жұмыстары жүргізілді. Бірінші отырыс 2022-2023 жылы «Ұланбасы» болып сайланған оқу үздігі, мектептің мақтанышы, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысатын 10 –сынып оқушысы **Байзаков Ерасыл** мектеп Президенті боп сайланды. «Ұланбасының орынбасары» Мустафина Аружан, «Салауатты өмір салты бөлімінің басқарушысы» Байясхан Насихат, «Ақпарат бөлім басы» Даулетова Диляра, «Ғылыми, Мәдени-тәрбиелік бөлімбасы» Слямова Малика.

«Мектеп омбудсмены» міндетіне оқу үздігі, мектептің мақтанышы, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысатын 10 –сынып оқушысы **Мустафина Аружан**, «Омбудсменнің орынбасары» ретінде Слямова Малика, сонымен қатар, 9 және 7 сынып оқушылары арасынан топ белсенділері де сайланды. Омбудсмендер ереже бойынша дәлізде кезекшілік атқарып, құқық пәнінің мұғалімінен дәріс алып, құқық қорғау органдарымен де тығыз жұмыс жасады. Жоғары аталып кеткендерден дәріс немесе басқа да ақпарат алып жүрді. Сыныптарға «Құқық» тақырыбында шаралыр ұйымдастыра алды.

2022-2023 оқу жылы онлайн жүйесінде оқуын бастағалы, барлық өткен іс-шаралар онлайн форматта жүзеге асты.

Отбасы күніне орай онкүндік ұйымдастырылды. Түрлі шаралар фото көрме, сурет көрмесі, мүшайра мен мәнерлеп оқу сайыстары және «Отбасындағы бала құқығы» атты шара топ белсенділерімен жалғасын тапты. Онымен қоса, Family day онлайн облыстық жобаға да, Жас Ұлан ұйымының қатысушылары қатысты.

**Қазан.** Қарттар күніне қарт ардагер ұстаздарды құттықтау, «Ұстазым- ұлағатым» атты бейнебайқау ұйымдастырылды, құстарға арналған кафе облыстық акция, «Жақсылық жаса» Республикалық акция, «Ар намысты арқалаған рухты батыр- Бауыржан» атты танымдық сағат, «Бауырсақ - ПАТИ» байқауы өтті.

1-11 сыныптар арасында Мерейлі «Алтын күз» мерекесін ұйымдастырды.

**Қараша.** «Мен және кітап» онлайн марафон, «На Easy» облыстық жобаға қатысты, «Мейірімділік - fest» мейірімділік науқаны ұйымдастырылды, бір-біріне «Қамқор бол!» тәрбие сағатын ұйымдастыру.

**Желтоқсан.** Бірінші сыныптарды мектептегі мұражай кабинетімен және кітапханада ұйымдастырылған кітап көрмесімен таныстыру, Елбасы туралы ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді. «Қазақстан балалар көзімен!» челленжіне қатысты, «Тарихтағы бір парақ» атты мүшайра сайысын ұйымдастырды, «Менің туым» облыстық акцияға қатысты, «Қазақстан- балалар көзімен» облыстық челленджіне қатысты, Жас Ұлан Жас Қыран ұйымына оқушыларды қабылдау, «Қош келдің, шуақты 2023 жыл» қолөнер байқауын, «Менің шыршам ең әдемі» селфи байқауын ұйымдастыру.

**Қаңтар.** «Мен және менің қауіпсіздігім»- атты тәрбие минуттары, облыстық «Құстарға арналған кафе» акциясына қатысу, «30 жыл алға ұмтылыс» атты тәрбие сағаты ұйымдастырылды.

**Ақпан.** «Өз қолыңызбен жақсылық жаса» атты нақауқанға қатысты. «Мұқағали Мақатаев-мәңгілік ғұмыр» танымдық сағаты өтті. «Иммунитет деген не?» тәрбие минуттары. 7 сыныптар арасында.

**Наурыз.** «Көктем келді» ірге газеті шығарылды, «Алғыс» бейнебаян байқауы ұйымдастырылды. «Ана -өмірдің гүлі» шығарма сайысы, «Сен салт дәстүрді білесің бе?» тәрбие минуттары, «Ұлыс оң болсын» суреттер марафоны. «Қазынам - ұлттық киімім» челленджіне қатысты, «Әжемнің ертегілері» атты акцияға қатысты, «Жеті ата мен Бата» атты байқауға қатысты.

**Сәуір.** «Көңілді әзілдер» байқауы, «Құстар біздің досымыз» тәрбие минуттары және облыстық акция қатысты, «Ғарыш әлемі» суреттер байқауы.

**Мамыр.** Мәдениет үйіне саяхат 3- сыныптарды словян оталғымен таныстыру жұмысы, «Бірлігіміз жарасқын» атты кештің сахнаны безендіру жұмысы ұйымдастырылды. «Таза аула-таза

ауа» акциясына қатысты. «Ертістің киелі жеріне саяхат» байқауына қатысты, «Қазақтың балуаны - Қажымұқан», Патриоттық ән байқауына қатысты. «Сыңғырла соңғы қоңырау» атты мерекесіне безендіру жұмыстары ұйымдастырылды.

**Ұсыныс.** «Жас Ұлан» ұйымының аудандық, облыстық, республикалық байқауларына қатысу. «Тимуршылар» тобын ұйымдастыру, 25 қайырымды шара жоспарын құру, БАҚ мақала жіберу, жоспардың орындалмаған тұстарын қайта қарау, жандандыру.

### **Кітапхананың 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспар бойынша өткен іс-шараларының қорытындысы.**

Мектеп кітапханасы қазіргі заманғы ақпараттық қоғамда табысты болу үшін қажетті ақпарат пен идеяларды қамтамасыз еткенде, білім маңызды рөл атқарады.

Кітапхана 3-қабатта орналасқан және 67,8 шаршы метр аумақты алып жатқан бір кабинетке орналасқан.

Кітапханада кітапханашының жұмыс орны және оқырмандарға арналған орындар бар: 10 орындық коворкинг залында, ғаламтор пайдаланушылар үшін 5 компьютер бар, оқулықтарды сақтау үшін жабдықталған қойма кабинеті бар. Кітапхананың оқу залы, кітапхана абонементімен бірге орналасқан. Оқу залында маңызды ақпараттық хабарламаларды қамтитын 8 көрме стеллаждар бар. Жарықтандыру санитарлық-гигиеналық талаптарға сай келеді.

Кітапханада жұмыс істеуге қолайлы психологиялық жағдай қалыптасқан. Көркем безендірілген суреттер, қажетті энциклопедиялар, анықтамалық материалдар, танымал ғылыми әдістемелік әдебиеттер, мерзімді басылымдар жинақталған. Жұмыстың әртүрлі формалары қолданылады: кітап көрмесі, кітапхана сабақтары, әңгімелер, кітап шолулары, тақырыптық стендтер, викториналар.

2023 жылы "Бір ел - бір кітап" республикалық акциясы бойынша Төлен Әбдіктің шығармаларын оқу бекітілді. "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында 7 "В" сынып оқушыларымен әдеби кеші өтті "Төлен Әбдік - қазақтың көрнекті жазушысы" бір ел - бір кітап акциясы бойынша, 7 "В" сынып оқушыларымен әдеби кеш "Төлен Әбдікұлы - қазақтың көрнекті жазушысы". 2023 жылы "Бір ел - бір кітап" республикалық акциясы бойынша Төлен Әбдіктің шығармаларын оқу бекітілді. Төлен Әбдікұлы шығармаларындағы шоқтығы биік туындының бірі – "Қонақтар" әңгімесі. Шағын ғана әңгіменің идеясы мен айтар ойы тереңде. Бір қарағанда, "Қонақтар" әңгімесі әке мен ұлдың арасында немесе ата-ана мен бала арасында ренішті, көңілтолмаушылық пен зілді суреттеген шығарма болып көрінуі мүмкін. Алайда әңгіменің айтар ойын одан да терең, одан да биік ұғымдардан іздеуге болады. Кітап көрмесі ұйымдастырылды, өлеңдерін оқыды, үзінді көрсетілді. Қойылған сұрақтарға балалар белсене қатысты. Қатысқан оқушы саны-21.

<https://www.instagram.com/reel/C3xTtKkoV3g/?igsh=ZGVmZXZhaWtvY2Jr>

10 тамыз – Абай күні. Абай Құнанбайұлының туғанына 177 жыл толуына орай 2022 жылғы 9-10 тамызда мектеп кітапханасында, кітап көрмесі арқылы ұлы ақын, ойшыл, сазгер, философ Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының көрмеге қойылған ақынның өлең жинақтары, қара сөздері, хикмет кітаптарымен танысты. Қатысқан оқушы саны-40.

<https://www.instagram.com/p/C3xVPTeo7ry/?igsh=MXQ5dzAzZ2dlcmpqNw==>

19 қазан күні 2022 ж. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 25 қазан - Республика күніне орай ҚР Оқу-ағарту министрлігі және Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы ұйымдастырған «Республикам менің» челенджіне қатыстық. Мектеп кітапханасында көрме оқушыларға ұйымдастырылды Павлодар қаласын №19 жалпы орта білім беру мектебінің 2 «В» сынып оқушысы Мирманова Малика «Отан» Б.Ісқаковтың өлеңін оқыды, сынып жетекшісі Арыстанбекова Жанар Қымбатовна. Қатысқан оқушы саны-29.

<https://www.instagram.com/reel/C3xVBhsoCd9/?igsh=MTM5OWVnZWpvcnBxYg==>

22 қазан күні 2022 ж. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 25 қазан - Республика күніне орай мектеп кітапханасында, жоғары сынып оқушыларана көрме ұйымдастырылды «Менің Отаным — Қазақстан». Қатысқан оқушы саны-50.

<https://www.instagram.com/reel/C3xVBhsoCd9/?igsh=MTM5OWVnZWpvcnBxYg==>

21 қараша күні 2022ж. мектеп кітапханасында «Туған өлкем,қандай көркем» атты танымдылық сағаты 6 «А» сынып оқушыларымен өтті. Бұл сағаты туған жеріміз Ппвлодар қаласының тарихына арналған.Оқушыларға туған елінің,жерінің әйгілі жазушыларымен,ақындарымен,табиғаты туралы мол мәлімет береді. Павлодар қаласының ертедегі және қазіргі кездегі жағдайын салыстыра отырып,талдайды.Туған жерінің керемет тарихи ескерткіштері туралы біледі.Туған жерінің әрбір тасының қымбат екенін сезініп,құрметтеп,қастерлеуге үйретеді.Павлодардың әдемі орталық екендігін сезініп,тарихта алатын орнын анықтайды.Видео арқылы мәліметтер көрсетіп және кітап көрмесімен танысты. Қатысқан оқушы саны-25.

<https://www.instagram.com/p/C3xplwYoMoE/?igsh=MTU2YmM3dTlmeGU5dg==>

16 қараша күні 2022 ж. Мектеп кітапханасында 8 «Б» сынып оқушыларымен «**Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы**- ұлы ойшыл, тарихшы, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы» кітапханалық сағаты өтті. Іс – шараны бейнеролик «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы» арқылы ашылды, тақырыпқа байланысты нақыл сөздер қолданылды, көрме ұйымдастырылды, сұрақтар қойылды, оқушылар жауаптарын берді. Қатысқан оқушы саны-26.

<https://www.instagram.com/reel/C3xllMfoTGs/?igsh=MXVlcDBraWxkaWpuaw==>

21 қараша 2022ж. «оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасында 8 «б» сынып оқушыларымен «Классиктерді бірге оқимыз»Ақын есімі – ел есінде атты әдеби кеші өтті. Сұлтанмахмұттың өмірі мен шығармашылығына тоқталу, балалық шағы, білім алу жолдары, қызметі, алдына қойған мақсатқа жету жолын үйрету. Ақын шығармалары арқылы әдеби білімдерін, өзіндік ой пікірін жүйелі жеткізуін, ойлау, салыстыру қабілеттерін дамыту. Оқушыларды ұлттық патриотизмге , оқу-білімнің маңызын түсіне білуге, жеке тұлға ретінде қалыптасуға тәрбиелеу. Видео арқылы мәліметтер көрсетіп, кітаптарымен танысты. Қатысқан оқушы саны-28.

<https://www.instagram.com/reel/C3xUdeJIgb9/?igsh=bjY1ZXY1dDI0MmEy>

29 қараша күні мектеп кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жазушы Тахауи Ахтановтың 100 жыл туғанына орай 10 «В» сынып оқушыларымен библиографиялық шолу өтті. Жазушының өнімді де жемісті еңбек еткен жанры – проза мен драматургиясы мен танысты. Баспасөз бетінде алғаш жарық көрген әңгімесі – "Күй анызы", "Боран" романы, осы шығарма үшін жазушы 1966 жылы Абай атындағы мемлекеттік сыйлықты иеленді. Роман көптеген шетел тіліне аударылды.Ал мемлекеттік сыйлықтың иегері Тахауи Ахтановтың "Шырағың сөнбесін" романы өткен ғасырдың 60-80 жылдары қазақтың ұлттық прозасын көркемдік биік деңгейге көтерген, шеберлік тағылымы мол туынды.Оқушыларға қысқаша видеоның үзіндісі көрсетілді. Қатысқан оқушы саны-29.

<https://www.instagram.com/reel/C3xVOLFoSX7/?igsh=NW9pa21zN25rbDd0>

8 желтоқсан күні кітапханамызда 10 «Б» сынып оқушыларымен «Желтоқсан ызғары» атты тарихи сағатымыз өтті. Бүгінгі тақырыбы: тәуелсіздік жолында құрбан болған қазақ жастарының өшпес ерлігіне арналды. Алматыда 1986 жылғы желтоқсан айында болған оқиға Қазақ халқын ғана емес, сол кездегі бүкіл Кеңес елінің санасын ұйқыдан оятқан еді. Осы қанды оқиғаға қатысқан 16 мен 20 жас аралығындағы жас студенттер еді. Біз желтоқсан құрбандарының даңқы арта берсін деп бас иіп тағзым етеміз. Желтоқсан құрбандарына тағзым етіп, еске алу – біздің парызымыз.Желтоқсан оқиғасын оқушыларға таныстыру. Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру. Қатысқан оқушы саны-25.

<https://www.instagram.com/reel/C3xT1mzIwgh/?igsh=MXF2YjB6Mmh4OTJleA==>

<https://www.instagram.com/reel/C3xVTJvIos0/?igsh=MWV1bjdncmkwZmVmcbg==>

28 желтоқсан күні "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында мектеп кітапханасында 3 "б" сынып оқушыларымен "Мың бір жұмбақ-мың бір мақал" білімді бала сайысы өтті. Оқушыларға ертегі туралы айту, оның түрлерін бөле білу. Ертегілердің кейіпкерлеріне мінездеме бере білуге үйрету, оқушылардың ойлау, есте сақтау, еркін сөйлеу қабілеттерін дамыту,ертегіні сүюге тәрбиелеу. Қатысқан оқушы саны-22.

<https://www.instagram.com/reel/C3xT4-LILc-/?igsh=MXhua2JyOWZqY2t2ag==>

12 қаңтар 2023 ж. мектеп кітапханасында 5 "А" сынып оқушыларымен "Сен достықты қалай түсінесің" атты кітапханалық сағаты өтті.

Сағаттың мақсаты: Достық туралы жақсы пікір қалыптастыру;

Оқушылардың достық туралы ой - пікірлерін дамыту;

Достықты қадірлей білуге тәрбиелеу; адал дос таба білуге баулу.

Видео көрсетіп, кітап көрмесі ұйымдастырылды. Достық туралы нақыл сөздер айтты балалар. Қатысқан оқушы саны-20.

<https://www.instagram.com/reel/C3xVAkeoMQ7/?igsh=MXg4Ynk2dms2a2U1cw==>

18 .01.2023 ж. Оқуға құштар мектеп жобасы бойынша

"Ой-маржаны –кітап" (Жаңа кітаптар көрмесі)

Кітап-адамзат ақыл-ойының інжу-маржанын бойына жинайды да, оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді, дәл бір темір мен тастан қашалып жасалған ескерткіштердей, ғасырлар бойына сақталады.

«Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге» деп ойшыл Абай Құнанбаев айтып кеткендей, түйсігі бар әрбір адамдар үшін ғылым мен білімнің қайнар көзі кітапта екенін ұғамыз.

Мектеп кітапханасында оқырмандарға «Ой маржаны-кітап» атты жаңа әдебиеттер көрмесі ұйымдастырылды.

Құрметті кітап сүйер қауым! Сіздерді «Жаңа әдебиеттер» көрмесімен танысуға, кітап оқуға шақырамыз! Сіздер үшін кітапхана есігі әрдайым ашық. Қатысқан оқушы саны-60.

[https://www.instagram.com/reel/C3xT8n\\_o-TV/?igsh=dHdhcDI2azJvNXhz](https://www.instagram.com/reel/C3xT8n_o-TV/?igsh=dHdhcDI2azJvNXhz)

<https://www.instagram.com/reel/C3xTwSkIS2K/?igsh=MW5pbW15dTg1NTI4dA==>

**«КІТАП СЫЙҒА ТАРТУ» акциясы**

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бастауыш сынып оқырмандары арасында «кітап сыйлау» акциясын жүргізіп мектеп кітапханасына кітап сыйлады. Акцияның мақсаты: әр түрлі жастағы оқырмандарды кітап оқуға шақыру; кітапханаға оқырмандарды тарту; күнделікті өмірдегі әр оқырманның кітап оқу әрекетін танымал етуге өз үлесін қосу; әлемді үлкен кітапханаға айналдыру. Акция жалғасуда.

<https://www.instagram.com/reel/C3xUzOxIO-t/?igsh=MXEwNzJ6Z2Z3YWws0eQ==>

30 қаңтар күні 2023 ж. Павлодар облысының 85 жылдығына орай 8 сынып оқушыларымен қалалық М.Жаманбалинов атындағы кітапхананың "Павлодар облысының тарихы" атты деген іс шарасына қатыстық. Өлкеміздің ақын-жазушыларымен, ұлы ғалымдар, өнер адамдары, облысымыздың тарихы туралы жақсы мәлімет алды, кітап көрмесі ұйымдастырылды, сұрақ-жауап викторинасы өтті. Қатысқан оқушы саны-25.

<https://www.instagram.com/reel/C3xU0ProEZO/?igsh=MTV4NmZoZmFyejVobQ==>

23 ақпан күні «Ұлттық тәрбие – болашақ кепілі» жобасы бойынша кітапханада 8 "Б" сынып оқушыларымен «Сыпайылық – адамгершілік айнасы» тәрбие сағаты өтті.

Тәрбие сағатының мақсаты:

Кішіпейілділік, тазалық, әдептілік, көмек беру, достық, жақсылық, ар - ұят, қызмет ету, имандылық, инабаттылық, елін, жерін сүю – адамгершіліктің басты ұстанымдары екенін ұғындыра отырып, оқушылардың бойына адамгершілікті сіңіру.

Жасөспірімдердің ой - санасын оята отырып, өзін - өзі тануға және бағалауға, адамгершілікке, бауырмалдыққа тәрбиелеу. Іс-шара қонақтары, "Сағым жылдар" әжелер ансамблі. Оқушылар ой пікірлерін, мақал-мәтелдер айтып, сұрақтарға белсенді қатысты. Қатысқан оқушы саны-27.

<https://www.instagram.com/p/C3xVp7mIwFt/?igsh=MTVsODlVbHVlbWgzMA==>

14 наурыз күні мектеп кітапханасында 6 "Б" сынып оқушыларымен тарихи сағаты өтті "Салт-дәстүрім асыл қазынам". Қай заман болсын адамзат алдында тұратын басты міндет – адал, білімді, еңбек сүйгіш ұрпақ тәрбиелеп өсіру. Бұл міндетті әр халық салт-дәстүріне орай іске асырады. Яғни әр халық ғасырлар бойы сыннан өтіп, сұрыпталған озық салт-дәстүрлерін жас ұрпақты тәрбиелеуде пайдаланып келген. Салт-дәстүр, әдет-ғұрып атадан балаға қалып отыратын мол мұра. Әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы. Ұлттық сананы нығайтуға бағытталған "Салт-дәстүр-асыл қазына" атты кітап көрмесін және бейне роликтің үзіндесін ұсынамыз. Қатысқан оқушы саны-21.

<https://www.instagram.com/reel/C3xUI72oq83/?igsh=MXQyeWFlcnp5OXlnaQ>

3 -ші мамыр күні № 43 мектептің Мәжіліс залында Жеңіс күніне орай "Войны священные страницы" VI - Мектепаралық қалалық байқауы өтті.



Біздің мектептен қатысушылар: Орал Гульден 9"А" сынып оқушысы оқыған өлеңі Әбу Сәрсенбаевтың "Сен құрметте оны". Алғыс хат, Дипломмен марапатталды.

Турусбекова Азалия 7 "В" сынып оқушысы Асылбек Абдрахманұлы "Жеңіс" атты өлеңін оқыды, Диплом 2 орынға иеленді.



<https://www.instagram.com/reel/C3xUBusowAa/?igsh=bGxhMW9ia2dkY214>

### **Қорытынды:**

1. Жұмыс жоспарлары жүзеге асырылуда.
2. Мектептің оқушылары 100% оқулықпен қамтылған.
3. Оқушыларды жүйелі және жан-жақты оқуға баулу бойынша жұмыс жүргізілді.
4. Кітапты насихаттау бойынша жеке, топтық және бұқаралық жұмыстар жүргізілді.

### **Ұсыныстар:**

1. Оқушыларды оқуға баулу, кітапқа деген қызығушылықты ояту мақсатында жұмысты жалғастырыңыз.
2. Оқытылатын пәндерге көмектесу үшін әдебиеттерді насихаттауға ерекше назар аударыңыз. Кітапхананың дамуына ішкі ортаның көрінісі маңызды әсер етеді, оны реттеу қажет: - әдебиет сатып алуға қаражаттың жетіспеуі.

### **2023-2024 оқу жылының тәрбие жұмысының сараптамасы**

«2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» негіздері шеңберінде іске асырылды, мақсаты, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі басымдықтар білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу болып табылды.

#### **Жұмыс нысандары:**

1. «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» негізінде 4 жоба бойынша жұмыс жоспары құрылып, ұйымдастырылды:

2. Еңбегі адал жас өрен.
3. Ұрпаққа аманат.
4. Ұлттық мектеп лигасы.
5. Жеткіншектің жеті жарғысы.

Жоспарға алынған іс-шаралар өткізілді. Әдістемелік бірлестіктің (ӘБ) негізгі міндеті сынып жетекшілерінің, тәрбиешілердің әдіскерлік деңгейін одан әрі арттыру, олардың шығармашылық өсуі мен кәсіби әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыруға көмек беру мақсатында сынып жетекшілер бірлестігінің жұмыс жүйесі құрылды.

Сынып жетекшілер бірлестігіне 37 сынып контингенті біріктірілген. Сыныптың оқу-тәрбие жұмыстарының көрсеткішіне мониторингтік жүйе жүргізілді. Бірлестік отырысында мақсат - міндеттер ағымдағы мәселелер, тәрбиелік жағдайы, орындалысы, байқау, сайыстарға қатысуы туралы мәселелер қарастырылды.

Оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктері сабақтан тыс курстар арқылы тиімді ұйымдастырылып, оқушылар тоғызқұмалақ, асық ату, баскетбол, волейбол, домбыра, хор атты мектепшілік қосымшаларына қатысты.

2023-2024 оқу жылында қосымша біліммен қамтылған оқушылар саны 895 оқушы.

Қосымша біліммен қамтылған оқушылардың ұлғаю динамикасы.

Оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
Оқушылар саны	874	895	891
Қосымша біліммен қамтылған оқушылар саны	502	550	556
Ұлғаю сапасы %-бен	57%	61%	62%

**Қорытынды:** мектеп оқушыларының қосымша білім алумен қамтылуы алдыңғы оқу жылына қарағанда 62%, яғни 1% -ға көтерілген.

2. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы жеке тұлғаны жан-жақты дамыту, еңбектің маңыздылығын мойындау және жастардың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру үшін жағдай жасау.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында адал еңбек пен еңбекқорлық мәдениетін кеңінен насихаттау мақсатында «Еңбегі адал жас өрен» жобасы жүзеге асырылды.

Осы жобаға бағытталған іс-шаралар еңбек адамының мәртебесін көтеруге, еңбек культін дәріптеуге, білім алушылардың кәсіптік бағдарын анықтауға қолдау көрсетуге, өз міндетін адал және жауапкершілікпен атқаруға баулуға, еңбек адамын құрметтеуге, өзіне жүктелген міндетті орындау үшін барын салып еңбек ететін білікті маман нағыз еңбек адамы екендігін дәріптеуді қажет ететініне, нағыз еңбек адамы әр ісіне, әр қадамына жауапкершілікпен қарайтын, өзгенің еңбегін бағалайтын адал азамат екендігін түсіндіруге бағытталды және осы жоба шеңберінде келесі іс-шаралар өткізілді:

№	Жоба	Іс-шаралар тақырыбы
1	«Еңбегі адал жас өрен»	1 қыркүйек-білім күні «Мектеп–мейірім мекені»
2		«Адал азамат – әділетті Қазақстан»
3		«Еңбекқорлық және оның табысқа әсері»
4		«Әкеге-ізет, анаға –құрмет»
5		«Ұлы далаперзентімін»
6		Су мен электрэнергиясын үнемдеуге бағытталған «Үнемділікинноваторы»
7		«Ұлттық валюта» күні
8		«Ассамблея жастары» жетекшілерінің мектептің өзін-өзі басқару өкілдерімен «Бейбітшілік пен келісім сабақтары» форматында мотивациялық кездесулер өткізу
9		«Жас Сарбаз» қозғалысының тәрбиеленушілері арасында әскери-патриоттық әндер фестивалі
10		«Қалдықтарды табысқа айналдырайық»
11		«Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам»
12		«Үміт сәулесі» акция
13		«Достық–көмекпен мықты»
14		«Әз Наурыз - ұлттық сананың, ұлттық бірліктің жарқын көрінісі»

### Нәтижесі:

1. Атқарылатын іс-шаралар негізінде оқушылар өз уақытын дұрыс, тиімді жоспарлауға, қаржылық сауаттылыққа, шешім қабылдауға, мақсатты әрекет ету дағдыларын дамытуға, еңбекқорлықтың арқасында жетістікке жетіп, өз беделін арттыру арқылы еңбекке деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға және қоғамдағы әлеуметтік инфантилизмді азайтып, өмірде табандылықпен жетістікке жеткен табысты адамдардың үлгі-өнегелерін құруды үйренді. Мектебімізде ерте жастан кәсіптік бағдар беру мақсатында «Педагогикалық сынып», «Жас сарбаздар», «KEZDESU» (журналист, мобилограф, әсем әуен, жайдарман, интеллектуалды қабілет) жобалары жұмыс жасауда.

Кәсіби бағдар беру нәтижесі бойынша 3 жылдық мониторинг.

Жыл аяғына 9-сынып	Еңбекке орналасуы
--------------------	-------------------

оқушылар саны	Колледжге түскендер		10 сыныпқа оқуға қалғандар	
2021-2022	2022-2023		2022-2023	
80	25		55	
Жыл аяғына 9-сынып оқушылар саны	Оның ішінде		Еңбекке орналасуы	
	Үздік аттестат алған	Мектепті «4» пен «5» бітірген	Колледжге түскендер	10 сыныпқа оқуға қалғандар
2022-2023	2022-2023	2022-2023	2022-2023	2023-2024
82	6	49	23	59

2021-2022 оқу жылында негізгі орта мектепті 80 оқушы аяқтады. Оның 36-ы колледжге оқуға түсті. 9 «А» сынып оқушысы Ынтықбаева Дильназ Шынғысовна Грузия мемлекетіндегі Старый Тбилиси қаласына мекен-жайын ауыстыруына байланысты №98 ЖОМ 10-сыныпқа көшті. Ақсу ауданындағы Айнакөл жалпы орта мектебіне 10-сыныпқа Альжанов Ерик Берикович, Нур-Султан қаласының З.Г.Мурзагулова атындағы «Даналық»

жоғары медициналық колледжіне Алданов Алихан Торелханович, Алматы қаласы Алматы мемлекеттік бизнес колледжіне Сейтқали Аружан Темірғалиқызы, Алматы қаласы Алматы мемлекеттік экономика – құқық колледжіне Заңғар Айтуар Айдынұлы оқуға түсті.

2022-2023 оқу жылында Мәшһүр Жүсіп атындағы жалпы орта білім беру мектебінің 10 сыныбына 59 оқушы қабылданды. 2022-2023 оқу жылында негізгі орта мектепті 72 оқушы аяқтады. Оның 23-і колледжге оқуға түсті.

2023-2024 оқу жылында негізгі орта мектепті 84 оқушы аяқтады. Оның ішінде 64 оқушысы 10-сыныпқа, ал 20 оқушы колледждерге оқуға түсті.

### Жалпы орта білім

Оқушылар саны	Оның ішінде		Еңбекке орналасуы		
	«Алтын белгі»	Қызыл аттестат	ЖОО	Колледж	Жұмыс, әскер
2022-2023			2022-2023		
48	2	2	45	1	1
2023-2024			2023-2024		
52	2	2	45	3	3

2022-2023 оқу жылында Мәшһүр Жүсіп атындағы жалпы орта білім беру мектебін 48 оқушы аяқтады. ЖОО-на барлығы – 19 грантты иеленді, оның ішінде мемлекеттік грантты - 18 оқушы, ал 1 оқушы (Мұхаметжан Әділет) – әскери грантты иеленді, колледжге бюджет есебінен 1 оқушы – Абрагимова Аяжан түсті.

2023-2024 оқу жылында 11 сыныпты 52 оқушы аяқтады. Аттестаттау нәтижесінде 11-сыныптар арасында 8 түлек емтихандарды үздік тапсырып, соның ішінде алдауы «Үздік» аттестат – Сейтенбаева Ж., Бейсенғали Ә., «Алтын белгі» - Гайнуллова А., Апушева А. алды.

ЖОО-на барлығы – 46 оқушы түсті, мемлекеттік грантка - 30 оқушы түсті, оның ішінде 2 оқушы Азатов Еламан, Байзаков Ерасыл – әскери грантты иеленді. Колледжге 3 оқушы түсті, оның ішінде бюджет есебінен - Буринова Дарина, ал 2-еі – ақылы түсті.

2. Оқушылар еңбекті құрметтеуге, компьютерлік ойындарға деген құмарлықты, жалқаулықты жеңуге, лудомания сияқты қауіпті ойындардан аулақ болу керектігін түсінді.

3. Ұлы Абайдың: «Еңбек - қуаныш, жалқаулық - айырылмас азап» деген тәрбиелі сөзінің мағынасын түсінді.

### Ұсыныс:

1. Оқушылардың еңбекке және еңбек адамдарына, еңбек жетістіктеріне деген құрмет сезімін тәрбиелеуді жалғастыру.
2. Өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын, еңбек ету қажеттілігін, әр түрлі еңбек қызмет түрлеріне, соның ішінде оқу мен үй шаруасындағы міндеттерге саналы жауапкершілікті және шығармашылық қатынасты қалыптастыруды жалғастыру.
3. Өз іс-әрекеттерінің мағынасы мен салдарын дұрыс бағалай отырып, қажетті ресурстарды жұмылдыра отырып, ұжымдық жұмыс дағдыларын, өз бетінше жұмыс жасау қабілетін дамытуды жалғастыру.
4. Мамандықты мақсатты таңдау үшін әлеуметтік маңызы бар іс-шараларға тарта отырып, кәсіби өзін-өзі анықтауға ықпал ету арқылы жүзеге асыруды жалғастыру.
5. Қарттарға көмек көрсету, аумақтарды абаттандыру және экологиялық акциялар сияқты әлеуметтік маңызды іс-шараларға тарту арқылы олардың әлеуметтік жауапкершілігін үнемі арттыру.
6. Білімнің, іскерліктің және дағдылардың жаңа салаларын өз бетінше зерттеуге қызығушылықты ынталандыру, сондай-ақ үздіксіз білім беру мәдениетін үздіксіз дамыту.
7. Кенттегі табысты еңбек азаматтарымен бірлескен шеберлік сағаттарын, қолөнершілер фестивальдерін, кәсіптік бағдар берудің ғылыми жобаларын, конкурстарын және өңірдегі өндірістік орындар мен кәсіпорындарда тәжірибе аландарын ұйымдастыруды жалғастыру.
8. Ата-аналар мен қоғамды тарту, ұрпақтар арасындағы диалогты қалыптастыруға жәрдемдесу, сондай-ақ ересектер мен жастар арасында тәжірибе мен білім алмасу платформасын құру.
9. Кәсіби бағдар берушімен бірлесе отырып оқушылардың кәсіби сауаттылығын арттыру бойынша жаңартылған іс-шаралар құрастыру.
10. 9,11 сынып оқушыларымен психологтың жеке сұхбаттасуы жұмысын күшейту.
11. Оқушылардың болашақ мамандықты таңдау мәселесіне ата-аналарының қатысуын күшейту.

3.«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында мемлекетшілдік пен отаншылдық идеясын кеңінен насихаттау мақсатында «**Ұрпаққа аманат**» жобасы жүзеге асырылды.

Жобаға бағытталған іс-шаралар, ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын дәріптеуге, адамның туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілігін, қоғам игілігіне адал қызмет етуге, Отаншылдық ұлтының тілін, мәдениетін, дінін, әдебиетін, тарихын берік сақтауға, өз Отанын жанынан артық жақсы көріп, ұлттық құндылықтарын қастерлеп, ұлтының мұңын мұндап, жоғын жоқтайтын, Отаншылдық қасиетті бойға сіңіру үшін Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Қаныш Сәтбаев, Қажымұқан Мұңайтпасұлы секілді еліміздің ұлы тұлғаларын көбірек дәріптеп, олардың өнегелі өмірі мен ерен еңбегі хәм ерлігін жас ұрпаққа үнемі насихаттап отыру үшін келесі іс-шаралар өткізілді:

№	Жоба	Іс-шаралар тақырыбы
1	«Ұрпаққа аманат»	«Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау»
2		«Отаншылдық және оның мәні»
3		«Менің Отаным Қазақстан, Тәуелсіздік тағлымы, Лаула, лаула желтосанның мұзға жанған алауы»
4		Кеңес Одағы әскерінің Ауғанстан Республикасынан шығарылуы 1989 ж 15-ақпан. Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу өткізу

#### **Нәтижесі:**

1. Бала кезінен елін, жерін сүйетін, ұлттық құндылықтарды құрметтейтін, бойына отаншылдық қасиет дарыған патриот тәрбиеленді.
2. Баланы ұлттық құндылықтарға баулудың маңызы зор, себебі «Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды» - дейді алаш қайраткері Мұстафа Шоқай.

#### **Ұсыныс:**

1. Баланың бойында мемлекетшілдік қасиет көрініс табуы үшін, балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелейтін патриоттық ұйымдардың (еріктілер) жұмысын жандандыру.

2. Бізде бұл бағытта «Жас ұлан» секілді ұйымдар жоқ емес, алайда олар өз деңгейінде ұлттық құндылықтарды сақтау, патриоттыққа баулу секілді жұмыстарды атқару деңгейі аз.

3. Бала бойында патриотизмді қалыптастыру үшін, еліміздің батырларының өшпес ерлігін үнемі дәріптеу.

4. Сонау жоңғар шапқыншылығы кезіндегі Қабанбай, Бөгенбай секілді батырлардың жанқиярлық ерлігінен бастап, Ұлт-азаттық көтерілістер қаһармандары Есет Көтібарұлы, Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы, Кенесары Қасымұлы секілді батырларды, сондай-ақ Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде ерен ерлік көрсеткен Б.Момышұлы, Т.Тоқтаров, Р. Қошқарбаев, М. Мәметова, Ә. Молдағұлова, Х.Доспанова секілді ұлт қаһармандарының, кешегі Желтоқсан көтерілісінің қаһармандары Қ. Рысқұлбеков, Л.Асанованың ерлігін жастарға дәріптеу.

5. Ұлы Абай: «Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады: біріншісі – ата-анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан»-дейді, жас ұрпақ ең бастысы – отбасында асқақ отансүйгіштік сезімде тәрбиеленуіне ерекше ықпал ету.

6. Балалардың төтенше жағдайлардағы көрсеткен ерлігі, халықаралық, республикалық конкурстар мен олимпиадалар, өнертапқыштық сайыстарының жеңімпаздарын насихаттау.

7. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы құқықтық мәдениетті қалыптастыру, азаматтық пен мемлекеттілікке ерте тәрбиелеу мақсатында жүзеге асырылды. Осы жобаға бағытталған іс-шаралар оқушының бойында қоғам мен ата-ана алдындағы жауапкершілік пен Отанына деген рухты, патриоттық сезімді қалыптастыруда Алып Ер Тоңғаның «Ақи немесе жомарттық», Әл-Фарабидің парасатты адам, Ж.Баласағұнидің «Құтты білік».

Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша қыркүйек айы - еңбексүйгіштік және кәсіби шеберлік айы болғандықтан, мектебіміздің "Ашық жүрек," еріктілері белсене ат салысты. Мақсаты: өскелең ұрпақтың назарын қоршаған ортаны қорғау проблемаларына аудару, табиғи ортаның сапасын жақсарту , экологиялық сананы қалыптастыру және экологиялық мәдениетті дамыту. <https://www.instagram.com/p/DAWGxPiN-dF/>

Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде қыркүйек айы - еңбексүйгіштік және кәсіби шеберлік айы болғандықтан, сонымен қатар , "Қамқор" жобасы аясында мектебіміздің "Ашық жүрек" еріктілері 3-ші мөлтекаудан ардагерлеріне қамқорлық жасау мақсатында белсене ат салысты.

Мақсаты: өскелең ұрпақтың назарын қоршаған ортаны қорғау проблемаларына аудару, табиғи ортаның сапасын жақсарту , экологиялық сананы қалыптастыру және экологиялық мәдениетті дамыту. <https://www.instagram.com/p/DAWFfPnW6Y/>

Мәшһүр Жүсіп мектебінде жетінші жыл "Ашық жүрек" еріктілер отряды жұмыс істейді. Оқушылар ҚР Ұлттық Қызыл жарты ай қоғамының Павлодар филиалының қарамағындағы команда болып табылады, оны Гүлнара Мұхаметкерімқызы Исаканова басқарады. Осы жылдар ішінде ҚР Ұлттық Қызыл жарты ай қоғамының барлық оқу орнына қолдау көрсетеді: балалар мен педагогтерді төтенше жағдайлар кезінде алғашқы көмек көрсету дағдыларына үйретеді, көп балалы және аз қамтылған отбасыларға көмек көрсетеді. "Ашық жүрек" еріктілері аға еріктілермен бірге экодесанттарға, ерікті донорлық акцияларын өткізуге қатысады. Оқушылар ҚР Ұлттық Қызыл жарты ай қоғамының Павлодар филиалы ұйымдастырған көптеген байқаулардың жүлдегерлері.

Ең бастысы, ұлдар мен қыздар мейірімді, жанашыр, еңбекқор, жауапты болуды үйренеді . Айта кету керек, "Ашық жүрек" мектеп жасағының көптеген түлектері ҚР Қызыл Жарты Ай қоғамының Павлодар филиалында еріктілер болып жалғастыруда. ҚР Қызыл Жарты айының 87 жылдығы күні "Ашық жүрек" еріктілер жасағы, Павлодар қаласы Мәшһүр Жүсіп атындағы мектептің барлық оқушылары, ата-аналары мен педагогикалық ұжымы ҚР Қызыл Жарты Ай қоғамының Павлодар филиалын, басшысы Гүлнар Мұхаметкерімқызын және еріктілерді мерекемен құттықтайды.

[https://www.instagram.com/p/C6tP -otXq3/?img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/C6tP -otXq3/?img_index=1)

№	Жоба	Іс-шаралар тақырыбы
1	«Жеткіншектің жеті жарғысы»	«Жолда жүру ережелерін білесіңбе?»
2		«ҚожаАхметЯсауидің хэлхикмет ілімі»Қожа Ахмет Ясауидіңтуғанына 930 жыл
3		5-қыркүйек -А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл

	тазалығы» тақырыбындағы шаралар «Ұлттық рух –тәуелсіздік тірегі»
4	Абайдың «Толық адам» ілімін насихаттау
5	«Бес нәрсеге асық бол»
6	«Көктудың желбірегені»
7	«Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымына оқушылар қабылдау
8	10-желтоқсан “Халықаралық құқық күнін атап өту”. Балалар құқығы туралы. Декларация 1989 жыл оқып үйрену
9	«Ар-ұят және жауапкершілік»
10	«Ізгіліктің бір ізі-алғысайту»
11	Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдық мерейтойы 12.04.1899-31.01.1964
12	«Жүрегім қазақ» жастарды ынталандыру және кәсіби бағыттау мақсатында кездесулер Халел Досмухамедовтың 140 жылдық мерейтойы 24.04.1983-19.08.1939
13	«Ұлы Дала мұрагерлері» жобасы
14	1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні
15	«Халықтың ерлігі асырлар бойы өмір сүреді!»
16	«Жеңіс деген шат күлкісі баланың» 9 мамыр – Жеңіс күні
17	Лияс Жансүгіровтің 130 жылдық, 01.05.1894-26.02.1938
18	Қазақтың ақиық ақыны М.Мақатаевтың туғанына 89 жыл толуына орай сыныптан тыс шара
19	Жүсіпбек Аймауытовтың 135 жылдық мерейтойын атап өту 08.03.1889-21.04.1930

### Нәтижесі:

Дөңгелек үстел, креативті шайқас, әңгіме, әр түрлі формадағы тәрбие сағаттары мен іс-шаралар нәтижесінде ақылды, парасатты болуы үшін оқу және оқығанды бойға тоқу, жақсылардан үйрену маңызды екендігін, ақыл-парасат адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнерді, ізгілікті ұғынуына ықпал етіп, бақытқа жету жолында жетекші рөл атқаратындығын, адам тек біліммен ғана жетіліп, ақылмен талай түйінді мәселелерді шешіп, мұратына жететіндігі туралы ақпараттар берілді.

### Ұсыныс:

1. Мәңгілік өмір сүруді аңсаған Қорқыт ата, қайырымды қала тұрғындарының келбетін құрайтын философияны әзірлеген Әл-Фараби, адамның жетілуі мен кемелденуін жазған Ж.Баласағұнидің идеялары М.Қашқари, А.Иүгінеки, Хожа Ахмет Ясауи және басқа да ойшылдардың шығармаларына оқуды жалғастыру.

2. Адамға жайлы мекен болатын «Жерұйықты» іздеген Асан қайғы, қазақ халқының болмысы және туған елді сүйемен, оны қорғаудың мәні туралы жырлаған Қазтуған жырау, қазақтың ел болуы мен ұлағатты ұрпақтың бойына қажетті қасиеттерді жырлаған Шалкиіз, Жиёмбет, Ақтамберді, Бұхар жыраулардың бүгінге жеткен жырларын оқуға қызығушылықтарын дамыту.

3. Елдің тұтастығын сақтау әр адамның азаматтық борышы, асыл парызы, ал халқына адал қызмет ету, адамзатқа пайдалы болу, елгезектік, еңбекқорлық, білуге құштар болу адам бойындағы ең асыл қасиеттер екендігі Шал ақын, зар заман ақындары Шортанбай Қанайұлы, Дулат Бабатайұлы, Мұрат Мөңкеұлы т.б. ұлт көсемдері қалдырған халық мұрасын бүгінгі «Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы негізінде жалғастыру.

4. Қорқыт атадан басталған идеялар әр заманда заманның ағымына, талабына сәйкес өзгергенімен өзара үндесіп сабақтасқандығын көрсетеді. Бұл қазақ тарихындағы ағартушылардың шығармаларындағы оқу, білім туралы идеяларымен Ы.Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ш.Құдайбердіұлы және Алаш зиялыларының педагогикалық мұраларын үйлесімді жалғастыру.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстар.

Құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында 2023-2024 оқу жылында мектепте келесі жұмыстар атқарылды: Оқу жылының басында құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында жүргізілетін іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді. Жыл бойы мектептегі құқықбұзушылықтың алдын- алу шараларын жүзеге асыру мақсатында басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары жоспарға сәйкес іс-шараларды жүзеге асырды. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі» құрылды; Тиісті тақырып бойынша сынып сағаттары мен әңгімелесулер өтті; Педагогтарға, ата-аналарға және оқушыларға құқықтық білім беру ұйымдастырылды;

Мектепте аз қамсыздандырылған және көп балалы оқушылар, жетім балалар, атаулы әлеуметтік көмек алатын оқушылар анықталып, арнайы базасы жасалды.

2022-2023 оқу жылында ювеналды полиция есебіне үйден кетіп қалу фактісі бойынша 10 а сынып оқушысы Тоқтархан Айдана тіркелген болатын. Мектепшілік есепке 2023-2024 оқу жылында 13 оқушы тіркелді:Тоқтархан Айдана «10 А», Жанұзақ Аяулым 9 «Ә» сынып , Жанұзақ Рүстем 10 «А», Еркіндік Ернар 5 «Ә», Хавал Ақерке 5 «В», Мұратханұлы Алмас 5 «В», Сайлаубек Жұбаныш 5 «В», Бектурсинова Жансая 6 «Б», Бектурсинова Айсу «8Б», Дюсенаева Аянат 9 «А», Какеша Еркебұлан 9 «А», Макарова Альбина 9 «Б», Төлеухан Нұрберген 9 «В ». Құқық бұзушылық кеңесінің 29.03.2024 жылы №8 хаттамасының шешімімен Еркіндік Ернар 5 «Ә», Мұратханұлы Алмас 5 «В», Бектурсинова Айсу «8Б», Дюсенаева Аянат 9 «А», МЕ – ден шығарылды.

Құқық бұзушылық әрекеттер бойынша тіркеуге алынған оқушылар бойынша әр оқу жылының аяғына мониторинг.

Жылдар	Мектепшілік есепте тұрған оқушы саны	Қалалық есепте тұрған оқушы саны
2021-2022	0	0
2022-2023	0	1
2023-2024	0	0
2024-2025	5	1

### Қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізілген іс-шаралар:

№	Жоба	Іс-шаралар тақырыбы
1	Құқықбұзушылықтың алдын – алудағы	"Нашақорлыққа жол жоқ" акциясы <a href="https://www.instagram.com/p/C3FYXwJtisF/?img_index=1">https://www.instagram.com/p/C3FYXwJtisF/?img_index=1</a>
2		“Біз буллингке қарсымыз” іс-шарасы: <a href="https://www.instagram.com/p/DBYDayYNm-t/">https://www.instagram.com/p/DBYDayYNm-t/</a> “Буллинг және кибербуллинг” тақырыбында тренинг <a href="https://www.instagram.com/p/Czp9NHMtDej/">https://www.instagram.com/p/Czp9NHMtDej/</a>
3		«Тероризмнен сақтану-басты міндеті» атты сынып сағаттары. <a href="https://www.instagram.com/p/C5OM_bptmJm/?img_index=1">https://www.instagram.com/p/C5OM_bptmJm/?img_index=1</a>
4		«Қатыгездік және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» Республикалық ақпараттық науқан <a href="https://www.instagram.com/p/C0VOhq9o2a_/?img_index=1">https://www.instagram.com/p/C0VOhq9o2a_/?img_index=1</a> <a href="https://www.instagram.com/p/Czbis8vtY5H/?img_index=1">https://www.instagram.com/p/Czbis8vtY5H/?img_index=1</a> <a href="https://www.instagram.com/p/CzbcVGjtGKe/?img_index=1">https://www.instagram.com/p/CzbcVGjtGKe/?img_index=1</a>
5		"Нашақорлық ең ауыр індет" <a href="https://www.instagram.com/p/C3FITbft8hY/">https://www.instagram.com/p/C3FITbft8hY/</a>
6		«Өмірді сүйелік» <a href="https://www.instagram.com/p/C0RBVT-NPvr/">https://www.instagram.com/p/C0RBVT-NPvr/</a>
7		Адамгершілік және жыныстық тәрбие жайлы әңгіме <a href="https://www.instagram.com/p/C0VOIujIJYD/?img_index=1">https://www.instagram.com/p/C0VOIujIJYD/?img_index=1</a>

8	іс-шаралар	"Кибербулингтің түрлері. Әр адамның қауіпсіздігі неде және сіздің әрекеттеріңіздің алгоритмі қандай болуы керек" <a href="https://www.instagram.com/p/DAPrKAqtWАу/">https://www.instagram.com/p/DAPrKAqtWАу/</a>
9		Құқық бұзушылықтың алдын алу <a href="https://www.instagram.com/p/C4dGfZeN0pb/?img_index=1">https://www.instagram.com/p/C4dGfZeN0pb/?img_index=1</a> <a href="https://www.instagram.com/p/CzoUiNINOTu/?img_index=1">https://www.instagram.com/p/CzoUiNINOTu/?img_index=1</a> <a href="https://www.instagram.com/p/CySRZY0tcfJ/?img_index=1">https://www.instagram.com/p/CySRZY0tcfJ/?img_index=1</a> <a href="https://www.instagram.com/p/CyQK22atNle/?img_index=1">https://www.instagram.com/p/CyQK22atNle/?img_index=1</a>
10		Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылық профилактикасы мен олардың қадағалаусыз және панасыз қалуы мен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу іс-шаралары бойынша кешенді жоспар бойынша ата-аналармен түсіндірме жұмыстары
11		Электронды темекіні пайдалануды алдын -алу <a href="https://www.instagram.com/p/C4dGFWjtXcv/?img_index=1">https://www.instagram.com/p/C4dGFWjtXcv/?img_index=1</a>
12		«Қыздармен жеке» медбикемен жүргізілген сұхбат
13		"Менің өмірімдегі күйзеліс және оны жеңу жолдары" <a href="https://www.instagram.com/p/C4VfmjBNsm9/?img_index=1">https://www.instagram.com/p/C4VfmjBNsm9/?img_index=1</a> "Өмірлік таңдау" жобасы <a href="https://www.instagram.com/p/C4BVVPNtSB4/">https://www.instagram.com/p/C4BVVPNtSB4/</a>
14		«Біріңғай профилактикалық құқықтық сағат»
15		Бала құқығы <a href="https://www.instagram.com/p/Cz857liN-Fu/">https://www.instagram.com/p/Cz857liN-Fu/</a>
16		«Есірткіге ЖОҚ дейік!» <a href="https://www.instagram.com/p/C0OkMxSNxjR/?img_index=1">https://www.instagram.com/p/C0OkMxSNxjR/?img_index=1</a>
17		«Бала құқығы – асыл қазына» <a href="https://www.instagram.com/p/Cz4UoNar74Q/?img_index=1">https://www.instagram.com/p/Cz4UoNar74Q/?img_index=1</a>
18		Еркін тыныс ал! Жалпыреспубликалық флешмоб. <a href="https://www.instagram.com/p/Cz278YBth37/">https://www.instagram.com/p/Cz278YBth37/</a>

### Нәтижесі:

1. Қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізілген іс-шаралар негізінде мектеп бойынша мектепте және мектептен тыс жерлерде қылмыс жасаған оқушылар жоқ.
2. Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша 3 жылдық мониторинг жасалды:

Оқу жылы	Өзіне-өзі қол жұмсаушылық әрекетінің орын алуы	Қауіп-қатер тобына жатқызылатын оқушылар саны	Психологтың бақылауындағы оқушылар саны
2021-2022	0	0	0
2022-2023	0	1	0
2023-2024	0	0	0

3. «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы №506 бұйрығымен ата-аналарды, педагогтер ұжымын және оқушыларды таныстыру жұмыстары атқарылды;
4. 4 сыныптар арасында «Буллинг. Кибербуллинг», «Желідегі қауіпсіздік» тақырыптарында тренингтер өткізілді.
5. «Суицид превенциясы» бағдарламасы аясында 8-сынып оқушыларына семинар өткізу жұмыстары атқарылды;
6. 8-11 сыныптар оқушыларының психикалық күйін анықтау мақсатында сауалнамалар алынды;
7. «Аутодеструктивті мінез-құлықты байқау, алдын алу» бойынша жоғары сыныптар ата-аналарының жиналысында дәріс өткізілді;



8. Есірткі, улы психотропты заттардың зияны жайында жасөспірімдерге түсінік беру бойынша мектептің әлеуметтік педагогымен және инспектормен бірлескен кездесулер ұйымдастырылды (6-11 сыныптар арасында);

9. Жеткіншектік кезеңдегі агрессивті мінез-құлықты төмендетуге, жеңуге бағытталған психологиялық тренингтер өткізілді. (6-7 сыныптар).

10. Кәмелетке толмаған балалар арасындағы құқық бұзушылық, қараусыздық пен панасыздық жағдайын зерттеу мақсатында 5-11 сыныптар аралығында «Оқушылардың отбасымен қарым-қатынасын зерттеу», 1-4 сынып оқушыларының ата-аналарынан, 5-11 сынып оқушыларынан «Оқушылар арасындағы құқық бұзушылық әрекеттер» сауалнамасы жылына 3 рет алынды. Нәтижесінде 2 жағдай анықталып, есепке тіркелді.

**Ұсыныс:**

1. Қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізілетін іс-шараларды жүйелі түрде жалғастыру.

2. 8-11 сыныптар оқушыларының эмоционалды жағдайын қатаң бақылауға алу.

3. 6-7 сыныптар оқушыларының девианттық мінез-құлықтарының алдын алу бойынша жұмыс процесін күшейту.

5. Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы сапалы ұлт болашағын қалыптастырудағы жеке тұлғаның салауатты өмір салтын ұстану мәдениетін арттыру, дене шынықтыруды кеңінен насихаттау мақсатында жүргізілді.

№	Жоба	Іс-шаралар тақырыбы
1	«Ұлттық мектеп лигасы»	«9 айға 9 іс-шара» аясында «СЕРГІТУ СӘТІ» республикалық іс-шарасы
2		«Спорт – менің досым» оқушылар арасында салауатты өмірге насихат жұмыстарын жүргізу.
3		«Асық»
4		«Ұлттықойын-ұлтқазынасы»
5		«Меніңкішіотанымныңқартасы»
6		«Зиянды әдеттен аулақ бол» жобасы аясында «Салауатты өмір салтындағы дене белсенділігінің рөлі»

**Нәтижесі:**

1. Оқушылар дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысуға тартылды.

2. Оқушылар арасында бұқаралық және ұлттық спорт түрлерін танымал ету, спортта дарынды балалар анықталды.

3. Есірткі және басқа да зиянды заттарды пайдаланудың алдын алу, өрт қауіпсіздігі, ЖҚЕ, қауіпсіздік техникасы, суицидтің алдын алу бойынша бағдарламаларды іске асырудың түрлі форматтағы іс-шаралары жеке жоспар негізінде жүзеге асырылды.

4. Жол қауіпсіздігінің ережелері бағыты бойынша медбибі, ЖЖИ мүшелері, аға тәлімгер, жол полициясы қызметкерлерінің қатысуымен дәрістер, саяхаттар, тренингтер, диагностикалық жұмыстар, викториналар және сайыстар ұйымдастырылды.

**Ұсыныс:**

1. Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Денсаулықтың 6 шарты» қағидатын ұстану (таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу) дағдыларын қалыптастыру.

2. «Жас Сарбаз» қозғалысының сайыстарға қатысу белсенділігін арттыру.

**Жалпы мектептік іс-шаралар бойынша мониторинг**

№	Атауы	Өткізілген іс-шаралар саны
1	Ұлттық және мемлекеттік мерекелерге байланысты іс-шаралар	15
2	Еліміздегі атаулы күндер мен маңызды оқиғаларға арналған	8

	іс-шаралар	
3	Оқу жылының басталуына, аяқталуына арналған салтанатты іс-шаралар	4
4	Олимпиадалардағы, спорттық және шығармашылық конкурстар мен жарыстардағы жетістіктері үшін білім алушылар мен педагогтерді марапаттау рәсімдері	12
5	Оқушылар мен педагогтардың бастамасы бойынша ұйымдастырылған флешмоб акциясы	10
6	Мектептегі әлеуметтік және қайырымдылық жобаларға арналған ісшаралар	7
7	Отбасылармен және мектеп серіктестерімен бірлесіп өткізілетін ісшаралар	18
8	Білім алушылар мен педагогтердің қатысуымен көшпелі іс-шаралар	6

### 6. Ата-аналарды педагогикалық қолдау:

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» Ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2023 жылғы 15 тамыздағы №4 хаттамасымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту жөніндегі ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар» негізінде жоспар құрылып, бекітілді.

Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты, балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының міндеттері:

1. балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуға бағытталған ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру;
2. білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайту;
3. отбасылық тәрбие процессінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша ата-аналардың уәждемесін арттыру.

Сабақтардың (басқа да іс-шаралардың) мазмұны «Біртұтас тәрбие бағдарламасына» және балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес олардың әл-ауқатты контексіндегі ұлттық құндылықтарға негізделді. Педагогикалық қолдау 1-11 сынып оқушыларының ата-аналарына арналған бағдарламаларды таңдауына сәйкес жүзеге асырылды. Ата-аналарға бағыт беру, кездесулер, сабақтар бағдарламасының мазмұнымен таныстыру 15 қыркүйекке дейін өткізілді. Сабақтар әртүрлі әдіс-тәсілдерді (семинар-практикумдер, тренингтер, іскерлік ойындар, пікірталастар, талқылаулар және т.б.), оның ішінде цифрлық ресурстарды қолдана отырып, өткізілді. Ата-аналарды педагогикалық қолдау үшін «Даналық мектебі» клубы құрылды. Ата-аналарды қолдау және өзара іс-қимыл жасау үшін Орталық цифрлық платформасындағы тақырыптық ақпарат: курс бағдарламалары, бейне дәрістер, бейне ұсынымдар, бейне жағдайлар, сұхбаттар, тақырыптық вебинарлар, ресурстардың электрондық каталогы, психологтың кеңестері, тестілер, сауалнамалар, жадынамалар, нұсқаулықтар, чек-парақтар, постерлер және басқалар қамтылды.

Педагогикалық қолдау бағдарламасы жылына сегіз сабақты қамтыды, өткізілген сабақтар сілтемесі:

[https://www.instagram.com/p/CxHqfkbNNxa/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/p/CxHqfkbNNxa/?utm_source=ig_web_copy_link)

[https://www.instagram.com/p/CxHq\\_8xtA3L/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/p/CxHq_8xtA3L/?utm_source=ig_web_copy_link)

[https://www.instagram.com/p/CxHq\\_8xtA3L/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/p/CxHq_8xtA3L/?utm_source=ig_web_copy_link)

[https://www.instagram.com/p/CxHq\\_8xtA3L/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/p/CxHq_8xtA3L/?utm_source=ig_web_copy_link)

[https://www.instagram.com/p/Cze5hi4NeZT/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igshid=MzRIODBiN](https://www.instagram.com/p/Cze5hi4NeZT/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiN)

WFIZA==

<https://www.instagram.com/reel/C51L3XXthkc/?igsh=MWZvbGZkNWVlbXVvYyYQ==>

<https://www.instagram.com/p/C5WTdcRt0jz/?igsh=MXyxehFwcmt2Z3h3Mg==>

[https://www.instagram.com/reel/C5WS2k6tL\\_a/?igsh=dTU4djR1b2R4bHE3](https://www.instagram.com/reel/C5WS2k6tL_a/?igsh=dTU4djR1b2R4bHE3)

<https://www.instagram.com/reel/C5WR1BMNyWh/?igsh=eWE4OG1ocGtjb2ph>  
<https://www.instagram.com/reel/C4AzHF9N7PM/?igsh=Z21qOHZscGZqZGg0>  
<https://www.instagram.com/reel/C4A6x-ON-iT/?igsh=ZW1hOWpkNnc0eXBq>  
<https://www.instagram.com/reel/C4qwGmrNgiv/?igsh=cnUzNml4bXY0dndn>  
[https://www.instagram.com/reel/C2zu\\_vZNniO/?igsh=Ymg2MDdtOWd3Z3ph](https://www.instagram.com/reel/C2zu_vZNniO/?igsh=Ymg2MDdtOWd3Z3ph)  
[https://www.instagram.com/reel/C2zy\\_7ZtsYK/?igsh=dXU2eWxkOGY0eTky](https://www.instagram.com/reel/C2zy_7ZtsYK/?igsh=dXU2eWxkOGY0eTky)  
<https://www.instagram.com/reel/C22gpZutcLs/?igsh=MWhyZGl6bmZsb3J1>

### Нәтижесі:

Ата-аналар мен мектеп, пән мұғалімдері және сынып жеткешілердің арасында тығыз байланыс орнатылды.

### Ұсыныс:

Ата-аналарды үнемі мектептегі іс-шараларға жиі қатыстыру.

### 7. Ата-аналармен жұмыс:

Отбасында, мектепте, қоғамдық ортада құндылықтар негізінде балаларды тәрбиелеу – қазіргі уақыттың өзекті мәселесі. Отбасылық құндылықтар мен ұлттық тәрбие мәселелері мектептердің тәрбие жұмысында, балалардың бос уақытын ұйымдастыру аясында қосымша білім беруде, мәдени-бұқаралық іс-шараларда, конкурстар мен сынып сағаттарында, ата-аналар жиналыстарында, үйірме жұмыстарында, сондай-ақ еңбек тәрбиесінде, бірлесіп еңбек етуде көрініс табуы тиіс.


Мақсаты: ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық педагогикалық біліктілігін көтеру және балаларды тәрбиелеу бойынша жауапкершіліктерін арттыру.

Іске асыруда негізге алынған тетіктер:

- қамқоршылық кеңестер және ата-аналар комитеттері;
- бірлескен отбасылық іс-шаралар;
- ата-аналардың білім беру ұйымдарының өміріне қатысуы;
- ата-аналар кеңесі мен қамқоршылық кеңестің ұйымдастыруымен отбасылық іс-шаралар бойынша тәрбие тағылымы, дәстүр даналығы, отбасынан басталатындығы туралы мағлұматтарға әңгімелер өткізілді;

Ата - аналардың жиналыстарға қатысуы, мектеп өміріне араласуының динамикасы

Жылдар	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Қатысу пайызы (%)	69%	78%	89%



### Айқындалған мәселелер:

Мектептің қоғамдық өміріне араласуға ниет білдіруші ата-аналардың аз болуы.

### Мәселелерді шешу жолдары:

- ата-аналардың қызығушылығын тудыру мақсатында жиналыстарға спикер ретінде белсенді ата-аналарды тарту, арнайы сала мамандарын шақыру, жиналысты қызықты форматта өткізу;
- сынып сағаттарын жылына кем дегенде 1 рет ата-ананың өткізуіне ықпал ету мақсатында «Тағылым күнін» ұйымдастыру.

Ата-аналармен жұмыс «Ата-аналар мектебі» жобасы аясында жүзеге асырылды және төмендегі кестедегі іс-шаралар жүргізілді:

№	Жоба	Іс-шаралар тақырыбы
1		«9 айға 9 іс-шара» аясында «СЕРГИТУ СӘТІ» республикалық іс-шарас
2	«Ата-аналар мектебі»	«Қызнамысы–ұлтнамысы»
3		«Әкеңнің төрінесенбе, еткен еңбегіне сен»
4		«Отбасылық таланттар»
5		«Үйрен жақсы әдептен...»
6		«Домбыра Party»
7		«Бәрі де, <b>Ана</b> , бірөзіңнен басталды»
8		«Атадан-өсиет, анадан-қасиет» ( <i>тыйым сөздердің мағынасы</i> )
9		«Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!»
10		«Отбасы FEST» фестивалі
11		«Менің отбасымның өмірлік жолы»
12		
13		Жылына екі рет ата-аналар конференциясы

8. Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру және оны қолдау, кітап мәртебесін («Кітап оқу – сән») арттыру мақсатында білім алушылар арасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы жүзеге асырылды.

№	Жоба	Іс-шаралар тақырыбы
1	«Оқуға құштар мектеп»	«Ізгілікке қалам тартқан жас ғұмыр»
2		Музафар Әлімбаевтың 100 жылдық, 29.10.1923-26.11.2017
3		«Жақұтыбарға жасын түспейді»
4		«Үнемі оқитын адам – табысты адам»
5		«Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жылдық мерейтойы 1823-1896»
6		«Мыңалғыс,...»
7		«Жарқ ете қалсам, найзағай болып...»
8		«Адамдық борышар үшін» 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні
9		«Ұлттар достастығы»

9. «Төрт тоқсанға – төрт өнер» Ұлттық мәдени-ағартушылық жобасының тұжырымдамасы негізінде бірінші тоқсан – Республика күні мерекесіне арналған «Ақындар айтысы», екінші тоқсан «Асық ойыны жобасы», үшінші тоқсан «Ұлттық өнер көрмесі», төртінші тоқсан «Туған өлкем» фестивалі ұйымдастырылды.

2023-2024 оқу жылының II жартыжылдығының әлеуметтік паспорты

Санаты бойынша		
1	<b>Мектептегі жалпы бала саны:</b>	907
	1-4 сынып оқушылары	358
	5-7 сынып оқушылары	245
	8-11 сынып оқушылары	304
2	<b>Көп балалы отбасы саны</b>	40
	- в них детей	188
3	<b>Многодетных малообеспеченных семей</b>	20
	онда бала саны	43
	оның ішінде АСП алатыны	12
4	<b>Аз қамтылған отбасы саны</b>	13
	онда бала саны	16

	<i>оның ішінде АСП алатыны</i>	9
5	<b>Толық емес отбасы саны</b>	135
	<i>онда бала саны</i>	160
6	<b>Қолайсыз отбасы саны</b>	0
	<i>онда бала саны</i>	0
	<i>оның мектеп жасындағы бала саны</i>	0
	<i>мектеп жасына дейінгі бала саны</i>	0
	<i>оның мектеп бітіргенінің саны</i>	0
7	<b>Өгей әкеасімен тұратыны</b>	11
	<i>ондағы бала саны</i>	14
	<i>оның ішінде оқушысы</i>	14
8	<b>Өгей анасымен тұратын бала саны</b>	1
	<i>ондағы бала саны</i>	1
9	<b>-детей с особыми потребностями в образовании</b>	1
	<i>ондағы бала саны</i>	2
10	<b>Жетім бала саны</b>	1
11	<b>ОБПР Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала саны</b>	0
12	<b>Ата-аналардың білімі</b>	
	<i>Жоғарғы</i>	403
	<i>Орта</i>	226
	<i>Арнайы</i>	278

Кәмелетке толмағандар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың жай-күйі туралы ақпарат  
**МОНИТОРИНГІ**

№	«Мәшһүр Жүсіп атындағы жалпы орта білім беру мектебі» КММ	
1	Қолайсыз отбасылардың саны	0
	<i>ондағы кәмелетке толмаған балалар саны</i>	0
2	Қаңғыбастылыққа бейім оқушылардың саны	0
3	ПБ тіркеуінде тұрған оқушылардың саны	0
4	Мектепішілік бақылауда тұрған оқушылардың саны	0
5	Аудан/қала әкімі анындағы КТІ және ОҚҚ комиссиясында қарастырылған материалдардың саны	0
6	Қылмыс жасаған оқушылардың саны	0
7	Құқық бұзушылық жасаған оқушылардың саны	0
8	Мұғалімдер қанша рейд өткізді, оның ішінде:	
	айына:	6
	жылына:	48
9	ПБ ЖПҚБ ЮПТ инспекторы қанша рейд өткізді, оның ішінде:	
	айына:	4
	жылына:	25
	рейдтерде анықталған кәмелетке толмағандардың саны:	0
	айына:	0
	жылына:	0
	рейдтерде анықталған қолайсыз отбасылардың саны:	0
	айына:	
	жылына:	
10	Құқықтық білім бойынша барлығы қанша дәріс оқыды:	
	айына:	2

	жылына:	18
	Соның ішінде мұғалімдер өткізді:	
	айына:	6
	жылына:	48
	прокуратура қызметкерлері,	
	айына:	1
	жылына:	4
	құқық қорғау органдары,	
	айына:	5
	жылына:	18
11	Құқық бұзушылықтарды алдын алу бойынша қанша Кеңес өткізілді	
	айына:	1
	жылына:	9
	қанша іс қаралды	
	айына:	3
	жылына:	25
	қаншасы қайта қаралды (бақылау)	
	айына:	0
	жылына:	0
12	Қанша үйірме жұмыс жасайды	
	ондағы балалар саны	
	оның ішінде қиын балалар	0
13	Қанша спорт секциялары жұмыс жасайды	6
	ондағы балалар саны	
	оның ішінде қиын балалар	0
14	Қамқорлықтағы балалардың саны	0

### **Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің 2023-2024 оқу жылындағы жұмысының жылдық есебі**

Оқу жылының басында қылмыстардың алдын алу, оқу орнында оқушылар арасында тәртіпті нығайту, әлеуметтік қауіпті отбасылармен жұмыс істеу, кәмелетке толмағандардың қоғамға қарсы әрекеттеріне ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және талдау үшін құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі құрылды. Кеңес құрамы бұйрықпен бекітілді. Кеңес төрағасы (мектеп басшысы) және кеңес мүшелерінен (мектеп ұстаздары, ата-аналар комитетінің мүшелері) құралған. Жұмыс жоспары бекітілді. Жоспарға сәйкес 9 отырыс өткізілді. Өткізілген профилактикалық отырыстың хаттамалары дер кезінде жазылды. Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңес отырысында 4 оқушының тәртібі талқыланды. Отырыстар барысында тәрбие профилактикалық жұмысын оңтайландыру мәселелері қаралды, білім алушылармен және олардың ата - аналарымен жеке профилактикалық жұмыс жүргізілді. Барлығы 9 хаттама тіркелді.

Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі қызметінің мақсаты:

- оқушылардың заңға бағынатын мінез-құлқы мен салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- оқушылардың девианттық және бейәлеуметтік мінез-құлқының алдын алу, "әлеуметтік қатер" тобындағы білім алушыларды әлеуметтік бейімдеу және оңалту;
- мүшелері арасындағы салауатты қарым-қатынастарды қалпына келтіру және отбасылық тәрбиедегі ауытқуларды түзету мақсатында "тәуекел тобындағы" отбасымен кешенді түзету жұмыстарын жүзеге асыру.

Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі принциптері мен міндеттері:

1. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің қызметі төмендегі принциптерге негізделген :
  - заңдылық, демократия және кәмелетке толмағандарға ізгілікпен қарау;
  - кәмелетке толмағандар мен олардың отбасыларына жеке қарым-қатынас;
  - алынған ақпараттың құпиялылығын сақтау.

2. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі - алқалы орган болып табылады, оның мақсаты жоспарлау, әлеуметтік қауіпті жағдаяттардың (баланың қадағалаусыз қалуының, құқық бұзушылықтың, қоғамға жат іс-әрекеттер) алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру және орындаласын бақылау болып табылады.

3. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- кәмелетке толмағандардың қараусыз қалуына, қылмыс жасауына, құқық бұзуына, қоғамға қарсы іс-әрекет жасауына себеп болған жағдайларды анықтау және жою;
- кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;
- әлеуметтік қиын жағдайдағы кәмелетке толмағандарды әлеуметтік-педагогикалық оңалту;
- кәмелетке толмағандардың қылмыстық және қоғамға қарсы істерге қатысуын анықтау және жолын кесу;

Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі жоспарына сәйкес келесі нысандармен жұмыс жүргізілді:

1. Оқушылармен жұмыс;
2. Педагогикалық ұжыммен жұмыс;
3. Отбасымен жұмыс;
4. Сынып жетекшілерімен жұмыс;
5. Алдын алу жүйесінің ұйымдарымен және мекемелерімен өзара әрекеттесу.

2023-2024 оқу жылындағы жұмысты талдай отырып, жұмыс барысында туындайтын бірқатар мәселелерді анықтауға болады:

Мектеп бойынша ішкі істер бөлімінің тіркеуінде оқушы болған жоқ.

Құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыс нәтижелерінің көрсеткіштері:

1. Мектеп оқушыларының сабақтан тыс уақытта жасайтын құқық бұзушылықтарын болдырмау;
2. Мектеп ұжымында жанжал жағдайларының санын азайту;
3. Тиімді әлеуметтік-педагогикалық жұмыс есебінен білім алушылардың ішкі істер есебінде және мектепішілік есепке тіркелуінің алдын алу.

Кедергілер:

1. Отбасындағы әлеуметтік және материалдық әл - ауқаты;
2. Баланың бос уақытының тиімді пайдаланылмауы;
3. Білім алушылардың және олардың заңды өкілдерінің заң білмеуі;
4. Білім алушылардың мінез - құлқының ауытқушылығы;
5. Сынып жетекшілердің ата-аналармен байланысының аздығы.

Шешу жолдары:

1. Баланың бос уақытын тиімді пайдалануда мектептегі іс-шараларға қатыстыру;
2. Ата –аналар мен мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілердің бірлескен отырыстарды өткізу;
3. Ата-аналармен тығыз байланыс орнату.

**Ұсыныс:**

1. Оқушылардың мектепішілік тәртіпті қатаң сақтауларын қамтамасыз ету.
2. Сабақты себепсіз жиі босататын оқушылармен жұмысты күшейту.
3. Психотропты заттардың зияны жайында оқушылардың түсініктерін кеңейту.

### SWOT талдау

Әлді	Әлсіз
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Арнайы әдістемелік нұсқаулықтардың болуы.</li> <li>2. Оқушылардың қоғамдық іс- шараларға қатысу белсенділіктерінің жоғарылауы.</li> <li>3. Мектеп асханасының сапалы жұмыс жасауы, бракеражды комиссияның белсенді әрекет етуі.</li> <li>4. Тәрбие процесіндегі «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша жоспарланған іс-шаралардың жауапкершілікпен атқарылуы.</li> <li>5. Мектепішілік, қалалық мерекелік іс-шараларға оқушылардың қатысуының</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мектеп оқушыларының арасында құқықбұзушылық (сабақты себепсіз босатуы) әрекеттердің орын алуы.</li> <li>2. Кейбір мектеп оқушыларының мектеп формасын талапқа сай сақтамауы.</li> <li>3. Кейбір жобалардың жүргізілу сапасының ойдағыдай болмауы.</li> </ol>

<p>белсенділігі.</p> <p>6. «Үлкен үзіліс» қалалық жобасының сапалы жұмыс атқаруы.</p> <p>7. «Мектеп Парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының мектептегі түрлі белсенді бағыттарды ұйымдастыруда, өткізуде үнемі белсенділік танытуы.</p> <p>8. Мектептегі кәсіби бағдар беру жұмысының жүйелі жүргізілуі.</p> <p>9. «Даналық мектебі» мен мектеп арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған іс-шараларды сапалы ұйымдастыруы.</p>	
<p>Мүмкіндіктер</p>	<p>Қауіп</p>
<p>1. Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру бағытында ювеналдық полиция қызметкерлерімен бірлескен ауқымды іс-шаралар ұйымдастыру.</p> <p>2. Бекітілген мектеп формасының үлгісімен ата-аналарды, оқушыларды оқу жылының басына дейін алдын – ала таныстыру.</p> <p>3. Жоба жетекшісіне тәжірибелі, белсенді педагогтарды жауапты ретінде тағайындау.</p>	<p>1. Кейбір педагогтардың әдістемелік нұсқаулықты басшылыққа алмауы.</p> <p>2. Қоғамдық іс-шараларға белсене қатысатын оқушылардың оқу үлгерімінің төмендеуі.</p> <p>3. Мемлекет есебінен тамақтанушы оқушылардың саны артылған жағдайда асханада сыйымдылығының қажетті санды қамтамасыз ете алмауы.</p> <p>4. Келесі оқу жылында Білім бөлімдерінен жіберілетін тапсырмалардың өте көп болуынан, жоспарланған жұмыстарға уақыттың жетпеуі.</p> <p>5. Мектепішілік, аудандық мерекелік іс-шараларға қатысатын оқушыларда бәсекелестіктің болмауы.</p> <p>6. «Үлкен үзіліс» жобасына қатысатын оқушылардың басым бөлігінің белсенділігінің аздығы.</p> <p>7. Парламент ұйымының жұмысының оқушыларға ауқымды салмақ салуының аздығы.</p> <p>8. Ата-аналардың баланың кәсіби өзін-өзі айқындауына жауапкершілік танытпауы салдарынан атқарылған іс-шаралардың нәтижесінің ойдағыдай болмауы.</p> <p>9. Ата-аналардың жұмысбастылығын назарға алғанда, олардың мектеп өміріне араласуға деген құлшыныстарының төмен болу мүмкіндігі.</p>

### **Мектептегі тамақтануды ұйымдастыру**

**«Мәшһүр Жүсіп атындағы жалпы орта білім беру мектебі» КММ-сіндегі оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру бойынша басты міндеттері:**

- әлеуметтік қорғансыз отбасылар санатына жатқызылатын отбасылардан шыққан оқушыларды тегін тамақтанумен қамту;
- білім беру мекемесінің асхана бөлмелерінің материалдық базасын нығайту және жанарту;
- қызмет көрсетудің жаңа озық формаларын дамыту және тамақтану мәдениетін жоғарылату;
- тамақтанудың санитарлық-гигиеналық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;



- ата-аналар (заңды өкілдер) мен оқушылардың арасында ыстық тамақтанудың қажеттілігі туралы түсіндірме жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу.

Оқу жылының басында оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын ұйымдастыру туралы бұйрық шығарылды, мұнда тегін ыстық тамақ алуға құқығы бар оқушылардың тізімдік құрамы бекітіледі. Жыл бойы жалпыға міндетті оқу қорынан тегін тамақтануға құжаттар үнемі қабылданып отырды.

✓ **Оқу жылының басынан көп балалы және әлеуметтік қорғансыз топтарға жатқызылатын оқушы санаттары ата-аналар тапсырған құжаттарға сәйкес тегін тамақтанды.**

✓ **1-4 сыныптар бюджет тарапынан 1-4 сыныптарды оқитын 370 оқушы, яғни 100%-ы тегін тамақпен қамтамасыз етілді.**

Мектеп асханасындағы тамақтың ұйымдастырылуы және жұмысы арнайы комиссиямен тексеріліп бақыланды. Бұл комиссия құрамына мектептің қызметкерлері, дәрігер, ата-аналар, қамқоршылық кеңесінің мүшелері кірді. Құрамы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына сәйкес 7 адам. Аталған бракераждық комиссия құрамы 2023 жылдың 01 қыркүйегіндегі № мектепшілік бұйрығымен бекітілген.

Бракераждық комиссия мүшелері асхананы аптасына бір рет, әр дүйсенбі күні тексеріп дайын тағамның сапасына органолептикалық бағалау жүргізсе, мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия күнделікті тексеріп, қадағалап отырады. Жүргізілген жұмыстар әдеттегідей интернеттегі «Мектептегі тамақтандыру» сайтына жарияланып отырды.

#### Комиссияның міндеттері:

- балалардың тамақтануын ұйымдастыруды және тағамдар сапасын (тамақтану режимі, санитарлық нормалар мен ережелерді сақтау) бақылауды жүзеге асыру;

- оқушылар мен ата-аналар арасында ағарту жұмыстарын жүргізу;

- оқушылар арасындағы тұтынушылық сұранысты талдау;

- комиссияның жұмыс жоспарын жасап, оны білім беру мекемесінің әкімшілігімен келісу.

2023-2024 оқу жылы бойынша бракераждық комиссияның ыстық тамақтандыруды ұйымдастыру сапасына мониторинг жүргізу қорытындысы.

2023-2024 оқу жылының тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі бракераждық комиссиясы 4 тоқсан ішінде кестеге сәйкес 32 тексеріс жүргізді. Әр бақылаудан кейін арнайы берілген нұсқада АКТ толтырылып, тексеріс бойынша суретті- ақпарат веб-сайтқа жарияланып отырды.

Оқу жылында жүргізілген тексеріс барысында төмендегідей жағдайлар анықталды:

Ас дайындау бөлмесіндегі ыдыс-аяқтар таңбаланған және жеке арнайы шкафта сақталған. Шикізаттар мен дайын тамақ өнімдерін (ет, құс еті, балық, көкөніс, көк, ет, сүт өнімдері, нан және нан-тоқаш өнімдері, аспаздық, ұннан жасалған аспаздық, кондитерлік өнімдер) бөлу үшін таңбаланған жеке бөлшектеу доскалары пайдаланылады. Жарықтары, сынығы бар, шеттері сынған, деформацияланған, эмалі зақымдалған ыдыстар анықталған жоқ. Қойма бөлмелері және тоңазыту камералары стеллаждармен, тұғырықтармен жабдықталған. Тамақ өнімдерінің табандықтарда, тауар қоятын орындары бар. Нан сақтауға арналған шкаф ағаштан жасалған. Арнайы тесіктері бар. Тамақ өнімдерін сақтауға арналған қоймада температуралық-ылғалдық, жарық режимі, азық-түлік өнімдерінің әрбір түріне қойылатын қоймалау нормаларына сәйкес тауар көршілестігі сақталған. Тоңазытқыштар мен мұздатқыштардың ішінде арнайы термометрлер бар.

Мектептегі ас мәзірі екі апталық перспективалық ас мәзіріне сәйкес жүргізіліп отырады. Күн сайын асхана залында мектеп басшысы бекіткен ас мәзірі ілінеді, әрбір дайын тағамның шығуы көрсетіліп отырады. Күнделікті осы ас мәзіріне сәйкес тағамдар даярланып отырады. Тексеріс барысында құрамында жасанды бояғыштар, консерванттар, хош иістендіргіштер, дәм күшейткіштер және тәттілендіргіштер бар шұжық өнімдері, сосискалар және басқа да тыйым салынған өнімдер анықталған жоқ.

Комиссия қызметінің циклограммасына сәйкес күн сайын медицина қызметкері тағамдардың және аспаздық өнімдердің сапасын органолептикалық бағалау журналына жазба енгізе отырып,

дайын тағамдардың сапасына органолептикалық бағалау жүргізеді. Күн сайын дайын өнімнің тәуліктік сынамалары нақты мәзірге сәйкес қалдырылып, сынамалар тоңазытқышта қақпағы бар шыны ыдыста, келесі күні дайындалған тағаммен ауыстырылғанға дейін кемінде 24 сағат сақталатыны анықталды.

Мектеп асханасы 5 күндік жұмыс кестесімен жұмыс жасайды. Асханада оқушылар 2 ауысымда тамақтанады. Әлеуметтік педагогтың күнделікті бақылауымен оқушылардың тамақтану кестесі құрылып, сол бойынша оқушылар үзілісте кезекпен тамақтанады. Мектептің 1-4 сыныптардан 254 оқушысы бюджет тарапынан, аз қамтылған отбасыларынан шыққан 5-11 сынып арасында 136 оқушы тегін тамақтанды. Барлық сынып жетекшілері оқушыларды асханаға алып барады және тамақтану кезіндегі оқушылардың тәртібін қадағалайды.

Мектеп асханасының санитарлық талаптарының, залалсыздандыру жұмыстарының толық тиісті дәрежеде жүргізілді және асхана қызметкерлерінің жеке бас гигиенасын сақтауы да уақытылы қадағаланып тұрды. Асханада 5 адам жұмыс жасады. Медициналық бақылаудан өткен, санитарлық кітапшалары реттелген, арнайы киімдермен қамтамасыз етілген.

Мектепте барлық оқушыларды ыстық тамақпен қамтуға барлық жағдай жасалды.

**Әр жексенбі күні жеткізілген өнімдердің, күнделікті дайындалған тағамдардың сапасы тексеріліп, асхана жұмыскерлерінің денсаулығын бақылау журналы жүргізіледі.** Жеткізілген шикі және дайын өнімдерді бақылау және оларды сақтау шарттары мен жарамдылық мерзіміне сәйкес пайдалану бақылауға алынған. Мектеп медбикесімен бракераж журнал жүргізіледі: шикі өнім бракеражы және дайын өнім бракеражы. Аталмыш комиссияның жұмысының міндеттерінің бірі тамақтануды санитария мен гигиенаның барлық нормаларын орындай отырып ұйымдастыру, сонымен қатар, оқушыларды тамақтандыруға қойылатын талаптарды сақтау болып табылады. Комиссия жұмысының міндеттеріне салауатты өмір салтын насихаттау, технологиялық құрылғылардың дұрыс жұмысын қадағалау да жатады.

Мектепте ұйымдастырылған тамақтандырумен қатар буфет жұмыс жасайды. Мұнда әр түрлі пісірілген буфеттік өнімдер мен әр алуан шырындар сатылды. Буфеттік өнімдердің бағасы арнайы стендте көрсетілген.

Мектептегі **ауыз су режимін** ұйымдастыру да аса маңызды мәселелердің бірі.

Мектеп асханасы толықтай қажетті ыдыс-аяқпен жабдықталған. Оның тазалығына баса назар аударылады. Жуу мен залалсыздандыру барлық санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтай отырып жүргізіледі, ең жақсы залалсыздандыру құралдары пайдаланылады. Мектептегі жұмыс жасаған уақыт ішінде асхананың кінәсінен асқазан-ішек жұқпасымен ауыру жағдайлары болған жоқ. Асханаға кіреберісте оқушылардың қолын жууға арналған арнайы орын бар.

Асханада пайдалануға жол берілмейтін, яғни тыйым салынған тағамдар қолданылмайды.

Мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру жүйесінің міндеттері келесідей:

- оқушыларды толық ыстық тамақпен қамтамасыз ету;
- тағамның нәрлілігі мен үйлесімділігін қадағалау;
- оқушыларға салауатты өмір салты ұстанымдарын үйрету;
- жағымды дағдыларды қалыптастырып, салауатты өмір салтына қажеттілікті қалыптастыру;
- тамақтану мәдениеті мен өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.

### **Өмір қауіпсіздік негіздері**

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаалрын іске асыратын білім беру ұйымдарында «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсының оқыту міндетті болып табылады. Оқу процесі кезінде жүргізілетін және міндетті болып табылатын «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұнының инвариантты оқу пәндерінің аясында жүргізілуіне талдау жасау үшін «Bilimal» электронды мектеп автоматтандырылған басқару жүйесі арқылы пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, электронды сынып журналдары зерделенді.

1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты, 4 сыныптарда 10 сағатты «Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырды. Сонымен қатар 5-9

сыныптарда 15 сағатты «Дене шынықтыру» пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырылды. 10-11 сыныпта «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысының оқытуымен жүзеге асырылды. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында өткізілген «Өмір қауіпсіздігі негіздерінің» кестесі ұсынылды.

**2021-2022 оқу жылы**



**2022-2023 оқу жылы 2023-2024 оқу жылы**



### **«Жолда жүру қауіпсіздігі ережелері» оқу курсы**

**2022-2023 оқу жылында** «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы негізінде "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұны 2 тарау §1 25 тармақ, §2 39 тармақтарын басшылыққа алынып 1-4 сыныптарда 6 сағаттан, 2 тарау §135 тармақ, §2 48 тармағын басшылыққа алынды. «Жолда жүру ережелері» 5-8 сыныптарда 10 сағаттан берілді. 1-4 сыныптарғы "Жолда жүру ережелері" оқу курсы мен 5-8 сыныптардағы "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсының өткізілу кестесі.

**2022-2023 оқу жылында** «Жол қауіпсіздігі ережелері» курсының мазмұны 1-4 сыныптарда әрбір сыныптарда 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімдерін көрсете отырып, іске асырады және "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8-сыныптарда 10 сағат көлемінде жүргізілді, «Kundelik.kz» электронды журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылды.

1-4 сыныптарғы "Жолда жүру ережелері" оқу курсы "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы:



2023-2024 оқу жылында "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып іске асырды және "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8-сыныптарда 10 сағат көлемінде жүргізілді, «Kundelik.kz» электронды журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылды.

"Жолда жүру ережелері" оқу курсы мен 5-8 сыныптардағы "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы:



## Кітапхананың 2023 – 2024 оқу жылындағы атқарылған жұмыстарына жылдық талдау

Кітапхана оқырмандарын заман талабына сай ақпараттық технологиямен жұмыс жасатуға бейімдетіп, тіл байлығын кеңейтіп, сөздік қорларын, ой-өрісін дамытуға, оқулықты таза ұстап, кітапты құрметтей білуге тәрбиелеу, мектепте өткізілетін іс-шараларға атсалысу. Білім беру үрдісінде оқушыларға ақпараттық, оқырмандық мәдениетті қалыптастыру жолымен білім сапасын арттыру. Кітапхана қорындағы әдебиеттерді, соның ішінде қазақ әдебиеттерін насихаттауды қазақтың салт-дәстүрін үйретуге, әр салада түскен әдебиеттерге хабарлама жасауға, оқырмандарды оқуға қызығушылығын арттыруға көмектестік. Ақын-жазушылардың туған күн мерей тойларына сынып жетекшілерімен бірлесіп отырып, әр-түрлі іс-шаралар ұйымдастырдық. Салауатты өмір салтына, патриоттық тәрбиеге, рухани тәрбиеге байланысты конференция, кештер өткізуге, сайыстар, дебаттар, кездесулер, оқулар әр-түрлі іс-шараларға қатыса отырып, бірге өткізуге, әр тақырыпқа байланысты ұйымдастыру жұмыстарын жүргіздік. Кітапханада іс-шаралар жүргізіп оқырмандарды жыл бойына тәрбиелеу негізгі міндет болып саналды. Кітапхана оқырмандардың кітап алуын, қайтаруын қадағалап, кітап оқуға қызығушылығын арттыруға, рухани тәрбиелеуге көмектесу жұмыстары жүргізілді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітапханамызда «Оқитын мектеп» атты акция ұйымдастырылды. Мақсаты: балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуға деген қызығушылығын арттырып, кітапханаға баулу.

Акция аясында 1-11 сынып оқушыларына қазақ, әлем әдебиетінің шығармалары бойынша шолу өткізілді. Оқушылар жаңа кітаптармен танысып, кітапханаға жазылды. Қатысқан оқушылар саны – 52. Алдағы уақытта акция жалғасын табады. Оқушылармен WhatsApp желісі арқылы таныстырылды және мектептің Instagram парақшасына салынды.

<https://www.instagram.com/p/C3xhTWHI9by/?igsh=MWgyNDJsNmxiMWh6Yw==>

Мектеп кітапханасында 2 - ші сынып оқушыларымен «Кітап деген бір әлем» кітапхана сабағы өтті. Экскурсия барысында барлық ережелерімен танысып, кітап оқуға құмарлығын арттыру, оқу мәдениетін қалыптастыру. «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тиылсаң ой ойлаудан да тиылар едік» (Ғабит Мүсірепов, жазушы Оқушыларды «Мен оқитын кітаптар» кітаптар көрмесі аса қызықтырды, өздерінің сүйікті кітап кейіпкерлерін естеріне алып, ұнаған кітаптарын өздерінің құрдастарына оқуды ұсынды. Қатысқан оқушылар саны – 73. <https://www.instagram.com/p/C3xV4N2olij/?igsh=a2k0dGp5cXR0Yzli>

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша "Бір ел - бір кітап" акциясы аясында қазақ прозасына өзгеше өрнек әкелген көрнекті қазақ жазушысы, балалар әдебиетінің классигі, 2024 жылы 100 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтілетін Бердібек Соқпақбаевтың шығармашылығынан "Бердібек Соқпақбаев - балалар әдебиетінің атасы" атты әңгіме-шолу өтті. Өмірбаяны, шығармалары туралы бейнежазба жасалды. Акцияға қатысқан оқушылар оқыған шығармаларын бейнежазбаға түрінде бөлісті. Қатысқан оқушы саны -22. Акция әлі де жалғасып жатыр.

**Қазақ балалар әдебиеті** — балаларға арналып жазылған әдеби шығармалар. Балалар әдебиетінің негізгі мақсаттары: жас буынның сана-сезімін оятып, ақыл-ойын дамыту, оларды адамгершілікке, отан сүйгіштікке, т.б. ізгі мұраттарға баулу. Балаларға арналған кітап көрмесі ұйымдастырылды: М.Мақатаев, С.Бегалин, М.Әлімбаев, Б.Соқпақбаевтың т.б. жазушылардың шығармалары жинақталды, «Менің атым-қожа» атты филімінен үзінді көрсетілді, сұрақтар берілді. Қатысқан оқушы саны -25.

<https://www.instagram.com/reel/C4QwbC-oTf5/?igsh=eGlhcXp4ZDVyYXBh>

<https://www.instagram.com/p/C3xiNzqoo4Y/?igsh=MTA0cmRicjA5ejJkdA==>

<https://www.instagram.com/reel/C3xfc-Bo0ct/?igsh=cmViZTY0b2U4d21h>

<https://www.instagram.com/reel/C3xfKE5Is4i/?igsh=cXN1enBzdXM5ZTAw>

9-10 сынып оқушылары 4 - қазан күні 2023 ж. "Мәдени мұраларға саяхат" атты "Төрт тоқсан-төрт өнер" ұлттық мәдени-ағартушылық жобаның аясында Бұқар Жырау атындағы әдебиет және өнер мұражайына саяхат жасады.

Мұражай экспозициясы 7 (жеті) залда орналасқан: халық ауыз әдебиеті залы, көне түркі жазбалар ескерткіші залы, Бұқар жырау залы, XX ғасыр басындағы әдебиет, әдебиеттер достастығы залы, қазіргі заман әдебиеті залы, өнер залы. Қазіргі кезде мұражайда 49 мыңнан астам экспонат бар. Мұражай қорына көптеген бағалы жәдігерлер жинақталған. Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Жүсіпбек Аймауытов, Иса Байзақов, Қадыр Тайшықов, Дихан Әбілев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Зейін Шашкин, Қалижан Бекхожин және т.б. өнерлік ақын-жазушылар өмірі мен шығармашылығы бойынша қосымша ақпарат қызықты болды. Оқырмандық мәдениетінің қалыптасуына ықпал етті. Қатысқан оқушы саны -28.

<https://www.instagram.com/reel/C3xitsfINLX/?igsh=MXZoYzE3NHJ1Z2E2MQ==>

Мектебімізде "Қара сөздің жауһарлары" атты "Төрт тоқсан-төрт өнер" ұлттық мәдени – ағартушылық жобасы іске асыру мақсатында 9 "Б" сынып оқушылары мен айтыскер ақынмен кездесу-сұхбат өткізілді. Кездесуге жас ақын Жүмәлі Мизам - облыстық, республикалық ақындар айтысының бірнеше мәрте жеңімпазы әрі жүлдегері жерлесіміз шақырылды. Кездесу барысында қонағымыз өз өмірі туралы қысқаша баяндап және оқушыларды қызықтырған сауалдарына жауап берді. Қатысқан оқушы саны -20.

<https://www.instagram.com/reel/C3xlSmcoNiS/?igsh=Z2ZoY2JxYWN5aDEz>

5-6 сынып оқушылары мен «**Республика күніне**» арналған «Туған өлкем – тұнған шежіре» сайыс өтті. Тақырып бойынша оқушылардың алған білімдерін байқау, сұрақтарға жауап беру, ата - дәстүрімізді құрметтей білуге, сүйеге, адамгершілікке, шешендікке, өз Отанын, халқын, жерін сүйеге, Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге, сөз құдіретін тани білуге тәрбиелеу. Қатысқан оқушы саны -40.

<https://www.instagram.com/p/C3xplwYoMoE/?igsh=MTU2YmM3dTlmeGU5dg==>

Халқымыздың біртуар азаматтары, қатар жайқалып өскен алып тұлғалы үш бәйтерегі – Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин және Ілияс Жансүгіров ағаларымыздың ерен еңбектерін елі мақтан етеді! Өмірбаяны, шығармалары туралы бейнежазба жасалды. Қатысқан оқушы саны- 25

<https://www.instagram.com/reel/C3xh2-YIjTN/?igsh=bGd6YWRiajY1bWx5>

"Алты алашқа танылған Мәшһүр атым» Мәшһүр онкүнділігіне арналған «Мәшһүр әлемі – даналық мұхиты» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.Қатысқан оқушы саны -50.

[https://www.instagram.com/p/C3xkv\\_TIwjq/?igsh=MXV5bTBkMmFudDc1bQ==](https://www.instagram.com/p/C3xkv_TIwjq/?igsh=MXV5bTBkMmFudDc1bQ==)

<https://www.instagram.com/reel/C3xlMfoTGs/?igsh=MXVlcDBraWxkaWpuaw==>

<https://www.instagram.com/reel/C3xl-7jo1c8/?igsh=ZHdndnB0eWVkJZ3lm>

«Оқуға құштар мектеп » жобасы аясында 1-4 сынып оқушыларымен "Менің сүйікті кейіпкерім" атты викторина өтті. Қатысқан оқушы саны -12.

<https://www.instagram.com/reel/C3xe9kgobfE/?igsh=MTNxN2ltM2EwMDVxaA==>

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітапханамызда «Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз» қысқы демалыс кезінде бос уақытымызда кітап оқимыз атты іс шара ұйымдастырылды.Мақсаты: балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуға деген қызығушылығын

арттырып, кітапханаға баулу. Жоба аясында 4 «Ә» сынып оқушысы Сансызбай Айзере Абай Құнанбаевтің шығармаларымен танысып "Қыс" өлеңін оқыды.

<https://www.instagram.com/reel/C3xqPHUIsq1/?igsh=MWN6aTB1OW4wcDgzNA==>

«Рәміздер-елдігімнің реңі, теңдігімнің тірегі» атты кітаптар көрмесі

<https://www.instagram.com/p/C3xgtUiIY53/?igsh=MTIzYmJ6bnJ6OGV5eQ==>

1-11 сынып оқушыларымен "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі кітап құмарларды тарту мақсатында, мектеп оқушыларына «Демалыста кітап оқимыз» республикалық буккроссингін бастақды.

<https://www.instagram.com/p/C7I7HmsI-rj/?igsh=MXQwdGJ1Yjk3N3M3MA==>

<https://www.instagram.com/reel/C3xYzy7IPN9/?igsh=MWpscHhsNDh1N2lrcw==>

7-11 сынып оқушыларының қатысуымен "Менің сүйікті кітабым" республикалық челленджін өткізу аясында, мектеп кітапханасы Ә.Кекілбаевтың "Шыңырау" туындысы бойынша "Шыңыраудың тарихы" атты бейнепрезентация дайындады.

<https://www.instagram.com/p/C4cRI7oow2o/?igsh=MWIyamNrZnlobm56eA==>

<https://www.instagram.com/reel/C4csRF0ITXR/?igsh=cHJxenp0NTZqcWtw>

Мектеп кітапханамызда "Қаламыздың картасында ақын-жазушылардың есімдері" жүзеге асыру мақсатында "Оқуға құштар мектеп" республикалық жобасы аясында 5-7 сынып оқушылары мен арасында байқау өтті, үш кезеңнен тұрды, бейнежазба көрсетілді. Марапатталған

оқушылардың мақтау қағаздары Instagram желісіне жарияланды. Қатысқан оқушы саны -6 5.

<https://www.instagram.com/reel/C5-BVvUoPiJ/?igsh=ZWYxb2VvajJkNHhk>

<https://www.instagram.com/reel/C5-AppyozqA/?igsh=MWJzbnmg2eXNmZXlpeA==>

<https://www.instagram.com/reel/C56BK1doHFn/?igsh=b2R4eTZoZ296dXNI>

23 сәуір күні "Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық" күніне орай мектебімізде "Мен оқыған бір кітап" READx жобасы өтті. «Кітап - ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына» деп ұлы ақын Әлішер Науаи жазып өткендей. Кітап ғасырларға сапар шеккен ақыл ескерткіші. «READx» жобасының мақсаты: кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру, әдеби шығармалардың құндылығы мен мазмұнын дәріптеу. READx – бұл оқырмандарды шабыттандыру алаңы, мұнда жасы мен беделіне қарамастан қатысушылар өз ой толғаулары мен жиған-тергендерін ортаға салады. READx жобасының ұраны: «Оқуға ұмтыл!». «Мен оқыған бір кітап» READx жобасына спикер ретінде қатысып, өз оқыған шығармаларымен бөлісіп келген қонақтарымыз:

1. Еликпаев Серик Төлеубаевич, Торайғыров Университетінің профессоры, ақын, жазушы, қоғам қайраткері.

2. Капасова Бақытгүл Қасымбайқызы Торайғыров Университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты.

3. Рахимжанова Арай Бейсенбаева, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің педагогика жоғары мектебінің тәрбие және сұрақтар бойынша вице-деканы, педагогика ғылымдарының магистрі.

4. Шектібай Қайыр, мектебіміздің 9 "Б" сынып оқушысы.

5. Бекбаева Айнұр Тулегеновна Мектеп басшысы.

Шара соңында оқушылар "Оқимын" және "Ойланамын" карточкалары арқылы ұсынылған кітаптарға дауыс берді.

<https://www.instagram.com/reel/C6Iu2dPAcV-/?igsh=MW0xNWI2anRvZ3Bldw==>

"Оқуға құштар мектеп" жобасы іске асыру мақсатында кітапханада 9 - 11 ші сынып оқушылары Ж. Аймауытов атындағы Қазақ музыка драма театрының әртісі, Қ Р Мәдениет саласының үздігі Балтабаева Айсұлу Ахметбекқызы мен кездесу-сұхбат өткізілді. Кездесу барысында қонағымыз өз өмірі туралы қысқаша баяндап және оқушыларды қызықтырған сауалдарына жауап берді. Хамзин Ерасыл 7 «Ә» сынып оқушысы Ж. Аймауытовтың өлең жатқа оқыды.

<https://www.instagram.com/p/C6qAllfoZ6j/?igsh=MWt2aHU4bW95bGtzaQ==>

Жеңіс күніне арналған "Менің есімде! Мен мақтанамын!" атты 7 мектепаралық өлең байқауының жеңімпазы 1 "В" сынып оқушысы Айтжан Алтын, мақтау қағазы Instagram желісіне жарияланды.

[https://www.instagram.com/p/C6\\_geYEIYB0/?igsh=ZXd3dHNmOTI2djNi](https://www.instagram.com/p/C6_geYEIYB0/?igsh=ZXd3dHNmOTI2djNi)

Жылдың аяғында барлық оқулықтарды қабылдап, оларды түгендеп, жөндеп келесі оқу жылына дайындық жасалды.

Биылғы 2023-2024 оқу жылына жетпейтін оқулықтарға толықтай сұраныс берілді. Келешекте кітапхана қоры көркем-әдеби кітаптармен, әр түрлі бағыттағы сөздіктер, анықтамалықтар және энциклопедиялармен толығады деген үміттеміз.

### **Қорытынды:**

1. Жұмыс жоспарлары «Оқуға құштар мектеп» жобасы жүзеге асырылуда.
2. Мектептің оқушылары 100% оқулықпен қамтылған.
3. Оқушыларды жүйелі және жан-жақты оқуға баулу бойынша жұмыс жүргізілді.
4. Кітапты насихаттау бойынша жеке, топтық және бұқаралық жұмыстар жүргізілді.
5. Жыл бойы кітап қорының орналастыруы, баспалардың жайғастыру тәртібі тексеріледі. Негізгі кітап қоры ашық-кіруі еркін, оқулық қорына кіріуіне жол берілмейді. Кітап қорының сақталу тәртібі бұзылмайды.

### **Ұсыныстар:**

1. Оқушыларды оқуға баулу, кітапқа деген қызығушылықты ояту мақсатында жұмысты жалғастырыңыз.
  2. Оқытылатын пәндерге көмектесу үшін әдебиеттерді насихаттауға ерекше назар аударыңыз.
- Кітапхананың дамуына ішкі ортаның көрінісі маңызды әсер етеді, оны реттеу қажет:  
- әдебиет сатып алуға қаражаттың жетіспеуі.

**2022-2025 оқу жылының сараптамалық жұмысына тоқталсақ, Мақсаты:** оқушының жеке басын дамыту, өзін – өзі дамыту және өзін-өзі жүзеге асыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау-патриоттық, білімді, денсаулығы мықты, жауапты және жігерлі, инновациялық экономика жағдайында табысты жұмыс істейтін, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген, Қазақстан халқының жалпыадамзаттық құндылықтары мен мәдениетін, "Мәңгілік" патриоттық актісінің идеяларын сіңірген, толерантты, танылатын және әлемде құрметті.

Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі тақырып бойынша жұмыс істейді:

"Белсенділік тәсілін енгізу арқылы оқушылармен жұмыста сынып жетекшілерінің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру"

**ӘБ жұмыс мақсаты:** Тәрбие жүйесінің сапасы мен тиімділігін арттыру, сынып жетекшілерінің құзыреттілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру арқылы мектепте тәрбиелеудің нысандары мен әдістерін жетілдіру.

Оқу жылы ішінде сынып жетекшілерінің 2 отырысы өтті, оның барысында тәжірибелі сынып жетекшілері жұмыс тәжірибесімен бөлісті, психолог және басшының орынбасары сыныптарда тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсыныстар берді. Сыныптар мұражайларға, қосымша білім беру мекемелеріне, театрларға экскурсиялармен барды.



### **Оқу жылындағы сынып жетекшілерінің рейтингі.**

Сынып жетекшілері жұмысының нәтижелілігін қадағалау мақсатында жеті бағыт бойынша мониторинг жүргізіледі:

- сыныптың тіршілік әрекетін ұйымдастыру;



- сыныптың жалпы мектеп істеріне қатысуы;
- ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- педагогтармен өзара іс-қимыл;
- құжаттамамен жұмыс;
- баланың жеке басының дамуы үшін жағдайлар;
- кәсіби құзыреттілік.

Сынып жетекшілерінің оң жұмысын атап өту қажет: К.А.Балтабаева, А.К.Сейтханова, Н.Т.Шаханова, Г.А.Камашева, К.Займолда, С.Е.Аухадиева, Р.А.Назымбекова, Б.К.Оразбаева, С.Ш.Ахметова, З.Е.Есебаева, Б.А.Турсунова.

Мектептің тәрбие жұмысы 8 бағыт бойынша, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізіндегі 6 құндылық тәрбие жұмысының жылдық мектеп жоспары негізінде құрылады .


### ***Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие***

**Мақсаты:** жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриотты қалыптастыру; жеке тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті, балалар мен жастардың құқықтық санасы, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын болу.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін насихаттау-жалпы білім беру жүйесіндегі және біздің мектептегі тәрбие жұмысының маңызды бағыттарының бірі. Бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асыру үшін біздің мектепте сабақтарда да, балалардың сабақтан тыс іс-әрекетін ұйымдастыруда да жүзеге асырылатын нақты, ойластырылған үгіт-насихат жүйесі жолға қойылған және сәтті жұмыс істейді, олар: әр дүйсенбіде Мемлекеттік әнұранды орындау, туды салтанатты түрде шығару, тақырыптық сынып сағаттары, мемлекеттік мерекелерге орайластырылған салтанатты іс-шаралар, жүйелі дәрістер-әңгімелер сыныптарда.



Мемлекеттік мерекелер қарсаңында 25-қазан, 16-желтоқсанда дәстүрлі түрде Ауған соғысы ардагерлерін, қонақтарды шақыра отырып, сынып сағаттары мен концерттік іс-шаралар өткізіледі, сондай-ақ "Жас Ұлан", "Жас Қыран" балалар-жасөспірімдер ұйымының қатарына салтанатты қабылдау, мектеп Президентін сайлау және ұлықтау, мектеп Үкіметінің мүшелерін тағайындау өткізіледі.



Құқықтық және азаматтық тәрбие беру бағытында оқу жылы ішінде тақырыптық сынып сағаттары, ТЖД, ЖТД өкілдерімен кездесулер, сондай-ақ концерттік іс-шаралар, "жол қозғалысы



Ережелері", "мектептегі мінез-құлық ережелері" тақырыптық топтамалары өткізіледі. Жыл бойы мектеп инспекторымен бірге кәмілетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша оқушылармен кездесулер, әңгімелер өткізілді.

Оқу жылы бойы әлеуметтік педагогтармен, психологтармен, құқық бұзушылықтың алдын-алу жөніндегі менеджермен бірлесіп мектепшілік және қалалық есепте тұрған балалармен үнемі профилактикалық әңгімелер өткізіледі.

### **Рухани-адамгершілік тәрбие**

**Мақсаты:** рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарды қалыптастыру, жалпы адами құндылықтармен, қазақстандық қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келісілген жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастары.

Жыл бойы тақырыптық сынып сағаттары, жиындар, акциялар, тақырыптық кештер және т.б. өткізіледі.

Мектепте жоғары адамгершілік, жауапты, бастамашыл және әлеуметтік - Құзыретті азамат пен патриотты дамыту үшін жағдай жасау мақсатында "Сұңқар" тобы ашылып, оқушылардың бойында патриоттық рухты қалыптастырып, түрлі іс-шаралар ұйымдастырады.


Мектепте қалалық пікірсайыс қозғалысының бөлігі болып табылатын "Зияткер" пікірсайыс клубы жұмыс істейді. Клуб жетекшісі-тарих пәнінің мұғалімі А.С.Кузембаев, оның тәрбиеленушілері оқушылар арасында да, басшылар арасында да қалалық пікірталастарда жақсы нәтиже көрсетеді. «Жаңа көзқарас» пікірсайыс мектебінің белсенді қатусышылары, «Үздік спикер» номинациясы тағайындалды.



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту және жұртшылықпен өзара іс-қимыл бойынша жоспарлы жұмыс жүргізіледі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін және оның кез келген көріністеріне "нөлдік" төзімділікті қалыптастыруға, құқықтық сауаттылықты арттыруға, жастарды патриотизм рухында тәрбиелеуге бағытталған қызмет жүзеге асырылады. "Адалдық сағаттары" мезгіл-мезгіл өткізіліп тұрады.

"Біртұтас тәрбие" бағдарламасын іске асыру мақсатында мектеп және қалалық деңгейдегі іс-шараларға қатысады.

Әр жылға арналған тәрбие жоспарында ұлы қазақ және әлем жазушыларының, ақындардың, мәдениет қайраткерлерінің, қоғам қайраткерлерінің және т.б. мерейтойлық және атаулы күндерге орналастырылған іс-шаралар енгізіледі.»



КҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Нравителс әһуагайтбаевна и другим  
m.zhusup.rv1 Республикалық Мәшһүр Жүсіп оқуларының облыстық кезеңінде "Мәшһүр Жүсіп және Ұлы даланың ұлы есімдері" бағыты бойынша 10-сынып оқушысы Орал Гүлден II орынға ие болды. Құттықтаймыз!



"Қаламыздың картасында ақын-жазушылардың есімдері"

## **I. Ұлттық тәрбие**

**Мақсаты:** тұлғаның ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлануы, Ана тілі мен мемлекеттік тілді, Қазақстан Республикасындағы қазақ халқының, этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеу. Тәрбие процесінде рухани жаңғырудың негізі ретінде ұлттық тәрбиеге ерекше назар аударылады. Ұлттық тәрбие шеңберінде Тәрбие жұмысын жоспарлауда келесі бағдарламалар мен тұжырымдамаларға сүйенеді:

- ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру жағдайында Тәрбиелеудің тұжырымдамалық негіздері; онда ұлттың жаңа тарихи кезеңге арналған негізгі мақсаты: рухани және мәдени құндылықтарды сақтау және көбейту, әлемнің дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіру көрсетілген. Бағдарлама осы мақсаттарға жетуге бағытталған бірнеше жобаларды қарастырады.

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

- Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 маусымдағы № 194 бұйрығы.

- Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

- Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұны жаңартылды.

- Ұлттық тәрбие шеңберінде ұлттық құндылықтарды сіңіру мақсатында мектепте білім алушыларға мынадай нысандар бойынша іс-шаралар жүргізіледі:

- "Қазақстанның 100 жаңа есімі" жобасының жеңімпаздары-атақты спортшылармен, ғалымдармен, білім алушылармен кездесулер

-Сыныптағы тәрбие сағаттары, тәрбие іс-шаралары (пікірталас, кеш, дәріс, конкурстар, зияткерлік-танымдық сағаттар, ұлттық ойындар, халықтық қолданбалы өнер көрмелері және т. б.)

- Интеллектуалды ойындар

- Мектептен тыс және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру

- Шығармашылық жобаларды қорғау

- Қоғамдық ұйымдармен байланыс:

- Экскурсиялар;

- Үйірмелер мен секцияларға қатысу;

- Балалар-жасөспірімдер туризмі және өлкетану орталығы ұйымдастырған іс-шараларға қатысу;

- М. М. Катаев атындағы оқушылар сарайының іс-шараларына қатысу.

- Пікірсайыс турнирлері

- Мектеп кітапханасының жұмысы

Наурыз айында дәстүрлі түрде Наурыз мерекесіне арналған ауқымды іс-шара өткізіледі.





#### ***IV отбасылық тәрбие***

**Мақсаты :** ата-аналарды оқыту, ата-аналарды қолдау мақсатында олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру.

Бұл бағытта жыл сайын 4 рет жалпы мектептік ата-аналар жиналысы, әр тоқсанның қорытындысы бойынша сыныптық ата-аналар жиналысы, дөңгелек үстелдер, семинарлар, сондай-ақ Ашық есік күндері өткізіледі. Мектеп атынан белсенді ата-аналар қалалық және мектеп іс-шараларына қатысады, еріктілер жасағын құрады. Қамқоршылық кеңес құрылды, оның қатысуымен оқу кестесі, мектеп асханасының жұмысы және басқа да мәселелер бекітіледі.

#### ***V Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие***

**Мақсаты :** тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасын қалыптастыру, экономикалық ойлау мен экологиялық мәдениетті дамыту.

Осы бағыт шеңберінде қыркүйек-қазан айларында мектеп жанындағы учаскеде оқушылардың да, педагогикалық ұжымның да қатысуымен экологиялық сенбіліктер өткізіледі. Сондай-ақ көктемде аумақты тазарту, көгалдандыру бойынша экологиялық іс-шаралар өтеді. Барлық кезең ішінде мектеп қалалық әлеуметтік мәселелерге белсенді қатысады экологиялық жобалар.

#### ***VI Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие***

**Мақсаты:** тұлғаның жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және шындықтағы эстетикалық формаларды қабылдауға, игеруге және бағалауға дайындығын дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

Осы бағыт аясында түрлі тақырыптық концерттер, флэшмобтар, акциялар, мектеп, қалалық және халықаралық деңгейдегі конкурстарға қатысу өткізіледі. Салтанатты және маңызды күндерге орайластырылған іс-шараларды өткізуге мектептің өзін-өзі басқару, мектеп клубтарының мүшелері белсенді түрде тартылады. Мектепте музыкалық аппаратура, балалар ойнай алатын, бос уақытында оқи алатын аспаптар бар.

#### ***VII Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу***

**Мақсаты:** зияткерлік мүмкіндіктерді, көшбасшылық қасиеттер мен таланттарды, сондай-ақ әрбір тұлғаның ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

Жыл бойы сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері бар оқушылар мұражай сабақтарына барады.

#### ***VIII Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты***

**Мақсаты:** салауатты өмір салты, физикалық даму және психологиялық денсаулық дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай білу дағдыларын ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік құру. Қыркүйек айында дәстүрлі түрде спорттық жарыстар өткізілді. Бастауыш сынып оқушылары арасында "Әкем, анам, мен спорттық отбасымын". "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында, сондай-ақ мектеп құрамасы волейбол мен баскетболдан спорттық жарыстарға белсенді қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ТЖД-мен бірлесіп оқу жылы ішінде барлығы үшін міндетті оқу эвакуациялары және өрт сөндіру бөліміне 10-11 сынып оқушылары үшін оқу экскурсиялары өткізіледі. Мектеп оқушылары қала бойынша түрлі спорт түрлері бойынша лигаларға белсенді қатысады. Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында мамандарды шақыра отырып, денсаулық күндері үнемі өткізіліп

тұрады.кездесулер, темекі шегудің, алкоголь мен есірткі заттарын қолданудың зияны туралы дәрістер мен әңгімелер, АИТВ/ЖИТС, туберкулез, инфекция және басқа да аурулардың алдын алу бойынша ақпараттандыру. мамандарды тарта отырып. Мектептің тәрбие жұмысының негізгі бағыттарының бағдарламасын іске асыру олардың ерекшеліктерін (физикалық, интеллектуалдық, психологиялық) ескере отырып, барлық жас топтары бойынша бір мезгілде жүзеге асырылады.

## **2022-2025 оқу жылдары «Мәшһүр Жүсіп атындағы ЖОМ» КММ іске асырылатын әлеуметтік жобалар**

### **1.Мектептегі "Ашық жүрек" еріктілер отряды жұмысының жобасы**

**Мақсаты:** кіші жастағы оқушыларға көмек көрсету, оқушыларды сыныптан тыс жұмысқа ынталандыру, балаларды қайырымдылық, адамгершілік қабілеттерін іске асыру.

**Қатысушылар :** 1-11 сыныптар

**Жетекші :** Д.Т.Серимбаева

**Нәтижелері:** Жоғары сынып оқушылары бастауыш сынып оқушыларына сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыруға көмектесті.

### **2.«Экоboom» - қала қозғалысы аясындағы жоба.**

**Мақсаты:** қатысушыларда экологиялық сауаттылық пен экологиялық жауапты мінез-құлықты қалыптастыру, экология және жауапты тұтыну саласындағы жобалау қызметінің дағдыларын дамыту, мектептің эко-активін қалыптастыру.

**Жетекші:** Д.Т.Серимбаева

**Қатысушылар:** 1-11 классы

**Нәтижелері:** 1 тоннадан астам макулатура, пластик жиналды, эко-марафондарға белсенді қатысу, ЭКО-сағаттар өткізілді.

### **3. "Зияткер" пікірсайыс клубы**

**Мақсаты:** талантты және бастамашыл жастарды дамыту; қоғамның әлеуметтік-саяси бағдарланған азаматтарын қалыптастыру; клуб мүшелерінің сыни ойлауын, шешендік қабілеттерін, коммуникативтік дағдыларын дамыту; қазақстандық пікірсайыс қозғалысын дамытуға және нығайтуға ықпал ету.

**Жетекшісі:** А.С.Кузембаев

**Қатысушылар:** 9-11 сыныптар

**Нәтижелер:** Қалалық, облыстық турнирдің жеңімпаздары.

### **4. «Оқуға құштар мектеп»**

**Мақсаты:** оқушылардың оқу мәдениетінің деңгейін және олардың оқу белсенділігін арттыру; оқушылар, педагогтар, ата-аналар арасында оқуды танымал ету үшін жағдай жасау.

**Қатысушылар:** 1-11 сыныптар

**Жетекшісі:** Ж.Ж.Мирманова, В.А.Иванова

**Күтілетін нәтиже:** жоба аясында ай сайын кездесулер өткізу, оқушылардың кітап оқуға және шығармашылық талдауға деген қызығушылығын арттыру. Ағымдағы жылы осы жобада жүйелі жұмыс жоспарланған.

## **2022-2024 жылдардағы тәрбие жұмысын іске асырудың сандық көрсеткіші**

р/	Бағыт	2022-2023	2023-2024
1	Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	18	18
2	Рухани адамгершілік	4	10
3	Ұлттық тәрбие	6	7
4	Отбасылық тәрбие	6	7
5	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	10	8
6	Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	9	10
7	Зияткерлік тәрбие, тәрбие	4	5

8	Ақпараттық мәдениет	6	8
	Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру	63	73

### 2022-2024 жылдардағы тәрбие жұмысының жетістіктер бойынша сандық көрсеткіш

Оқу жылы	2022-2023	2023-2024	барлығы
Оқушылар саны	874	895	1769
Халықаралық деңгей	0	2	2
Республикалық деңгей	0	1	1
Жеңімпаздар, жүлдегерлер үлесі халықаралық немесе республикалық спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстар, жарыстар, фестивальдар мен байқаулар	0%	0,1%	0,1%
Қалалық деңгей	70	95	165
Қалалық спорттық, шығармашылық және мәдени байқаулардың, жарыстардың, фестивальдар мен байқаулардың жеңімпаздарының, жүлдегерлерінің үлесі	5,3%	7,2%	6,2%

### Спорт секцияларының, үйірмелер мен клубтардың жұмысы

Спорт секцияларының, үйірмелер мен клубтардың жұмысы мектеп директоры белгілеген және бекіткен кестеге сәйкес қатаң түрде мектептің пәндік кабинеттерінде, спорт залында, мұражайда ұйымдастырылады және өткізіледі. Кесте санитарлық - гигиеналық нормаларды ескере отырып, тарифтік ведомость және сабақ кестесі негізінде жасалған.

#### "Хореография" үйірмесі

Хореографиялық үйірме-би өнері арқылы балаларды эстетикалық тәрбиелеудің кең таралған ұйымдастырушылық формаларының бірі. Хореография сабақтары балалардың шығармашылық қабілеттерін, сұлулық сезімін, музыкалық қабілетін дамытады, физикалық дамуына ықпал етеді. 2022-2023 оқу жылында "Шабыт" үйірмесін Д.А.Шаймарданова (Керибаева) басқарды.

"Шабыт" үйірмесінің 2022-2024 жылғы жұмыс нәтижелері:

- > Қалалық байқау 2-орын Павлодар 2022 ж.
- > 2024 жылғы "Ақ шағала" байқауына қатысу дипломы
- > 2024 жылғы «Жазғы POV - 2024» 2-орын

#### "Қалқан" әскери-патриоттық клубы

Жетекшісі: Б.К.Оразбаев

Үйірме жұмысының негізгі мақсаты:

- оқушылардың әскери-патриоттық тәрбиесін дамыту және насихаттау;
- жасөспірімдерде патриоттық, әскери және құқықтық тәрбиені дамыту;
- азаматтық пен патриотизм сезімін қалыптастыру.

Оқушылардың жетістіктері:

- Мадақтама, Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің 30 жылдығы және Отан қорғаушылар күніне арналған облыстық сап және саптық ән байқауында **1 орынға** ие болғаны үшін - **Шайхеслямұхамбетов Хаким** (Б. Тусупов), 2022 ж.
- Мадақтама, Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің 30 жылдығы және Отан қорғаушылар күніне арналған облыстық сап және саптық ән байқауында **3 орынға** ие болғаны үшін - **Ерубайұлы Батырхан** (Б. Тусупов), 2022 ж.



- Мадақтама, Отан қорғаушылар күніне арналған әскери – қолданбалы спорт түрлері бойынша облыстық эстафетаға қатысқаны үшін № 19 ЖОББМ командасы - **II ДӘРЕЖЕЛІ ДИПЛОМ** (Б. Майкотов), 2022 ж.
- Мадақтама, Қорғаныс спорттық сауықтыру лагерінде білім мен практиканы меңгере отырып, атыс дайындығынан жоғары көрсеткішке ие болғаны үшін - **Темирбеов Темирлан** (А. Маликова) 2022 ж.
- Диплом, Мәншүк Маметованың 100-жылдығына арналған «Қазақтың қаһарман қызы - Мәншүк» қалалық байқауының жеңімпазы М. Жүсіп атындағы мектептің Қалқан командасы – **I ДӘРЕЖЕЛІ ДИПЛОМ** (А. Маликова) 2022 ж.
- Мадақтама, Әскери- спорт ойындары түрінен қалалық білім беру кубогі жарысында саптық дайындық әдістерін жоғарғы деңгейде орындағаны үшін № 19 ЖОББМ командасы –(А. Маликова) 2022 ж.
- Диплом, Қазақстан Республикасының Отан қорғаушылар күніне арналған облыстық сап түзеу және ән байқауында қалалар арасында **I орын** иеленгені үшін Павлода қаласының №1 командасының құрамында өнер көрсеткен Байзақов Ерасыл, 2023ж.
- Диплом, Қазақстан Республикасының Отан қорғаушылар күніне арналған облыстық сап түзеу және ән байқауында қалалар арасында **III орын** иеленгені үшін Павлода қаласының №2 командасының құрамында өнер көрсеткен Қайыржан Әлішер және Төлеуғазы Нұрәлі, 2023ж.
- Грамота, «Ауған ардагерлерінің кубогі» облыстық жарысында «Кедергілер жолағынан өту» сайысында **II орын** иеленгені үшін М.Жүсіп атындағы ЖОББМ командасы, 2023ж.
- Грамота, «Ауған ардагерлерінің кубогі» облыстық жарысында «Кермеде тартылу» сайысында **III орын** иеленгені үшін М.Жүсіп атындағы ЖОББМ командасы, 2023ж
- Мадақтама (Қ. Қыдралин), Қорғаныс спорттық сауықтыру лагерінде білім мен практиканы меңгере отырып, атыс дайындығынан жоғары көрсеткішке ие болғаны үшін - **Оралов Расул**
- Мадақтама (Қ. Қыдралин), Қорғаныс спорттық сауықтыру лагерінде білім мен практиканы меңгере отырып, тактикалық дайындықта жоғары көрсеткішке ие болғаны үшін - **Төлеуғазы Нұрәлі**, 2023ж.
- Мадақтама (Қ. Қыдралин), Қорғаныс спорттық сауықтыру лагерінде білім мен практиканы меңгере отырып, спорттық дайындықта жоғары көрсеткішке ие болғаны үшін - **Арыстанов Санжар**, 2023ж.
- Мадақтама (Қ. Қыдралин), Әскери –қолданбалы спорт түрлері жарысында АК -74 автоматын бұзып-жинауда командалық есепте **III орын** алғаны үшін М. Жүсіп атындағы ЖОББМ командасы, 2023 ж.

### **«Зияткер» пікір-талас клубы**

Пікірсайыс клубының жұмысы қалалық пікірсайыс қозғалысының регламентіне сәйкес құрылады.

Пікірсайыс клубының жетекшісі-тарих пәнінің мұғалімі А.С.Кузембаев

Пікірсайыс-ойынның интеллектуалды түрі, ол ойын түрінде сыни ойлау дағдыларын, ақпаратты ұсыну дағдыларын, шешендік өнерді дамытады.

